Политика невмешательства привела не к снижению роли ислама в жизни казахского общества, а постепенному нарастанию его влияния. Этому в немалой степени способствовало более тесное взаимодействие с оседлым населением в рамках единого государства и возрастание идейного воздействия среднеазиатских мусульманских центров. Особенно возросло влияние своеобразного института внепочетного духовенства, порожденного суфизмом – дервишей и ишанов, вербовавших в казахских кочевьях своих учеников – мюридов.

Несмотря на общую политику невмешательства, имели место попытки выработать систему мер, постепенно снижающих роль ислама, однако эти попытки следует признать малоэффективными. Власти никогда не были способны достаточно однозначно влиять на процесс изменений, который они сами вызвали.

Российская конфессиональная политика объективно способствовала распространению ислама в Казахстане. Именно в тот период, когда казахское общество являлось частью имперской системы, постепенно изменился тот контекст, в котором оно рисовало свой собственный образ. И этот образ включал компонент исламской религиозности. В период нахождения территории Казахстана в составе Российской империи исламская религиозность в менталитете казахов приобретает этнодифференцирующую и этноидентифицирующую функцию, что, по-видимому, можно рассматривать как реакцию на колониальную политику царских властей.

Список использованной литературы:

1. Нуртазина Н.Д. *Ислам в истории средневекового Казахстана (историко-культурологическое исследование)*. Алматы, 2000.
2. Сегизбаев О.А. *Казахская философия XV- начала XX века.* - С.236, 338
3. ПСЗ-1. - Т. XIX.-№ 13996.
4. Арапов Д.Ю. *Система государственного регулирования ислама в Российской империи (последняя треть XVIII - начало XXвв.).* - М., 2004. - С.60
5. ЦГА РК. Ф.338, О.1. Д. 397. Л.1-36
6. Там же. Д. 484, Л.1-25
7. Там же. Д.414. Л.1-222
8. ПСЗРИ-2. Т.31. № 31332
9. Герман. *О киргизцах // Вестник Европы.* 1822.
10. ЦГА РК. Ф. 4. Оп.1. Д. 272. Л.1-37; Д.1342. Л.1-57
11. ЦГА РК., ф.338, д.7, л. 6-7.
12. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.863, 1107, 1898, 2106, 2118, 2668, 2669, 3319а, 3499, 3534
13. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.341. Л.1-6
14. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.2030. Л.1-9
15. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.2469. Л.1-3
16. ЦГА РК. Ф.338. Оп.1. Д.618. Л.1-2
17. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.761, 851, 910, 1249, 1250, 1527, 1533
18. Аубакиров А. *Храмы Каркаралы // Индустриальная Караганда.* 1996. 20 марта
19. ЦГА РК. Ф.338. Оп.1. ДД. 19, 354, 355, 378, 392, 430, 431, 432, 590, 618, 619, 672
20. ЦГА РК. Ф.338. Оп.1. Д.378. Л.1-17
21. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. ДД.1357, 1389, 1475, 2103, 1591, 2351, 2673, 2675, 2676, 2739, 2740, 2795, 2822, 2823, 2854, 2926, 2936, 2940, 2942
22. ЦГА РК. Ф.4. Оп.1. Д.2110. л.7
23. Сулоцкий А. *Киргиз на поклонении святым местам русским и палестинским // Московитянин.* - М. - 1853. - Т.6. - С. 18-26
24. Валиханов Ч.Ч. *О мусульманстве в степи. Собр. соч. в пяти томах.* Т.4 Алма-Ата, 1985. - С. 73
25. РГИА. Ф.1263. Оп.1. Д.2958. Л.25 об.
26. РГИА. Ф.1276. Оп.7. Д.6. Л.3

27. РГИА. Ф.821. Оп.133. Д.545. Л.1-2

28. Кукушкин Н.В. Синкретизм религиозного сознания православных в Казахстане. Рукопись кандидатской диссертации. Алматы. 1996

Мақалада қазақ даласындағы Ресей үкіметінің конфессионалды саясатын тұтастай қарастырудың алғашқы талпынысы орын алған. Зерттеу жұмысының қорытындылары XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы мемлекеттік-конфессионалдық саясаттың негізгі бағыттары жөнінде кешенді көзқарас құрастыруға мүмкіндік береді.

The article represents itself the attempt of integral examination of Russian government confessional policy in Kazakh steppe. The results of the research permit to form a complex representation of main trends of governmental-confessional policy in XVII-the beginning of XX centuries.

ӘОЖ 94(574):925

Сүлейменова Д.Д.-

т.ғ.к., доцент, алаштанушы,

Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ ҰЛДАРЫНЫҢ БІРІ – ИСА ҚАШҚЫНБАЕВ

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік-қоғамдық оқиғалардың ғана емес, сонымен қатар ұрпақ жалғастығының, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам күшін түзейді, бағытын айқындайды. Халқымыз жүріп өткен ұзақ жолдың шежірелі күндеріне көз салсақ, тарих ата жадына тоқыған талай тағылымды істерді көрер едік. Қазақ тарихының осындай белесті асуларының бірі - Алаш қозғалысы. Бүкіл қазақ даласын азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш қайраткерлері ұлтты ұлт ететін талай-талай шаруаны бастағаны, жолға салғаны белгілі.

Сол Алаштың өткен тарихын халқына қайтаратын ақтаңдақ оқиғалардың айқындалатын уақыты жетті. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді, оңы мен солын таныды. Халықаралық деңгейде бай тарихы бар, іргелі мемлекет ретінде таныла бастады десек артық айтқанымыз болмас.

Сондықтан бүгінде еліміздің мемлекеттілігі туралы тарихын қозғау қажеттілік болып табылады.

Бүгінгі егемендігіміздің, тәуелсіздігіміздің 20 жылдық тарихында Алаш атын аспандатқан арыстарымыздың үлесі орасан екендігі дәлелдеуді қажет етпейтіні ақиқат. Олар келер ұрпаққа қиыннан қиып

салған жол салып, еркіндіктің отын өшпестей етіп тұтатып кетті. Бүгінгі тәуелсіздігіміздің іргетасы, бастауы - осы Алаш арыстары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтар, Міржақов Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Иса Қашқынбаев және т.б. Ақ Тумен көтерген тегеурінге бергісіз батыл, мемлекетшіл және отандық идеясы болатын. Алаш қайраткерлері атқарған тарихи міндеттің зор маңызы да осында.

Тарихқа тағзым, өткенге құрмет елге, жерге, Отанға деген құрмет болып табылады. Жымпиты елді-мекенінде Алаш қозғалысының 90 жылдығына арналған саябақ, сонымен қатар, Алаш арыстарына арналған ескерткіш-монумент 2008 жылы Батыс Алашорданың 90 жылдық мерейтойында ашылды.

Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздік мұратына қол жеткізу бақыты біздің ұрпақтың маңдайына бұйырды. Алашордалықтардың ұлы жолдағы арқалаған аманат жүгінің, халқына жасаған қайырымды ісінің жалғастырушысы бүгінгі елдің азаматтары - мына Сіздер мен біздер.

Елбасы Н. Назарбаев ««Алаштың» басты мақсаты - қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті...

Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты бізді ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады» десе, бүгінде біздер тағдыр сыйлаған тәуелсіздігіміздің таңының атқанына жиырма жылдық мерейтойы қарсаңында тұрмыз. Өшкенімізді жағып, жоғалғанымызды тауып, ұмытқанымызды жаңғыртып, тарихымызды түгендеп жатқан жаңару кезеңдерінде кешегі күні тіпті есімдерін еске алуға, аттарын атауға болмайтын Алаштың арыстары ортамызға оралып отыр. Солардың бірі - Алаш қайраткері Қашқынбаев Иса (Ғайса) Тауышұлы. Ол 1891жылдың 15 қыркүйегінде Орал облысы, Ілбішін уезі, Құрайлы болысы, 3-ауылында (қазіргі Ақжайық ауданы) дүниеге келген. Әкесі дәулетті, әрі сауатты кісі болған. Тегі - Байұлына жататын Тана руы. 1903 жылы Қарасу-Шалқар болыстық орыс-қазақ мектебін үздік бітірді. 1903-1910 жылдары Орал реальдық әскери училищесінде оқыды. 1911жылы осы училище жанындағы жоғары оқу орнына түсуге мүмкіндік беретін қосымша класты тәмамдайды. 1912 жылы Орынбор Халық ағарту округінің сынақ комитетінде ер балалар гимназиясының 8 класы көлемінде латын тілінен қанағаттанарлық бағаға емтихан тапсырып, құжаттарын Мәскеу университетінің медицина факультетіне жолдаған. Мәскеу университеті құжатты қабылдаудан бас тартқан соң, сол жылы Қазан университетінің медицина факультетіне оқуға түседі. Ол Орал облыстық земство жиынының стипендиясына оқыған. 1905 жылы студенттік толқуларға қатысты,

татар М.Уахитов, чуваш – мары Н.Никольский, В.Охотников, казак Н.Залиев, Ә.Имамбаевтармен бірге РСДРП ұйымының оқушы ячейкасына кірген. Ол полицияның жасырын бақылауына іліккен. Бірінші дүниежүзілік соғысқа байланысты 4-5 курстарды экстерн бағыты бойынша бітірген.

1917 жылы Ақпан төңкерісінен соң Петроград қаласына келіп, саяси оқиғаларға араласты. Бірінші Бүкілресейлік Мұсылмандар съезі қарсаңында шығыс зиялылары мен саяси қайраткерлерлерінің арасында мұсылман аймақтарының болашақ мемлекеттік құрылымдарының унитарлық (Ресейден бөлінбейтін) және федеративтік түзілімін таңдау жөніндегі айтысына қатысты. Наурыздың ортасында Мұсылман қайырымдылық қоғамында өткен жиында Лутфи Исхаки, Сұлтанбек Мәмлиев сияқты татар зиялыларымен бірге федеративтік құрылымды қолдап сөйлейді. Елде саяси оқиғалардың өрістеуіне орай Орынбор қаласына келіп, 1917 жылы сәуірдің басында өткен Торғай және Орал қазақтарының съездеріне қатысады. 1917 жылы сәуір ортасында өткен Бірінші Орал облыстық қазақ съезінің делегаты. Съезді құттықтауға келген қазақтың оқыған қыздары Меңдікыз Шәпенова мен Қашқынбаевтың зайыбы Жамал Дәулетдин қызы Қашқынбаева бастаған қыз-келіншектер тобын съезден шығарып жіберу жөнінде мәселе көтерген дін иелеріне ол қарсы шықты. Ол осы кезде Түркістан губерниясында қызмет етсе керек, себебі 1917 жылы шілдеде өткен Орынбордағы Бірінші Жалпықазақ съезінде Құрылтай жиналысы депутаттығына кандидат ретінде Мұстафа Шоқай, Ғабдірасул Мәмбеевпен бірге Әмудария бөлімінен есімі аталып, съезге қатысады. Депутаттыққа кандидаттар тізімін жасаған съезд бюросы «Қазақ» газетінің бетінде оған «Жас доктор, жігерлі, білімді, ұлтшыл жігіт» деген мінездеме берген. Ол шамамен 1917 жылдың жазында Орал облыстық земство управасында, халық денсаулығын сақтау бөлімінің меңгерушісі А.Генкенің көмекшісі болып істеді. Земство съезін шақыру жөніндегі Жымпиты уездік ұйымдастыру комитетінің жұмысына қатысты. Осы орайда әкімшілік-аумақтық бөліністі ру жігі бойынша жүргізу көзқарасы салдарынан орын алған қақтығыстар тұсында Киев политехникалық институтының түлегі М.Балтановпен бірге Есенғали Қасаболатов тобына қарсы шықты.

1917 жылы желтоқсанда Орынборда өткен Екінші Жалпықазақ съезінде Уақытша Ұлт Кеңесі (Алашорда) мүшелігіне кандидат (Ұлт Кеңесі мүшесінің орынбасары) болып сайланды. 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде өткен Үшінші Орал облыстық қазақ съезінде салық мәселесі туралы айтыста Жаһанша және Халел Досмұхамедовтар тобын қызу қолдады. Сол жылғы мамырда Жымпитыда өткен Төртінші Орал облыстық қазақ съезінің делегаты, «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметіне» мүше болып сайланады. Облыстық земство

жанындағы үкімет мүшесі ретінде әскери құрама жасақтау, халыққа дәрігерлік, тұрмыстық қызмет көрсету мәселелерімен шұғылданды.

1918 жылғы желтоқсандағы Жымпиты Алаш горнизонының бас көтеруі кезінде өткізілген Батыс Алашорда үкіметі мен облыстық земство басқармасының төтенше мәжілісіне қатысты. Бас көтерулерден соң әскери құрамаларды зиялы топ өкілдері мен ел ішіндегі сыйлы адамдардың балаларынан жасақтау, сапалық тұрғыдан жақсарту шараларын қолдады.

1920 жылы ақпан айының басында Батыс Алашорда тізе бүккеннен кейін оның белсенді үкімет мүшелері арасынан Жаһанша және Халел Досмұхамедовтармен бірге Орынбор арқылы Мәскеуге жөнелтілді. Маусым айында кеңес басшылығына табыс етілген Батыс Алашорда үкіметінің қызметі туралы мәлімдемені әзірлегендердің бірі. Сол жылғы 3 маусымдағы Бүкілодақтық Атқару Комитетінің қаулысымен Иса Қашқынбаев Қазақ әскери революциялық комитетінің қызметіне ұсынылады. Қазақ әскери революциялық комитет бұл ұсынысты негізінен құптағанымен РК (б) П Орталық Комитетінің осы мазмұнды жеделхатына Қазақ РК (б) П Облыстық Комитеті бұл ұсынысқа келісім бермеді. Әсіресе, 1920 жылы 21 маусымдағы мәжілісінде «әлеумет үшін қауіпті» адам ретінде Иса Қашқынбаевты айрықша мінездеменен Заволжье әскери округіне жіберу жөнінде шешім қабылдайды. Алайда Қазақ Халық Ағарту Комиссариатының ара түсуімен сол жылғы тамыз айында осы органның Түркістан Кеңес Республикасындағы уәкілі ретінде Ташкент қаласына жіберілді.

1920 жылы осында Өлкелік мұсылмандардың фельдшерлік мектебін ұйымдастыруға белсене қатысады. 1920 жылдың аяғында Орта Азия мемлекеттік университетінің педагогикалық факультетіне ассистент болып орналасады.

1930 жылы 1 қазанда университет аспиранттары М. Әуезов, Қ. Кемеңгеровпен бірге тұтқындалып, Алматы қаласына айдалды. Осыдан Қазақ КСР Біріккен саяси басқармасы комендатурасының арнаулы түрмесіне 32 қайраткерлермен бірге қамалады.

Иса Қашқынбаев 1930 жылы барлық Алаш қайраткерлерімен бірге тұтқындалған, бірақ Иса Қашқынбаев, Әлиханов және т.б барлығы 18 адам қылмыстық істері жоқтығына байланысты тұтқыннан 1932 жылы сәуірде босатылған. Бұл мәлімет № 06610 Қылмыстық істе былайша көрсетіледі. Хаттама № 111, 1932 жылдың 20 сәуірінде Ж. Ақбаев, М. Әуезов және т.б. 20 адам қылмыстық іске тартылады. Осы қылмыстық істе М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, Д. Әдилев, И. Қашқынбаев, Әлихановтардың істері өтеді. Бірақ осы қылмыстық істердің ішінде И. Қашқынбаев пен Әлихановтың қылмыстық іс-әрекеттері дәлелденбегендіктен, олардың қылмыстық ісі тоқтатылып, тұтқыннан босатылады.

Иса Қашқынбаев 30-шы жылдардың ортасында Ташкенттегі Семашко атындағы Функционалдық диагностика институтында бөлім меңгерушісі болды. 1938 жылы 23 сәуірде Өзбек КСР Мемлекеттік Қауіпсіздік басқармасы тарапынан ұсталып, «халықаралық буржуазияның реакциялық бөлігіне көмек көрсетті», «контрреволюциялық ұйымға қатысты» деген айыппен қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Өзбек КСР ІХК-ның 1939 жылғы 1 желтоқсандағы қаулысымен қылмысы дәлелденбеу себепті Иса Қашқынбаев қамаудан босатылған. Бұдан кейінгі тағдыры белгісіз. Иса Қашқынбаевтың кейінгі кезеңдердегі тағдырын анықтау үшін әлі де ізденіс жұмыстарын жүргізу қажет.

Иса Қашқынбаев - Батыс Алашорда қайраткері, алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі.

Тәуелсіздікті құрметтеу, тәуелсіз елдің азаматы бола білу - оның қасиеті мен қадірін түсінудің айқын жолы. Өз халқының жүріп өткенін білуге, құрметтеуге барып тірелетініне сөз жоқ.

Қаншама бабаларымыз бостандық жолында күреске шығып, «ұлтшыл, халық жауы» атанды.

Дәл осыдан 90 жыл бұрын еркіндікті, бостандықты аңсаған ата-бабаларымыз «Алаш» деп бар қазаққа ұран тастады. Сол тайғанақты тар жол, тайғақ кешуде өз өмірлерін, қасиетті жолда бастарын құрбандыққа шалды.

XX ғасыр басындағы ұлтымыздың алыптарының қазақ әлеміне шоқ жұлдыздардай жарқырап шығуы елдегі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тығыз байланысты болатын.

Олардың көксеген армандары XX ғасырдың басында бой көтерсе, осы ғасырдың аяғында орындалды.

Биылғы жылы 15 қыркүйекте Алаштың ардақты ұлдарының бірі - Иса Қашқынбаевтың туылғанына 120 жыл толмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында», А., 1998 ж.
2. ҚРҰҚКМ № 06610 құжат.
3. Әлжанов, А. Шокин, Ә. Досаханов Алғашқы қазақ дәрігерлері. А, 1984ж.
4. Михайлова С. Казанский университет в духовной культуре народов Востока России, Казан, 1991.
5. Әнес Ғ., Тәж-Мұрат М. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы, Алматы «Арыс» баспасы, Алматы, 2002.
6. М. Тәж-Мұрат. Батыс Алаш-Орда. Ақтөбе, 2003.
7. Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет Алаш қозғалысы, Руханият, 2008.
8. Сүлейменова Д. Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұхамедов. Орал, 2010.

В статье говорится о Исе Кашикынбаеве и истории движений Западной Алаш-Орды (1917-1918 гг.). О движении Алаш - одной из составных частей непрерывной национально-освободительной борьбы казахского народа против колониальной политики России.

*Isa Kashkinbaev and history of Western part of Alash –Orda.
Morement Alash is ohe of the components of uninterrupted national stzuggle of liberation of Kazakh people against the colonial policy of Russia.*

ӘОЖ 069.271

*Ахмет А.Қ.- т.ғ.к., доцент,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МҰРАҒАТТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ ТУРАЛЫ

Мұрағаттарда құжаттарды сақтау және ондағы тарихи құнды материалдарды тиімді пайдалану үшін мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын нығайтпайынша жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан да Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ 1918 жылдың 26 сәуірінде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен Халық Ағарту Комиссариатына ел көлеміндегі мұрағаттарды сақтау мақсатында 200 000 рубль қаржы бөлінді [1, с. 40]. 1925 жылы Өлкелік мұрағат Қызылордаға көшірілер тұста мұрағаттың ішкі жұмыстарына, яғни кеңсе тауарлары, машинкалар, столдар мен орындықтар алу үшін қаражат сұратқанымен қаржының тапшылығы қол байлау болды [2, л.187]. 1920 жылдың соңында үкімет тарапынан облыстық және округтік мұрағаттарға типтік жобадағы сыйымдылығы 180 мың, 320 мың және 820 мың бірлік іс сақтайтын мұрағат қоймаларын салу жоспарланды [3, л. 2-3]. Осындай игі іс-шаралар республика аумағында да қолға алынды. 1930 жылдың 21 маусымында Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі мәжілісінде Алматы қаласында Орталық мұрағатқа ғимарат салу жөнінде мәселе қаралған [4, 20 п.]. Көтерілген мәселе жөнінде мұрағат меңгерушісі Н.Я. Болотников баяндама жасады. Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесі мұрағат ісіндегі қалыптасқан қиын жағдайды саралай келіп, 1930-1931 жылы мұрағат ғимаратын салу жоспарланып, соған сәйкес шешім қабылдады. Ғимаратты салу шығынының сметасы да жасақталды. Бірақ мұрағат ғимаратын салу қаражаттың жоқтығынан кейінге қалдырылды. Мұрағат мекемелері орналасқан ғимараттарынан көшіру әрекеті Алматы және Орал қалаларында байқалды. 1934 жылдың желтоқсан айында Ақтөбедегі мұрағат орналасқан үйдің темір шатыры қалалық

коммуналдық шаруашылық бөлімі тарапынан алынып тасталды. Шатырдың мұрағат үйі төбесінен алынып тасталуы туралы мәселе Қазақ АКСР ОАК-нің Президиумында қаралуға дейін жетті [5, 3 п.]. Бұл барып тұрған бассыздық әрекет еді. Қазақ КСР Орталық Атқару Комитетінің 1937 жылғы 29 желтоқсан № 121 сандағы «Қазақ КСР-дағы мұрағат ісінің жағдайы» атты қаулысында Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитетіне Алматыда мұрағат ғимаратының жобасын жасақтау мақсатында 50000 рубль қаражат бөлуге және Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінің күн тәртібіне қарауға ұсыныс беруге қаулы етеді [6, 3 п.]. Өкінішке орай халқымыздың тарихи беттерінің қайталанбас мұраларын сақтайтын ғимаратты салу жоспары кейінге қалады. Оның басты себептерінің бірі, 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық бағытын соғыс жағдайына бейімдеуге мәжбүрледі. Мұрағат ғимараттарын салу соғыс жылдарында кейінге қалдырылды. Көптеген мұрағат органдарында талапқа сай үй-жайлар болмаса да республика мұрағаттарындағы құжаттарға жүргізілетін мұрағаттық-техникалық жұмыстар 1939 жылдары жолға қойыла бастады. Құжаттарды мұрағаттық қорлар мен құжаттардың тарихи, ғылыми, әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени маңызын анықтау жұмыстарын Орталық мұрағаттың ғылыми қызметкерлері Л. Леонова, Г. Шорина, Г. Муратова, т.б. жүргізсе, түпнұсқа құжаттарға өңдеу жұмыстарын техникалық қызметкерлер Зотова, Лукашенко, Казарецкая, Бехмеев, қор тақырыптарын жазумен Комаров, Новиков, Яковлев, М. Зубакова айналысты [7, 5-7 пп.].

Орталық мемлекеттік тарихи мұрағаты, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағаттары лайықталған ғимараттарда орналасса, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Гурьев, Қостанай, Павлодар облыстық мұрағаттары дымқыл, жарығы жоқ, кейбірі пешпен жылытылатын ғимараттарға орналасты. Алматы қаласы мен Алматы облысының мұрағаттары ғимараттарының жоқтығынан Орталық мұрағатқа орналасты [8,12п.]. Республикадағы көптеген мұрағаттардың жай-күйі өте нашар күйде болғандығын 1940 жылдың 20 сәуірінде Гурьев облысы мемлекеттік мұрағатының жайы туралы жасалған актіде көрсетілгендей, құжаттарды сақтау мүмкіндігі жоқтығын растайды [9, 31 п.].

Қазақстанда мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын жақсарту шараларын жүзеге асыру үшін заман талабына сай, лайықты ғимараттар салу қажеттілігі туындады. 1940 жылы Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі Орталық мұрағат ғимаратын салу мақсатында қаражат бөлуді қарастырды. Бірақ қаражат бөлуді 1941 жылдың еншісіне қалдырды. 1941 жылдары соғыс жүріп жатуына байланысты құрылыс жұмыстарын салу уақытша тоқтатылды. Мұрағат

басқармасының бастығы Н.Н. Фёдоровтың 1954 жылдың 9 желтоқсанында осы құрылыс туралы жазған анықтамасында жан-жақты баяндалады.

1945 жылдың 15 маусымында Қазақ КСР ХКК-нің № 404-73С шешімімен Орталық мұрағат ғимаратының құрылысын салуға рұқсат берді. Қазан айында Мұрағат басқармасы Ішкі істер министрлігінің құрылыс бөлімімен келісім-шартқа отырды.

1946 жылдың ақпан айында Алматы қалалық кеңесі болашақ салынатын құрылысқа жер беріп, ал сәуір айында КСРО Ішкі Істер министрлігінің мұрағат Бас басқармасы 4,5 млн. рубль тұратын құрылыс жобасын бекітті. Салынатын құрылыс жоспар бойынша 1949 жылдың 1 қарашасында аяқталуы тиіс болды. Құрылыстың басталуы өкінішке орай ұзаққа созылды [10, 59-64 pp.]. Құрылыс жұмысы тек 1962 жылы аяқталды.

1951 жылдың 26 қаңтарында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің № 48-р жарлығында Орталық мемлекеттік мұрағатының құрылысына 10405,33 мың рубль қаражатты бөліп және бекітті [11, 196 п.]. Жаңа ғимараттың жуық уақытта салынбайтындығы, оның құрылысының ұзаққа созылып кетуіне байланысты 1954 жылдың 29 қыркүйегінде Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары М. Бейсебаев КСРО Ішкі істер министрі, генерал-полковник С.Н. Кругловқа жазған № 31-3 қатынас қағазында Орталық мемлекеттік мұрағаттардың жағдайында болашақта құжаттарды мемлекеттік сақтауға қабылдау мүмкіндігінің жоқтығы, толымдылығы жүз пайыздан асып, белгіленген нормадан шамадан тыс көптігін жаза келіп, жаңа ғимараттың салынуына 5 млн. рубльге дейін қаражат бөлу шараларының қолға алынып, соның 620 мың рублі 1955 жылға бөлінгенін, Алматы қаласында құрылыс жүргізетін мекеменің жоқтығын ескерте отырып, Алматыда орналасқан КСРО ІІМ-нің шекара әскерінің әскери-құрылыс бөліміне жүктеуді сұрайды. М. Бейсебаевқа жазған жауабында министрдің орынбасары Никифоров жұмыс күшінің жетіспеуі мен қосалқы өнеркәсіптің жоқтығынан әскерилердің құрылыс жүргізу мүмкіндігінің шектеулі екендігін хабарлай отырып, жұмысты атқара алмайтындығын жазады [11, 56-57 pp.].

1957 жылы Алматыда Орталық мұрағаттың жаңа ғимаратын салу мақсатында арнайы республика ІІМ-нің 21 қарашадағы № 318 бұйрығы шықты [12, 3 п.]. Қазақ КСР-ында облыстық мемлекеттік мұрағаттарды ғимараттармен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінде өткір тұрды. Көптеген облыстардағы мемлекеттік мұрағаттар өте тар, іші салқын, құжаттар сақтайтын қоймалардың ылғалдылық температурасы сай келмейтін, пешпен жылытылатын, жұмыс жасауға қолайсыз, талапқа сай емес үй-жайларда орналасты. Орталық және облыстық мемлекеттік мұрағаттарда құжаттарды сақтау белгіленген нормадан, шамадан тыс көп болды. Осы жағдайлардың барлығын ескере келіп заман талабына

сай мұрағат ғимараттарын салу үкімет тарапынан жоспарланды. 150-210 мың, 220-320 мың, 600 мың, 800 мың және 1200 мың бірлік істі сақтайтын облыстық мемлекеттік мұрағат ғимараттарының типтік жобасы жасақталды. Соғыстан кейінгі жылдары Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағаттарға ғимараттар салу мақсатында 1947 жылы 500 мың сом қаражат бөлінгенімен, Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті тарапынан жоспарға енгізілмеуіне байланысты бөлінген қаражат қайтарып алынды [12, 34 п.]. Ұлы Отан соғысынан кейінгі ауыр жылдарда Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстарының мемлекеттік мұрағаттары мұрағатқа сай жаңа ғимаратқа орналасты. Көкшетау облысы мемлекеттік мұрағаты ұзақ жылғы қиыншылықтан кейін өз алдына ғимаратқа ие болса, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облысы мұрағаттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ал Талдықорған, Павлодар, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының мемлекеттік мұрағат ғимараттары жай жөндеуден өткізілді. Қазақ КСР Ішкі істер министрі Ш. Қабылбаев 1955 жылдың 3 наурызында Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы П.К.Пономаренкоға жазған хатында республикадағы мұрағаттардың жағдайы нашар екендігін жаза отырып, Орталық партия комитеті мен Министрлер Кеңесінің жаңа салынған Үкімет үйіне көшуіне байланысты, Орталық мемлекеттік мұрағатқа босаған ғимаратты беруді сұраған [11, 65-66 ш.]. Бірақ сұраныс қанағаттандырылмады.

1960 жылдардан кейін 400 мың, 800 мың, 1500 мың бірлік істі сақтайтын типтік жобадағы ғимараттар салу жүзеге аса бастады. Сол жылдары жаңадан салынған мұрағат қоймаларының көлемін ұлғайту мақсатында резерв жерлерде қарастырылды. Республика көлемінде 1960 жылы Шымкент қаласында Оңтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік мұрағатының, 1962 жылы Алматыда Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұрағатының, 1964 жылы Павлодар және Ақтөбе облыстарының мемлекеттік мұрағаты, 1965 жылы Гурьев облысының мемлекеттік мұрағаты және 1966 жылы Қарағанды облысы мемлекеттік мұрағаты ғимараттары іске қосылды. 1967 жылы КСРО үкіметі мұрағаттардың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 11 миллион рубль қаражат бөлді. Кейінгі жылдары 1970-1977 жылдары аралығында Солтүстік Қазақстан, Қостанай Маңғышлақ, Целиноград және Қызылорда облыстары мемлекеттік мұрағаттарының ғимараттары салынып пайдалануға берілді [13, с. 56-62].

1976 жылдың 31 наурызында республика мұрағат Бас басқармасының бастығы Б.Р.Рамазановадан Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Д.А.Қонаевқа республика мұрағаттарының мұқтаждықтары туралы хаты жолданды. Хатта республика мұрағаттарының қорында 4 млн-нан астам құжаттардың

жинақталғанын, 12 мың мекеме, ұйым және кәсіпорындар жыл сайын мемлекеттік сақтауға 180-200 мың бірлік іс, 5 мың фотоқұжат, 160 мың метр кинотаспа деректер тапсырылатындығы баяндалды. Осыған орай мұрағаттардың материалдық-техникалық жабдықталуы заман талабына сай емес, төмен жағдайда екендігін хабарлай отырып, оның шешу жолдарын былайша ұсынады:

- 450-500 мың рубль қаражатты қажет ететін жаңадан Орталық кинофотофоно және дыбыс жазу мемлекеттік мұрағатына жаңа ғимарат салу;

- Алматы облысы мемлекеттік мұрағатына басқа жерге көшіру немесе жаңа ғимарат салу;

- Орталық кинофотофоно және дыбыс жазу мемлекеттік мұрағаты қорындағы сақталудағы 260 мың метр киноқұжаттар жанғыш негізде болғандықтан, оларды жанбайтын негізге көшірмелеу жұмыстарын 4-5 жылдың айналасында «Қазақфильм» киностудиясында жүзеге асыру.

Бұл киноленталар халқымыздың өткен тарихының 1921-1960 жылдар аралығындағы оқиғаларын қамтитын тарихи аса бағалы, құнды материалдар еді.

- Республикадағы барлық мұрағаттарда сақталған қайталанбас мұрағаттық құжаттардың сақтандыру қоры үшін арнайы түрде географиялық, климаттық жағдайы сәйкес келетін Көкшетау облысы аумағына жобалық құны шамамен 500 мың рубль тұратын ғимарат салу;

- Алматы, Орал, Жезқазған, Талдықорған облыстары мемлекеттік мұрағаттарының және мемлекеттік мұрағаттардың 20-дан астам филиалдары ғимараттары құжаттарды сақтау үшін жарамсыз, сондықтан да жоғарыда аталған 4 облысқа және 6 филиалға (Алексеевск, Сарқанд, Урицкий, Фурманов, Шар, Шу) ғимарат салуды алдағы бесжылдық жоспарына енгізу;

- Орталық және облыстық мұрағаттар мен олардың филиалдарының қорларында сия және қарындашпен жазылған 10 млн. астам парақ құжаттар сақталған. Бұл Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жазылған құжаттар республика тарихының жылнамалары болып табылады. Осы құжаттардың өшіп бара жатқан мәтіндерін қайта қалпына келтіру мақсатында кейбір одақтас республикалар мұрағаттарында ағылшындық «Ксерокс-100» электрографикалық аппарат қолданылады. Көрсетілген аппарат орталық мұрағатта жоқ болуына байланысты алдырту;

- Мұрағаттағы жүргізілетін есепке алу, тізімдеме, тақырыптық, ғылыми-анықтамалық аппаратты жасақтау, т.б. жұмыстарды атқару үшін мемлекеттік мұрағаттар жылына 100-110 мың дана әртүрлі бланкілер, үлгілер қажет етті. Осыған байланысты «Раймайор-312»

ротопринттің қажеттілігінің туындауына орай, аппарат алу мәселелерін қойды [14, 1-3 пп.].

Бұл көтерілген республикадағы мұрағат ісіндегі материалдық-техникалық базаны жақсарту туралы ұсыныстар Орталық Комитетінің Бюросында арнайы қаралды. Республика мұрағат Бас басқармасына Орталық комитетінің хатшысы С.Имашев, Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы С. Тәкежанов, Қаржы министрі Р.Байсейітов қол қойған жауап хат 5 мамыр күні жіберілді [15, 3 п.].

Көрсетілген ұсыныстарда 1977-1978 жылдары жүзеге асыру шараларының жасақталатындығын қатерге бере отырып, техникалық құралдарды алуға қаражат бөлініп, болашақта алынатынын назарға береді. Осы ұсыныстардың нәтижесінде республика мұрағаттарының материалдық-техникалық базасына көңіл бөліне бастады. Әсіресе киноқұжаттардың сақтандыру көшірмелері жүзеге асқандығын мұрағат ісінің ардагері, қоғам қайраткері Б.Р.Рамазанова өз естелігінде атап өтеді [16].

Республика мұрағаттарында өрт қауіпсіздігі шаралары жоспарлы түрде жүргізілді. Барлық мемлекеттік мұрағаттар ОУ-2, ОУ-5, ОУ-8 сияқты өрт сөндіру құралдарымен жабдықталды. Дегенмен де тексерістердің нәтижесінде кемшіліктер де анықталып отырды. Мысалы Орталық мемлекеттік мұрағаттардағы қоймалардағы өрт қауіпсіздігін бұзу анықталды. Әсіресе электр желілерінің дұрыс жүргізілмеуі және өртке қарсы қалқандардың дұрыс жабдықталмауы сияқты өрт қауіпсіздігін сақтау ережелерін бұзу фактілері кездесіп отырды [17, 3-4 пп.]. 1981 жылы Министрлер Кеңесі жанындағы Мұрағат Бас басқармасы мен облыстық атқару комитеттері жанындағы мұрағат бөлімдері тарапынан мемлекеттік мұрағаттардың материалдық-техникалық базаларын жақсарту шараларын қолға алды. Облыстық мұрағаттарға 7 жазу машинасы, 25 дана есептеуші машиналары, 10 темір шкафтар, 50 жұмыс столдары және басқа да мебельдер алу үшін жалпы көлемі 27 мың рубль, фотоаппараттар алуға 1400 рубль қаражат жұмсалды. ЕрАЗ-762 маркалы 2 автокөлік Гурьев және Орал облысы атқару комитеті жанындағы мұрағат бөлімдеріне берілді. Мұрағат Басқармасының әкімшілік ғимаратына 40 мың рубльге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді [18, 31 п.].

1986 жылы мұрағаттарға негізінен металл шкафтар, сейфтер, әмбебап мұрағаттық стеллаждар, мұрағат қоймаларындағы құжаттардың физикалық-химиялық қасиеттерін ескере отырып, климаттық режимдерді анықтайтын термограф М-16Н, гигрограф М-21АН, ауаның ылғалдығын реттейтін «Кемфорт» аппаратын, құжаттардың шаңын тазалау үшін «ПИП-4000», «ПИ-600» маркалы, «Уралец» тұрмыстық шаңсорғыштар, оқу залына «Микрофон 5 ПО», электрофотографиялық аппараттар, құжаттарды қайта өңдеу, мұқабалау, «ЗБК-7» түптеу машиналары және 2 «ТПШ-5С» маркалы

тігу машиналары алынды. Шағын фильмдерді қарау үшін УДМ-2, «Электрофильм» оқу-көшіру аппараттары және «Электрофот» көшірме аппараттары, «Ятрань» басу машинкалары, «Электроника» есептеу аппараттары алынды [15, 11-13 пп.].

Мемлекеттік мұрағаттар мен зертханаларға 4 дана шетелдік автоматтандырылған картотекалық жинақтау аппараты, 10 арнайы картотекаға арналған шкаф, стеллаждар, 25 «Микрат» оқу аппараттары, мебельдер (стол, орындық, шкаф) және облыстық мұрағаттарға құны 76,8 мың рубль тұратын 3 автокөлік сатып алынды [18, 28 п.].

1986-1990 жылдары әмбебап стеллаждар, металл стеллаждар, шкафтар, «Л-100» оқу аппараттары, Р-120 «Пентакта» оқу-көшіру аппараттары, «РИКО 5070» көшіру аппараты, дыбыс монтаждау үстелдері, фото үлкейткіштер алынды [19, 17-18 пп.]. Осы жылдары ЕрАЗ-762 автокөлігі Шымкент және Целиноград облыстары мұрағаттарына, УАЗ-452 Д Мұрағат Бас басқармасына алдырылды. Қызылорда, Семей облыстары мұрағаттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді [20, 24 п.]. 1989 жылы мұрағат Бас басқармасының бастығы С.Б.Байжановтың есебінде республика мұрағаттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуда көптеген оқу аппараттары, көшірме және көшіру техникаларын, шағын фильмдерді сақтайтын темір шкафтар, картон, перфокарта қағаздары, фототехникалық үлдірлер (пленка), т.б. жетіспеушілігінен жоспарланған жұмыстардың жүзеге аспау қаупі барлығын жазады [21, 16 п.]. Жергілікті қамтамасыз ету мекемелерінің мүмкіншілігінің шектеулі болғандығы да белгілі.

Тәуелсіздік қарсаңында республика мұрағаттарының материалдық-техникалық жағдайы қиыншылықтарға кездесті. Орталық мемлекеттік мұрағаттар, Алматы қаласы мен 9 облыстық мұрағаттар мен кейбір филиалдарының сыйымдылығы ережеде көрсетілген шамадан тыс артты.

Орталық мемлекеттік кинофотофоно және дыбыс жазу мұрағаты, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан облыстарының мемлекеттік мұрағаттарының және Урицкий филиалының (Қостанай облысы) ғимараттарын салу жоспары жүзеге аспады. 1990 жылдың қарсаңында Қазақстандағы мұрағат мекемелерінің материалдық-техникалық базасын мұрағат ісіне аса қажетті техникалық құралдармен қамтамасыз ету үкімет тарапынан бөлінген қаражаттың тапшылығынан жүзеге аспады.

Тарихтың ғылыми дәлелі деректік қорда, мұрағат қазынасында, сондықтан да республикадағы мемлекеттік мұрағат қорын халық шаруашылығының барлық саласында кеңінен пайдалану жанданды, мұрағаттардың археографиялық қызметінің қажеттілігі арта түсті. Осы аталғандардың нәтижесінде мұрағат маман кадрларының өсуі және

техникалық-материалдық базасы жетілдірілді. Дегенмен де кеңестік кезеңде мұрағат құрылысының қалыптасуы, дамуы жүзеге асып, белгілі бір дәрежеде тарихи тәжірибе жүзеге асқанымен, барлығы бірдей мұрағат құрылысы тарихындағы күрделі мәселелер шешімін тапты деу қиын. Зерттеу кезеңінде мұрағат қорын пайдалану, оның археографиялық қызметі қалыптасқанымен ұлттық маман кадрларды дайындауға жеткілікті көңіл бөлінбеді. Соған қарамастан Қазақстан тәуелсіздігі қарсаңында еліміздің мұрағат құрылысындағы кеңестік кезеңдегі атқарылған істердің тарихы зерттеушілер үшін маңызды болғандығын атап өтеміз. Осы кезеңдегі атқарылған қыруар жұмыстар арқылы бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның мұрағат ісінің дамуының үлкен белесі болды. Алда жаңа талаптармен әлемдік сахнаға шыққан қазақ елінің мұрағат құрылысының жаңа кезеңі келе жатты. Жаңа кезең, сөз жоқ, бай іс-тәжірибені кеңестік кезеңнен алды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ильин И.Я., Степаненко А.Л. Развитие материально-технической базы государственных архивов СССР // Советские архивы. -1968. - № 3. - 98 с.
- 2 ГАОрО, Ф.186, Оп.1, Д.9.
- 3 ГА РФ, Ф.5325, Оп.2, Д.240.
- 4 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 171-іс.
- 5 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 2991-іс.
- 6 ҚРОММ, 195-қор, 1-тізбе, 70-іс.
- 7 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 428-іс.
- 8 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 1040-іс.
- 9 ҚРОММ, 1137-қор, 3-тізбе, 103-іс.
- 10 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 1737-іс.
- 11 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 1734-іс.
- 12 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 1968-іс.
- 13 Казакевич К.М. Строительство архивных зданий // Советские архивы. - 1967. - № 5. - 98 с.
- 14 ҚРОММ, 997-қор, 1-тізбе, 45-іс.
- 15 ҚРОММ, 544 -қор, 1-тізбе, 3692-іс.
- 16 Б.Р.Рамазанованың естеліктері. №1 дәптер. -2009. -25 қараша.
- 17 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 366-іс.
- 18 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 3358-іс.
- 19 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 3422-іс.
- 20 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 3284-іс.
- 21 ҚРОММ, 544-қор, 1-тізбе, 388-іс.

В статье говорится о материально-технической базе республиканских архивов.

ӘОЖ 94(574)

*Исенов Ө.И. - т.ғ.к., доцент,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты*

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «ТАРХАН» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

Тарихы көне түркі дәуірлеріне бойлайтын әлеуметтік институттың бірі – тархандар институты. «Тархан» сөзінің этимологиясы мен терминдік мағынасы және осы лауазымды иеленген тархандардың қоғамдағы әлеуметтік орны, олардың құқығы қандай болды деген сауалдарға жауап беру халқымыздың сан қатпарлы тарихының қыр-сырына тереңірек үңілуге жол ашады.

«Тархан» сөзінің этимологиясы мен терминдік мағынасын және осы лауазымды иеленген әлеуметтік топтар жайында түркі жұрты туралы жазылған тарихи-этнографиялық, лингвистикалық еңбектерде түрлі деңгейде сипатталған. Дей тұрсақ та, «тархан» сөзінің шығу төркіні туралы бүгінгі күнде бірауызды кесіліп-пішілген тұжырымды пікір жоқ. Тіпті, бұл атаудың тегі Еуразия құрлығындағы тілдердің қай тобына жататыны да толық анықталмаған. Өткен ғасырдың 60 жылдардағы кеңес тарихы мектебінде «тархан» сөзі үндіеуропалық тілдер тобынан, атап айтқанда, иран тілінен түркілерге ауысқан деген пікірлер айтыла бастады. Мысалы, осетин ғалымы В.И.Абаев скиф тайпаларының тілінде «сот, төреші» деген мағына беретін тархан сөзінен этрустік «тархан», латын тіліндегі «тарквиниус», соғдыдағы «тархун» тараған деген пікір айтқан болатын [1, с.19.]. Бұл пікір кейін Ресей тарихшылары тарапынан қолдау тапты. Олар иран тіліндегі «тархан, баһадүр» терминдерінің тегін скиф тайпаларының тілінен шығара келіп, одан түркілерге, түркілерден шығыс славяндарға ауысқан деп санайды [2, с. 54.]. Бұл тұста скиф тайпаларының түркі тілдес екендігі жайлы пікірлер айтылып жүргенін ерекше атап өтуге болады [3, с. 43-48.]. Кейбір зерттеушілер түркі тілдес елдердің парсы тілінде «тұран» деп аталуы тархан сөзінің дыбысталуына аса жақын, «ел, мемлекет» деген мағына беретін «торган» (торкан, тархан) сөзінен ауысқан деген ғылыми болжам жасайды [4, с.58.]. «Тархан» атауына қатысты тілдік деректер мен куәгерлікке жүретін айғақтар түркі тілдерінде молынан сақталған. Бұл айғақтардың бастауы VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанатына тіреледі. Онда «тархан» сөзі әлеуметтік топтарға, оның ішінде әскери қызметтегі кісілерге қатысты қолданылатын термин екендігі байқалады. Бұл түркі қағанатының тарихи-мәдени ескерткіші Орхон-Енисей руникалық жазбаларында көрініс тапқан. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тобының ішінде ең көне үлгісіне жататын Құтлығ қағанға қойылған (Онгин) ескерткішінде [5, 11 б.], «Қапаған Елтеріс қаған еліңе қылынтым. Ел етміс Иабғу

Есбара тамған чор білге Есбара тамған тархан йумғылығ бес йетміс ечім атым...» [5, 21 б.] деген жолдар кездеседі. Бұл жолдарда «тархан» – кісі есіміне (Есбара (Ышбара) қосақталған атау. Түркітанушылар Есбара (Ышбара) тарханды Елтіріс қағанның нөкері болған кісі деп есептейді [6, 252 б.].

«Тархан» атауының әскери лауазым ретіндегі терминдік мағынасы және олардың тақ жанындағы билік лауазымына қатысты орны «Күлтегін», «Білге қаған» жазба ескерткішінде біршама анық көрінеді. Жырда: «Тәңірі тек Тәңірде болған түрік Білге қаған // бұ шаққа отырдым сап сөзімді түгел есіт // ұласу іншектерім ұлым // біріккен оқ-уысым бүтін халкым // бергі (оң қол) шад апыт бектер // арғы (сол қол) тархан бұйрық бектер» [6, 78-100 б.] деген жолдар бар. Көне жазу тархандық лауазым хан тарапынан берілетіндігін де айқындайды

Түркі дәуірінде тархандық лауазымның өзі іштей «апа тархан» [6, 99 б.], «бойла баға тархан» деген бірнеше сатыға бөлінген. «Бойла баға тархан» бас қолбасшы, яғни әскери қолбасшы шеніндегі армия генералы шенін, ал «апа тархан» жорық жолындағы қолбасшы дегенді білдіреді [7, 10-12 бб.].

«Бойла» сөзінің ұғымының шығу тегі ғұндар дәуіріне баратын, «шен, жоғары атақ», «мемлекеттік алқа мүшесі, атақ дәреже» сөздерінің мағынасына саяды [8, 205-207 бб.]. Білге қаған мен Күлтегіннің ақыл кеңесшісі болған Тоныкөктің «бойла баға» деген тархандық әскери-билік лауазымы болған. Түркітанушы Н.Базылхан бұл атақтың мағынасы барлық түркілік ру-тайпалық, этностық одақтарының билік иелерінің тарханы, яғни қаған жанындағы 9 тарханның әміршісі дегенді білдіреді деп пайымдайды [6, 111 б.]. Тоғыз санына негізделген символдық нышандар түркі-моңғол халықтарының саяси билік жүйесінде ұзақ уақыт сақталып келді. Мысалы, XIII ғасырда моңғол империясын құрған Шыңғысты ру-тайпа көсемдері қаған сайлаған уақытта тоғыз тұғырлы ту көтеріледі [6, 90 б.].

Көне түркі жазбасындағы Тоныкөктің «түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым, қызыл қанымды төктім, қара терімді жүгірттім» [6, 117 б.] деуі оның тархандық дәрежедегі қолбасшылық, кеңесшілік қызметіне сай. Түркі қағанатында негізінен дүниеден өткен билеуші кісілердің құрметіне қойылатын бітіктас орнату дәстүрі кейбір тархандарға да қолданылған. Оған мысал ретінде Тоныкөктің және қаған жанында алтын таңбалы мөрді ұстаушы белгісіз тарханға қойылған «Алтын тамған тархан» ескерткішін атауға болады [6, 124 б.]. Сонымен қатар, руникалық жазбалардың дерегі тархандардың бұйрық беруші қызметтері де болғанын көрсетеді. Мысалы, көне жазбалардағы «Я-огя-бюрюк (бұйрықшы, бұйрықты) бақытты тәңірі-тарханмын» дейтін жолдар «аға бұйрық» деген мағынаны береді [9, с. 214].

Тархандар Шығыс түркі қағанатында жоғары шенді шенеуніктер қатарына саналған. Қытай дерегінде кейбір тархандардың уақытша ел билегені жөнінде де айтылады [10, с.277.]. Бұл деректер Түркі қағанатының әскери және билік жүйесінде тархандардың орны ерекше болғандығын білдіреді.

Тархандардың ерекше статусы Хазар қағанатындағы тархандар институтынан да байқалады. Онда тархандар әскери қызметпен қатар хан билігінің өкілі ретінде жергілікті жерге билік жүргізіп, алым-салықтарды жинайтын [11, с.410.], билік етуші жоғары топтың өкіліне кіретін ірі әскери қолбасшының, бектің қатарына жататын әлеуметтік топ өкілін құрайды [12, с.143.].

X ғасырдың басындағы оғыздарда тархандар ордада қызмет жасайтын ірі, сыйлы лауазым иелері болса [13, с.65.] XII ғасырдағы Дешті-Қыпшақта олар ақсүйектер санатына кірген. Еділ бұлғарларында тархандар хандықты құрайтын түрлі өлкелердің басшылары ретінде белгілі болған [14, с.91.]. Махмұд Қашқаридің атақты «Диуани лұғат-ат түрік» еңбегінде де «тархан» жекелеген өлкенің билеушісі «бек» (Арғуша) мағынасында беріледі [15, 494 б.]. Мәселен, ортағасырлық тархандық институттың саяси сипатын анықтауға мүмкіндік беретін деректер де бар. Мысалы Хазіреттің әмір Мұхамед-Мазид тарханмен шайқасуы және Әмір Мұхамед-Мазидті тұтқындауы туралы әңгімеде: Осы оқиғадан кейін Мұхамед Шайбани хан Мұхамед-Мазид тарханға: «Тархандық дәрежелер бұрынғы заманнан біздің қадірлі әкелерімізбен ұлы аталарымызға бас иіп бағыныштылыққа бел байлайтын: олар тархандарды басқа әмірлерден әртүрлі рақымшылықтармен ерекшелеген. Қазір сен де әкелерің мен аталарыңның ісін қасиеттеп сақтауың керек, бас иіп, осы тарапқа қызмет етудің даңғыл жолынан таймауың керек. Хандарымыздың рақымдылығы мен ізгі ниетіне ие болған бұрынғы көптеген тархандар сияқты сен де бізге қызмет етуіңмен осыған дейін адамдар қызметімен қол жеткізген дәрежеге жетесің.

Ал, әкелер мен аталарының әдет-ғұрпынан безініп, Темірдің балаларына қызмет етуге бел буғандарды қылыш шабады» [16, 124 б.], – деп ақыл-кеңес беріп, бірнеше рет кісі жібергені айтылады. Бұл деректен ортағасырлық тархандық институттың тарихи мазмұны мен саяси мәнін байқауға болады. Мұнда тархандардың тархандық атағы хан саясатын қолдауға міндеттейтіндігі сөз болып отыр. Сонымен қатар, хан тархандық грамотаны белгілі бір дәрежеде танымал адамдарға беру арқылы оларды тархандық құқықтық жеңілдіктермен ынталандыру саясаты бар. Мұндай ынталандыру саясаты тархандарды ханға адал қызмет етуге міндеттейтіндігі байқалады.

XIII ғасырда Шыңғыс хан құрған алып империяның бір пұшпағы Алтын Ордада тархандық институт кең құлашын жаяды. Алтын Орда Шыңғыс хан тұсында орныққан дәстүрлерді жалғастырып, оны жаңа

мазмұнмен толықтырды. Айталық, бұл кезеңде тархандық хан тарапынан берілетін арнайы жарлық грамотасы арқылы бекітіліп, ол кісілер түрлі алым-салықтан босатылатын және белгілі бір бос жерлерге меншік ете алатын құқыққа ие болады. Сонымен қатар Алтын Орда билеушілері мұсылмандық дінді таратуда ерекше көзге түскен дін басыларына тархандық грамота берген. Орда иелігіндегі жердің Хаджи Тархан (Астрахань) атанып, кейін орда ыдыраған уақытта оның жеке хандыққа айналуының бастауында тархандық құқықтың себебі тұрғаны сөзсіз [17, с.136.]. Өйткені, Алтын Орда хандары кейбір жаңа қалаларды өркендету үшін, қалаға тархандық келісім куәлік қағазын беретін болған. Бұл тархандық келісім куәлігі қағазында қала және қала тұрғындары алым-салықтың барлық түрінен босатылған. Мысалы Хаджи-Тархан қаласы. «Хаджи» – қажы (қажылыққа барған адамды қажы атайды – И.Ө.) тәуап етуші сұлтан бұл жерді салықсыз берген, ол жер елді-мекен болып үлкен қалаға айналған. Хаджи-Тархан қаласы – қазіргі Батыс Қазақстан мен шекаралас тұрған Ресейдің Астрахань қаласының ежелгі атауы. Астрахань (Хаджи-Тархан) мемлекеті хандығы. «Тархан» салық алынбайтын орын деген ұғымды білдіреді, яғни сұлтан бұл жерді салықсыз берген. Кейін Еділ өзені бойындағы (деректе – Итил) Хаджи-Тархан қаласы XV ғасырда ірі транзиттік сауда орталығына айналады [18, с.53.]. Салықтан босатылған елді-мекеннің үлкен сауда орталығына айналуында тархандық жеңілдіктің әсері болғаны сөзсіз. Хан жарлығымен белгілі бір елді-мекендерге берілген тархандық грамоталар орта ғасырларда қалаларды дамытып, көркейту мақсатын көздегендігін көреміз.

Тархандар түркілік мемлекеттердегі сарай қызметкерлері санатында да болған. Негізгі міндеттері - салық жинау. Бұйрық шад және басқа да шенеуніктер бектердің тегінен шықса, тархандар ұдайы бектердің тегінен болмағанымен де құрметті адамдардың санатында болды [19, 18-19 бб.]. Тархандар халық бұқарасының арасынан өз еңбектерімен ерекшеленуімен көзге түсіп, құрметті тархандық атағын алып, салықтан босатылған құқығы бар жоғарғы әлеуметтік топ қатарына енгендер екенін көреміз.

Қазақ хандығымен Сырдария өңіріндегі қоныстар үшін кескілескен ұрыстар жүргізген Мұхаммед Шайбани ханға бағынған бектердің арасында да тархан лауазымымен жүрген тұлғалар кездеседі [20, с. 27-29.].

Тархандық грамота Әмір Темірдің мемлекеті тұсында да болды. Мәселен, 803 жыл (1400-1401 жж.) Темірдің атынан берілген грамота сақталғаны туралы мәліметтер бар. Әмір Темір Сығанақ қаласы маңындағы бірнеше өлкелерге тархандық құқық берген. Тархандық лауазым Моғолстанда, Ақ Орда және Шайбан Әбілқайыр хандығында да болған [21, с. 5-49.].

Ортағасырлық тархандық грамота алу үшін, көпшіліктің шешімімен ұйғарылған қиын іске қол жеткізуде ерекше көзге түсіп, өзі теңдесті патшаның наградасын аларлық еңбек сіңіріп, тархандық атақ алғандарға қарастырылған пәрменді құқықтық жеңілдіктер:

– біріншіден, тоғыз ауыр қылмысқа дейін жазаға тартылмайды және оған кінә қойылмайды;

– екіншіден, тоғызыншы ұрпағына дейін балалары мен немерелері мемлекеттік алым-салықтан босатылады;

– үшіншіден, олжаға салатын сауғадан босатылады;

– төртіншіден, рұқсат сұрамай-ақ кедергісіз хан сарайына кіре алады;

– бесіншіден, хан кеңесіне қатысуға ізет, құрмет жасалады;

– алтыншыдан, хан қолынан көңілін көтеретін, тірліктің мұңын ұмыттыратын, тоғыз шара шарап ішеді;

– жетіншіден, жорық кезінде алдыңғы қатарда ханмен бірге жүреді;

– сегізіншіден, әкесінің рұқсатын сұрамай-ақ ханның қызынан басқа қызды қалыңдыққа ала алады;

– тоғызыншыдан, сый мен мәртебенің тоғызын ала алады, атақ пен даңқтың берілуінде жылқымен, кілеммен және басқалай заттармен, бірақ әрқайсысы тоғыздан аспауы шарт болған [22, с. 27-28.]. Тоғыз саны түркі халқында көптіктің мағынасын білдірген.

Мемлекет билігі көшпенділер үшін жер қатынастарын реттеу арқылы іске асып отырған. Сөйтіп, ортағасырлық билеушілер жоғарыдағы шаралары арқылы іс жүзінде жерге жеке меншік жүйесін орнықтырды. Нәтижесінде рулық жүйе ыдырай бастады. Ру-тайпалық және аймақтық мүдделер мемлекеттік орталық мүдделерге бағындырылған әлеуметтенген топ жүйесі қалыптасып орнықты.

Ертедегі тархандар құқығы Джувейнидің парсы тілінде жазбаға түсірген дерегі бойынша әскери ақсүйек түркілердегідей тархандық атауын алды. Джувейни көрсеткен, тархандар жеңілдіктері төмендегідей: «Олар барлық алым-салықтар түрінен босатылды; Соғыстан тапқан немесе аңшылықта алған олардың барлық олжалары толық меншігін құрайды; қай уақытта болмасын хан сарайына кіруге ешқандай да рұқсаттың қажеті болмады; тархандар тек тоғызыншы жасалған қылмыстарынан кейін ғана жауапқа тартылады (бұл жерде тек қана өлім жазасына кесілетін қылмыс түрі ғана сөз болып отыр). Ұлан-асыр тойлар кезінде тархандар құрметті орындарға отырғызылып, міндетті түрде тарханға бір тостаған шарап беріледі» [23, с.302-317.]. Ортағасырлық тархандар грамотасында қарастырылған тоғыз құқықтық ерекшеліктерінің бары деректер негізінде анықталып отыр.

Қорыта келе, біріншіден, ортағасырлық мемлекеттерде тархандық тоғыз ұрпаққа дейін ерлер жағынан мұраға кететін тархандық түрі

берілген. Тархандық – апа тархан, бойла тархан, баға тархан дәрежелеріне бөлінген. Моңғол мемлекетінде Шыңғыс хан өзі берген тархандық атақ атадан балаға мирастығына кепілдік беретін құқықтық тархандық грамотамен заңдастырылып отырған.

Екіншіден, тархандық грамоталар мен тархандық шендер ақсүйектерге (оғландарға, сұлтандарға) дін басыларына және ерекше қызметтері үшін кейбір адамдарға да берілген. Сонымен қатар, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың өзгеруінен феодалдық көшпелі және отырықшыларға бөлінуі, қалалардың маңыз ала бастауы, ат төбеліндей билеуші топтар еркін мырзалар тобын құраған тархандар институты пайда болды. Хан жарлығымен берілген тархандық грамота алғандар тархандар институтын құрады.

Үшіншіден, хан саясатын қолдаған мұсылман дін басыларына да тархандық грамота берілді. Ортағасырлық тархандардың әлеуметтік-саяси дәрежелері ханнан кейінгі орында болды. Өйткені тархандардың ханнан басқаға ешқандай бағыныштылығы жоқ және тархандық грамота бойынша пайдаланатын жеңілдік құқықтары көп болды. Сондықтан тархандар ханға қолдау көрсетіп отырған. Хан өзін қолдаушылар мен жақтастарын тархандық атақ пен тархандық грамоталар арқылы ұлықтап отырды.

Төртіншіден, хан биліктен кетіп, басқа бір хан билікке келгенде «тархандық грамоталар» қайта қаралып рәсімделетін болған. Ханның өз қалауы бойынша тархандық грамотаны күшінде қалдырып немесе жойып отырған. Мұнда билеушіге тархандардың бағыныштылығын немесе тілеулес болуын көздейтін саясат бар.

Бесіншіден, хан жарлықтары мен билік басындағылардың саясатының баяндылығын жүзеге асыратын тархандар институты болды. Тархандар институты хандық мемлекет өміріндегі қоғамдық-саяси маңыздылығын жоя бастағанда тархандар институты да жойылып отырған.

Алтыншыдан, тархандар тоғыз жазаға дейін жауапқа тартылмады және оларға кінә қойылмады. Ортағасырлық тархандық институт – әлеуметтік институт ретінде көне дәуірлерден бастау алып, түркі-моңғол тұтастығы ыдырай бастаған XVI ғасырға дейін түрлі даму кезеңінен өтті. Ортағасырлық тархандық және тархандар институты көшпенді және отырықшы өмір салтындағы мемлекеттердің бәріне бірдей тән ұқсастықтары мен ерекшеліктерімен мәлім.

Жетіншіден, тоғызыншы ұрпағына дейінгі балалары мен немерелері мемлекет пайдасына жиналатын алым-салықтың барлық түрлерінен босатылды.

Сегізіншіден, олжаға салатын сауғадан босатылды. Орта ғасырлық тархандарға хан тарапынан тархандық грамота да көрсетілген ерекше құқықтық пәрменді жеңілдіктер қарастырылған артықшылықтар берілді. Мұны алған адамдардың санаты әр алуан

болды: дін басылар, әскери адамдар, саудагерлер және белгілі бір қалалар мен аймақтарға да тархандық грамота берілген.

Тоғызыншыдан, тархандық көне дәуірден келе жатқан институт екендігі толық дәлелденді. Тархандық институт ең бірінші Түркі мемлекеттерінде сақ, сарматтар дәуірінен бастау алып, біртіндеп басқа да мемлекеттерде дамып, қалыптасқан. Ерте және ортағасырлық түркі, парсы, араб, моңғол мемлекеттеріндегі тархандық институттың өзіндік құқықтық пәрменділікке ие ерекшіліктері болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абаев В.И. Скифо-европейские изоглоссы на стыке Востока и Запада. – М., 1965.
2. История России. с древнейших времен до конца XVII века / Ответ. ред. А.Н.Сахаров, А.П.Новосельцев. – Москва: Аст, – 1961.
3. Закиев М.З. Волжские татары по-майски суасы, по-удмурски бигеры. // К формированию языка татар Поволжья и Приуралья. – Казань, 1985.
4. Мухамдиев А.Г. Древние монеты Поволжья. – Казань: Татар. кн. изд-во 1990.
5. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1986.
6. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т.2.
7. Сартқожаұлы Қ. Ежелгі түрік мұралары // Қазақстан әйелдері. 2002. – № 7.(10-12 бб.).
8. Сыздықов С. Көне түрік жазбасы Ұлы дала Мемлекеттілігінің тарихының дерегі ретінде // Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана. 2006. (205-207 бб.).
9. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века – Алма-Ата: АН Каз ССР, 1958.
10. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: Санат, 1997.
11. Артамонов М.И. История хазар. – Л: Изд-во. гос. Эрмитажа, 1962.
12. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии (IX-XIII). – Ашхабад: Илем, 1969.
13. Тихонов Д.И. Хозяйство и общественный строй Уйгурского государства X-XIV вв. – М. - Л, 1966.
14. Тиезенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. 2. – Изд-во АН СССР 1941.
15. Махмұт Қашқари, Түрік тілінің сөздігі (Қашқари. Диуани лұғат-ат түрік). – Алматы: ХАНТ, 1997. – Т.1.
16. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. XIV-XIX ғасырлар шығармаларынан үзінділер. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – Т. 5.
17. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. Тексты и исследования. – М.- Л, 1951.

18. *История Казахстана в арабских источниках // Сб. матер., относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. Извлечение из арабских сочинений, собранных Тизенгаузеном В.Г. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.*
19. *Жұмағанбетов Т. Түріктердің мемлекеттік аппараты // Қазақ тарихы. 2008. – №2. – (18-19 бб.).*
20. *Материалы по истории Казахских ханств. XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алматы:Изд-во Наука, Казахской ССР, 1969.*
21. *Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV-XVII веках // Казахстан в XV-XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Сборник статей. Отв. ред. докт. ист. наук Б. С. Сулейменов. – Алма-Ата: Наука, 1969.*
22. *Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – М: АСТ, 2006.*
23. *Шапшал С.М. К вопросу о тарханных ярлыках // Академику Владимиру Александровичу Гордлевскому. К его 70 летию сб. статей. – Москва, 1953.*

В данной статье автор раскрывает значение средневекового термина «тархан», дает объяснение этимологического смысла этого термина в XIII-XVI вв., раскрывает историю образования института тарханства в средневековом обществе.

The article deals with the peculiar features of the term «tarkhan», gives the etymological meaning of this term in XIII-XVI centuries. Further, the author speaks on the history of institute of «tarkhan» in the Middle Age.

ӘОЖ 291.1.

Шайхиев Т.Т.- оқытушы,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ

ДІНИ ТӨЗІМДІЛІК – МЕМЛЕКЕТ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты еңбегінде «Бүгінгі күнгі жекелеген елдердегі діни сана-сезімнің өсуі кездейсоқ құбылыс емес. Дін ұлттық және мәдени біртектілікті сақтаудың негізіне айналып отыр», - дейді. Бізде негізгі екі дін бар. Қазақстан халқының 70 пайызға жуығы ислам дінін ұстанады, 29 пайызы христиан дінінде.

Қазақстан өз саяси дамуында демократиялық даму жолын таңдайтындығын, саяси тәуелсіздік пен мемлекеттік егемендікке ие болған алғашқы сәттерден бастап-ақ мәлімдеген болатын. Тәуелсіз еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміз дамуында өз

келбетімізге тән, өз ерекшеліктеріміз бен өз тұтыныстарымызға толық жауап беретін демократиялық саяси құрылымдар мен институттар жүйесін дамытуды қолдап келеді.

Қазақстан Республикасының демократиялық дамуының маңызды жетістіктерінің бірі діни төзімділік пен ұлттық келісім негізінде саяси тұрақтылықты сақтау болып отыр. Елбасының «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында – «Халықаралық қоғамдастықта біздің елімізде тұрып жатқан және Қазақстанның біртұтас халқы болып табылатын барлық ұлттар өкілдерінің ұстамдылығын, конфессияаралық және мәдениетаралық татулығын қамтамасыз етуге бағытталған сара саясатымыз барынша танылып отыр» - деп баса көрсетілген.

Біз діни төзімділік пен ұлтаралық келісім мәселелерін бір-бірінен ажыратпай бірге қарастырамыз. Себебі, бұл мәселеде жаһандану үрдісі, біршама өзгерістер әкелгенімен, әлі күнге дейін адамның діни сенімі, оның ұлттық шыққан тегімен қатал байланысты болып отыр.

Әлем елдерінің арасында тұңғыш рет, біздің елімізде әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының үш съезі өткізілді. Бұл еліміздің сыртқы саясаттағы аса зор табысы болуымен қатар, ішкі келісім мен татулықты бекітуде де орасан зор рөл атқарып отырғандағы сөзсіз.

Дінді қоғамдық сана жүйесінен бөліп қарауға болмайды. Өйткені, діннің қоғам дамуына ықпал етуші күш екенін мойындаумен бірге, ол ықпал қоғамның даму деңгейіне тікелей байланысты екенін ескеру қажет. Ғылымы мен білімі дамымаған қоғамның діні де мешеу болатыны сондықтан.

Неміс әлеуметтанушысы Макс Вебердің пікірінше, дін - күрт әлеуметтік өзгерістер негізін қалауға қабілетті. Ол өз ойын «Протестанттық этика және капитализм рухы» атты еңбегінде Батыс Еуропадағы өнеркәсіптік төңкеріс негізін қалаған кальвинизм діни доктринасы мысалында дәлелдеді. Сондықтан, діни мәселелерде саяси популизмге ұрынбай, салмақты саясат ұстанған абзал.

Ешқандай ғылым діни доктриналарды не дәлелдеп, не жоққа шығара алмайды. Ғылымда сакралды, яғни қасиетті деген ұғым бар. Дін – қасиетті ұғымдармен қамтылған құбылыстарды таратуға арналған әлеуметтік институт болып табылады. Ғылым діни доктриналарды не «жақсы», не «жаман» демей, оның әлеуметтік түбірін ашуға тырысады.

Француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм діннің қоғамда атқаратын үш қызметін көрсетті.

- 1.Әлеуметтік ынтымақтастықты қамтамасыз ету.
- 2.Әлеуметтік бақылауды қамтамасыз ету.
- 3.Адам өміріне мән-мағына мен сенім беру.

Біздің қоғамдағы дәстүрлі діндер, осы фундаменталды қызметтерін атқара алып отыр ма? Жеткіліксіз, себебі, 300 миллионның үстінде азаматы бар АҚШ-та 453 діни бірлестік ресми қызмет атқаратын болса, 15 миллионның үстінде ғана азаматы бар Қазақстанда 3500-ден астам діни бірлестіктің ресми тіркеуден өтуі - әлеуметтік ынтымақтастықтың бұзылуы мен әлеуметтік бақылаудың әлсіздігін көрсететін факт.

1960 жылдары Латын Америкасы елдерінде «бостандық теологиясын» насихаттайтын қозғалыстар пайда болды. Оның негізі қарапайым: «әлеуметтік қанау христиан моралына қайшы, сондықтан кез-келген христианин әлеуметтік қанаудан бас тартуы тиіс». Біздің еліміздегі өтпелі нарықтық экономика кезінде, дінді осы мақсатта пайдаланып, байлардың моралдық ұстанымдарына әсер ете аламыз ба? Діни жетекшілердің ойланатын мәселесі.

Қазақстанның геосаяси жағдайы өте күрделі. Біздің еліміз әлемдік үш діни-мәдени өркениеттің қиылысында тұр. Бұлар мұсылман, христиан және буддистік-конфуциандық діни-мәдени өркениеттер. Қазақстанның өзі де көпконфессиялы мемлекет болғандықтан, бұл діни-мәдени өркениеттердің игі әсерлерін де және теріс ықпалдарын да жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан, ұлтаралық татулық пен діни келісім аймағындағы саясатымыз игі әсерлерді марапаттап, теріс ықпалдарды қатал жойып отыруға бағытталуы тиіс. Осы істерде шешуші рөл, еліміздегі дәстүрлі діни ұйымдармен қатар, мемлекеттік органдарға да жүктелетіндігі сөзсіз. Елбасы Жолдауында – «Қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез-келген көріністеріне және біздің азаматтарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қатаң әрі дәйекті қарсы тұру» міндеттелген. Қазіргі таңда экстремизм мен радикализмнің саяси-идеологиялық мазмұннан гөрі, өте көбіне діни немесе ұлттық сипат алып бара жатқаны шындық. Сол себепті, біздің баршамызға, ең алдымен мемлекеттік қызметкерлерге діни және ұлтаралық қарым-қатынастарда білімдарлық пен қырағылық қажет.

Қоғамда жүріп жатқан рухани-адамгершілік жаңару үрдісі белгілі бір деңгейде діни өсиеттерге негізделген. Егемендік алған соң, дін Қазақстан қоғамының әлеуметтік-рухани өмірінде белсенді рөл атқара бастады.

Сонымен қатар, кез-келген діни мәселені қоғамның шындығынан үзіп қарастыруға болмайды. Діни ұйымдардың ішкі бекітілімдерін құрметтей отырып және олардың өз діни сенімдеріне сәйкес іс-әрекеттер атқаруына мүмкіндіктер бере отырып, олардың ҚР заңдарына сәйкес ұйымдастырылуы мен қызмет атқару құқықтарын тани отырып, мемлекет қоғамдық тыныштықты сақтау мақсатында елімізде өтіп жатқан діни үрдістерге тұрақты түрде мониторинг жасап отыруға міндетті.

«Қазақстан Республикасындағы діни сенім еркіндігі мен діни бірлестіктер туралы» заңның 16 бабына сәйкес, «қаржы және қоғамдық жылу, сол сияқты діни салт-дәстүрлерді атқарудан түскен қаржыға салық салынбайды». 2006 жылдың тамыз айында БҚО ішкі саясат департаментінің тапсырысы бойынша “Батыс Қазақстан облысындағы діни экстремизммен күрес мәселелері және тұрғындар толеранттылығы деңгейін бағалау” тақырыбында тұрғындар арасында әлеуметтік сауал өткізілді. Осы әлеуметтік сауалда қойылған сұрақтардың бірі – «Сіздің пікіріңізше, ресми тіркелген діни ұйымдар мен қауымдардағы ақша айналымын толық қаржылық бақылау қажет пе?» -деген сұрақ болатын. Облыс тұрғындарының жартысынан көбі (54,8%) мақұлдап жауап берді, яғни діни құрылымдарды толық қаржылық бақылау міндетті түрде болуы тиіс деп санайды. Сұралғандардың 18,5%-ы ғана толық қаржылық бақылауды дін саласына басы артық араласу ретінде бағалайды.

Діни салада көп миллиондаған қаржының айналыста жүргені, бүгінде ешкімге құпия емес. Ондай қаржы үстінен толық бақылау орнату, әсіресе бүкіл әлемде діни лаңкестермен күрес мәселесі өткір қойылып отырғанда, еліміздің ұлттық қауіпсіздігі мәселесіне айналып отыр. Сондықтан, діни саладағы қаржы айналымы үстінен толық бақылау орнатудың қандай да болмасын өте қажет және бұл идеяны облыс тұрғындарының көпшілігі қолдап отырғанын да ескеруіміз керек.

Біздің мемлекеттігіміздің қазіргі даму кезеңінде, Қазақстан қоғамының конфессияаралық және ұлтаралық негізде бірігуі өмірлік қажеттілік болып табылады. Осы саясат ұлттық текестік құрылуының стратегиялық ағымын ескереді және тағдыр ортақтығы басты негіз болған біртұтас Қазақстан халқының құрылу бастамасы болады. Сондықтан, ұлттық қарым-қатынастар аймағында атқару және өкілеттік билік органдары екі үрдіске де әсер етуге ұмтылады: бір жағынан – Қазақстанды мекендеген барлық ұлттар өкілдерінің ұлттық сана-сезімдерінің қайта түлеуі мен дамуына жағдай туғызу болса, екінші жағынан – біртұтас Қазақстан халқы идеясын жан-жақты үгіттеу.

Сауалға қатысқандардың көпшілігі (69,9%) конфессияаралық қатынастар тұрақсыздануы мен діни негіздегі егестер пайда болуына әкелуі мүмкін қандай да болмасын бір нақты алғышартты көрсетті. Осы алғышарттар ішінде, жетекші орынды бұған халықаралық жағдай (21,8%) әсер етуі мүмкін деген пікір алады. Екінші орында, бұған республика мен облыс аумағындағы шетелдік миссионерлер қызметі (14,5%) әсер етуі мүмкін деп санайтындар тұр.

Сауалға қатысушылар пікірінше, діни экстремизм таралуының басты себептерінің ішінде, жетекші орында мемлекеттік шекарадағы бақылау әлсіздігі (21,1%) тұрса, екінші басты себеп, олардың

халықаралық экстремистік орталықтармен байланыстарының болуы (17,4%). Діни экстремизм таралуында, олардың өте жақсы материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі (9,5%) мен қатал ұйымдық құрылымының болуы (5,8%) да үлкен рөл атқарып отыр.

Осы сауалға қатысқан облыс тұрғындарының пікірінше, діни экстремизмнің күшеюі ең алдымен шетелдік террористік топтардың белсенділігімен (29,4%) байланысты. Сонымен қатар, ұлтаралық және конфессияаралық келіспеушілік пайда болуы (24,6%) мен билік беделінің кетуі (18,7%) де аз рөл атқарып тұрған жоқ.

Осы мәселеде қала мен ауыл тұрғындарының пікірлерінде біршама алшақтық бар. Егер қалалықтар басты орынға ұлтаралық және конфессияаралық келіспеушілік пайда болуын (36,6%) қойса, ауылдықтар басты орынға шетелдік террористік топтардың белсенділігін (31,2%) қойды. Бұл, қаладағы ұлтаралық және конфессияаралық қатынастарда белгілі бір дәрежеде тартыс бар екендігін көрсетеді.

Облыс тұрғындарының жартысы (49,0%) бұл сұраққа жауап беруге қиналды, яғни қауіпті діни ұйымдар туралы тұрғындар хабардарлығының өте төмендігі байқалды. Дер кезінде сақтану үшін адамдар қауіпті діни ұйымдар туралы жеткілікті хабардар болуы тиіс. Сондықтан, тұрғындар арасында белгілі бір ақпараттық-ағарту жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Берілген тізім ішінен, облыс тұрғындары “Әл-Каида” ұйымының (17,3%), “Ваххабизмнің” (13,0%) және “Хизбут-Тахрирдің” (10,0%) қауіпті екендіктерін біледі және бұл күтілген нәтиже болды, себебі олар туралы ақпарат БАҚ-да жиі-жиі беріліп тұрады.

Облыс тұрғындарының кейбіреулеріне діни жауластықты насихаттайтын ұйымдармен кездесуге тура келген (7,1%) және ондайлардың саны қалалықтар (7,7%) ішінде ауыл тұрғындарымен (6,8%) салыстырғанда көбірек.

Респонденттер діни экстремизмнің әлеуметтік базасының кеңеюіне әкеліп соқтыруы мүмкін бірнеше себептерді көрсетті. Негізгі себептер ішінде, бірінші орында жастар арасындағы тәрбиелеу шараларының әлсіздігі (16,1%) тұрса, екінші орында кедейлік шегіне жеткен тұрғындар топтарының әлеуметтік-саяси күреске араласуының өсуі (15,1%) тұр. Үшінші орынды бірдей пайыздық көрсеткішпен, діни аралық қайшылықтар өршуі (13,0%) мен көптеген әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі (12,7%) тәрізді себептер иеленген.

Осы мәселеде, қала және ауыл тұрғындарының пікірлері арасында біршама айырмашылық бар. Егер қалалықтар, діни экстремизмнің әлеуметтік базасының кеңеюіне жастар арасындағы тәрбиелеу шараларының әлсіздігі (19,2%) деп санаса, ауыл тұрғындары кедейлік шегіне жеткен тұрғындар топтарының әлеуметтік-саяси күреске араласуының өсуі (16,0%) себеп болып отыр деген пікірде.

Облыс бойынша орта есеппен, тұрғындардың көпшілігі облыстағы негізгі конфессиялар ислам діні (77,0%) мен православ дініне (облыс бойынша – 53,4%, қала бойынша – 71,1%) оң көзқараста. Бұл жағдай облыс бойынша этникалық таралымға сәйкес келеді: ауылдық жерлерде негізінен қазақ ұлты қоныстанса, қала тұрғындарының жартысын орыс ұлты құрайды. Басқа діни бағыттардың тұрғындарға әсері жоқ немесе ондай конфессия туралы ештеңе білмейді.

Теріс көзқарастар, негізінен экстремистік бағыттағы жаңа секталарға (40,8%), Иего куәгерлері (17,9%) мен Баптистерге (16,9%) қатысты. Сонымен қатар, теріс көзқарастағылардың пайыздық мөлшері қалада да, ауылда да бірдей – 40,8%.

Сол сияқты, облыс бойынша орта есеппен тұрғындардың 3,7%-ы негізінен экстремистік бағыттағы жаңа секталарға оң қарап отыр (қалада – 1,4% және ауылда – 5,0%). Бұл мәліметтер экстремистік бағыттағы жаңа секталардың тұрғындар арасында, әсіресе ауыл адамдары арасында белгілі бір дәрежеде жанашырлық тауып отырғандығын білдіреді.

Осы сауал нәтижелері көрсетіп тұрғандай, облыс аумағында тұрғындардың 15,7%-ты жек көретін бірқатар секталар бар және олардың белсенділігі қалаға (13,8%) қарағанда ауылда (16,3%) жоғары. Сондықтан, облыс аумағында ондай секталарды анықтап, қызметтерін шектеп отыру мақсатында діни ахуалға тұрақты мониторинг жасап отыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Глобальный диалог во имя мира. Выступление Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева на III Съезде лидеров мировых и традиционных религий // «Казахстанская правда», 02.07.2009.
- 2.Гараджа В.И.: Религиоведение. М., 1994
- 3.Дінтану негіздері (авт. Ұжым жетекшісі Байтенова Н.Ж.). Алматы «Қазақ университеті», 2006.
- 4.Ильин В.В., Кармин А.С., Носович Н.В. Религиоведение. –СПб.: Питер, 2008.
- 5.Религиоведение: Учебное пособие и учебный словарь- минимум по религиоведению (под ред. И.Н. Яблокова).- М.: Гардарики, 2000.
- 6.Мухашов А. Религиозная палитра современного Казахстана (обзор конфессий) //Казахстанская правда, 1 июля 2003 года.
- 7.Султангалиева А. Религиозная ситуация в современном Казахстане. Казахстан-Спектр, № 1-2, 1997 г.
- 8.Телебаев Г. Религиозная идентификация населения и религиозная ситуация в Республике Казахстан // Социологические исследования. 2003.
- 9.Мұртаза БҰЛҰТАЙ. Ұлтымыздың болашағы діни бірлігімізде. «Жас Алаш» газеті, № 58-59, 19.05.2005 ж.

Статья рассматривает вопросы религиозной толерантности в контексте стабильного развития Республики Казахстан. Для религиозной жизни Казахстана характерны плюрализм и высокая степень терпимости. В статье представлены результаты социологического исследования, проведенные среди населения Западно-Казахстанской области. Как показывают результаты социологического исследования, религиозная ситуация в области характеризуется стабильностью. Вместе с тем, некоторые тенденции вызывают тревогу, особенно вопросы религиозного воспитания молодежи. Данная статья освещает эти и другие вопросы религиозной толерантности.

The article reviews the issues of religious tolerance in the context of sustainable development in Republic of Kazakhstan. Pluralism and high degree of tolerance are typical for the religious life of Kazakhstan. The results of social research, which conducted among the population of West-Kazakhstan region, are presented in the article. According to the social research, the religious situation is characterized by stability in the region. At the same time, some trends, especially the issues of religious education of youth cause some trouble. This article covers the above-mentioned and other issues of religious tolerance.

УДК 323.1(574)

Нургалиева Ж.К. - аспирант,
Санкт-Петербургский государственный университет

ПРОБЛЕМЫ КОНСТРУИРОВАНИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Несомненно, казахстанское руководство вполне осознает, что республика как многонациональное государство и зона интенсивного межэтнического взаимодействия на практике выступает потенциальной ареной этнического конфликта, а также пространством его разрешения, и его успешное развитие возможно только на условиях межэтнического компромисса. Поэтому официальный курс направлен на сдерживание конкуренции доминирующих и подчиненных (субординированных) этнических групп с тем, чтобы не допускать формирования у них готовности к конфликту, нарастания конфликтных ситуаций, эскалации этнической нетерпимости. На этих принципах строится официальная этнонациональная политика, представляющая собой регулятивно-контрольную сферу. Ее вполне можно оценить как «позитивную этнополитику». В то же время ее можно определить как достаточно жесткую, и это правильно,

поскольку мировой опыт говорит о том, что государству необходимо осуществлять постоянный контроль в этой сфере.

На заре независимости в Казахстане было продекларировано формирование политической нации, когда форму общности можно описать как «казахстанский народ», но с доминирующим казахским и русским компонентом, что не вызывает принципиальных возражений среди других этносов, проживающих на территории РК. В таком контексте представляется вполне оправданным призыв ряда политиков, социологов, философов о сознательном переходе к новой доктрине национальной солидарности, связанной с созданием казахстанской нации на основе двойной – традиционно-культурной и гражданской – идентичности. Отношение к такому сообществу, как «казахстанцы», можно рассматривать как гражданскую идентичность, прежде всего потому, что эта более широкая общность в многонациональном государстве позволяет подняться над узкоэтническими интересами и выйти на качественно новый, надэтнический уровень интеграции.

О том, что казахстанская государственная идентичность должна утверждаться, говорит и президент страны. В книге Н.А.Назарбаева «В потоке истории» говорится о необходимости поиска казахстанской модели национальной идентификации граждан и выделяется два уровня – этнический и демотический (гражданский) [1]. Глава государства подчеркивает такую специфичную черту суверенитета Казахстана как сложность этнополитической и правовой природы, что выражается в синтезе национального суверенитета казахов и суверенитета казахстанского народа как единой этнополитической общности [2]. О казахстанской нации глава государства говорил и на открытии сессии Парламента РК в сентябре 2004 года: «В нашем понимании казахстанская нация – это свободная ассоциация проживающих в стране этносов, их культурно-политическое и социально-экономическое единство при сохранении этнического многообразия» [3].

Речь идет о политическом понятии, т.е. о «политической нации» в формате гражданства. Это означает построение казахстанской государственности на основе модернистской модели нациестроительства на принципах согражданства. Понятие «казахстанская нация» не будет иметь в этом случае этнического значения. Оно не заменяет и не подменяет понятия «казахская нация». Этим задается внеэтническое понимание национальной идентичности, предполагающее включенность представителей всех этнических групп в состав казахстанской нации.

О становлении в перспективе государства-нации говорится в «Концепции формирования государственной идентичности Республики Казахстан», одобренной распоряжением Президента

Республики Казахстан от 23 мая 1996 года, в которой отмечается, что современные границы страны «полностью соответствуют исторически сложившемуся ареалу расселения казахского народа. Этническим центром казахов является Казахстан. Нигде в мире они не обладают другой государственностью, которая проявляла бы заботу о сохранении и развитии казахов как этноса, об их культуре, образе жизни, языке, традициях». «...Основными идеями государства должны стать единство народа, гражданский мир, социальная стабильность, межнациональное и межконфессиональное согласие, компромисс и терпимость. В обществе должны утвердиться духовные ценности, основанные на общечеловеческих нормах морали, национальных традициях, воспитывающие гражданскую ответственность и патриотизм...» [4].

Стратегия «Казахстан-2030» (1997г.) также предполагала формирование новой единой гражданственности и нового типа самоидентификации казахстанцев [5]. О решении задачи преодоления различий между этническими группами, и в конечном итоге консолидировании общества, формировании гражданской нации сказано и в «Стратегии вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира: приоритеты и пути их реализации» (1 марта 2006 г.) [6]. Подобную мысль провел в своем докладе Н. А. Назарбаев, отметивший, что Казахстан стремится к «дальнейшей консолидации общества и формированию единой казахстанской конкурентоспособной нации» [7].

Создание политической общности, основанной на признании приоритетности гражданства, является, несомненно, краеугольным камнем для развития любого современного государства. В этом случае речь не может идти ни об ассимиляции нетитульных этносов, ни о размывании казахской нации. И то, и другое абсурдно. Возможно ли реальное воплощение этой идеи, завершится ли этот процесс формированием казахстанской политической нации?

На основе SWOT-анализа и направленного контент-анализа экспертных мнений казахстанских и зарубежных политических деятелей и ученых по поводу состояния этнополитической ситуации в республике нами была составлена резюмирующая таблица по этой проблеме.

Проблемы создания политической нации

Цель сознательно проводимой политики	Причины ее выбора	На основе чего политическая нация должна строиться	Имеющиеся предпосылки для создания политической нации
Создание политической общности, основанной на признании приоритетности гражданства. Сознательный переход к новой доктрине национальной солидарности, связанной с созданием казахстанской нации на основе двойной – традиционной и гражданской – идентичности.	1. Если у граждан государства отсутствует чувство общегражданской идентичности, то оно находится под угрозой распада, особенно при наличии внешних и внутренних угроз. 2. Создание гражданской нации может противостоять этническому национализму и экстремизму	1. Гражданская нация, нация в значении государственной общности имеет свои идеалы, ценности, объединяющие мифологемы 2. Идеалы питаются, прежде всего, историей, традициями, культурой доминирующего народа. 3. Чтобы казахстанская идентичность стала привлекательной для других народов Казахстана, ее ценности, символы, представления, ассоциирующиеся с казахскостью, должны соответствовать также и их интересам и ценностям 4. Наличие доверия и комфорта граждан, живущих	1. Наличествует формирующая политическая воля лидера, политической элиты, политических антрепренеров, посылающих идеи, интерпретирующие государственность. Они имеют в руках СМИ, возможность влиять на образовательную систему, изобретение и внедрение символов и знаков 2. Общего между казахстанцами больше, чем различий, независимо от социального и этнического происхождения 3. Прежде всего, следует отметить общность русского и

		в пределах одного государства, выполнение взаимных обязательств 5. Национальная политика должна компенсировать несправедливые последствия «национального строительства» для различных этносов	казахского этносов, объясняемую специалистами длительной традицией (более трехсот лет) совместного проживания и наличием общей истории, на протяжении которой они мирно уживались 4. Русско-казахскую межэтническую толерантность выводят из более высокой психологической совместимости русских и казахов, и из того факта, что они занимают различные экономические ниши, а также высокой комплиментарностью двух этносов 5. Сохраняется солидный запас доверия 6. У многих граждан Казахстана сформировалась так называемая
--	--	---	--

			бикультурная ориентация. Она выражается формулой «и... - и...» (и русский - и казахстанец, и казах - и казахстанец).
--	--	--	--

В Казахстане еще сохраняется солидный запас доверия. И действительно, межэтнические конфликты в постсоветский период происходили, в основном, между казахами и некоренными этническими группами, исторически не проживавшими на территории республики, такими как чеченцы, ингуши, лезгины и корейцы, депортированные в Казахстан Сталиным, трудовыми мигрантами постсоветского периода, а также в ходе переселения из Китая. Массовые столкновения казахов на межэтнической почве отмечены: в 1989 г., Жана-Озен – с лезгинами, чеченцами; 1994 г., Восточный Казахстан – с чеченцами; 2006 г., Актау – с лезгинами, чеченцами; 2006 г., Тенгиз – с турецкими рабочими; 2006 г., Шелек – с уйгурами; 2007 г., Маловодное – с чеченцами; 2007 г., Маятас – с курдами [8]. Русское население в отмеченных межэтнических конфликтах не участвовало.

Когнитивное наполнение казахстанской идентичности в чем-то совпадает, а в чем-то не совпадает с этнической. Этническая идентичность в основном базируется на языке, культуре, национальности родителей, историческом прошлом, территории. Казахстанская идентичность – на месте в мире, геополитическом пространстве, цивилизационном развитии, на представлениях о ресурсах страны, достижениях в культуре, исторической общности. Она более динамична, чем этническая, выбор которой совсем не исключает казахстанской идентичности. Когнитивное наполнение той и другой идентичности не исключает, а способно дополнять друг друга. Это дает нам основание говорить о совместимости этих идентичностей [9]. Но эта совместимость возможна при определенных условиях.

Для того чтобы произошло совмещение государственной и этнической идентичности, государство должно выстроить систему отношений, основанную на взаимопонимании. Выступая на седьмой сессии Ассамблеи народов Казахстана в декабре 2000 года, Н. Назарбаев отметил: «Государство – это не только территория, но и общая культура народа. Ядром, вокруг которого будет выстраиваться культурная общность всего Казахстана, должна стать казахская

культура» [10]. В этой позиции есть своя логика. В стране, где казахи сейчас составляют доминирующее большинство, государственная идентичность не может не базироваться на этнической идентичности большинства, поскольку государство, вовлеченное в процесс «национального строительства», не может быть культурно нейтральным. И значит, вполне логично выглядело бы формирование именно «казахстанской политической нации» вокруг казахского народа, как основы и стержня консолидации.

По Миллеру национальная идентичность должна стоять над многочисленными групповыми (в том числе и этническими) идентичностями. Процесс соединения национальной идентичности с идентичностями групп при этом подразумевает компромисс с обеих сторон: «хотя национальные идентичности утончаются, чтобы стать приемлемыми для меньшинств, эти самые меньшинства сами должны отказаться от тех ценностей и моделей поведения, которые конфликтуют с ценностями и моделями поведения сообщества в целом» [11]. Основная проблема подхода Миллера состоит как раз в определении сущности этого самого компромисса.

Основанием для надежды на такую возможность служит тот факт, что у многих граждан Казахстана сформировалась так называемая бикультурная ориентация «как целостный набор взаимосвязанных мыслей, чувств и поведенческих репертуаров, который отличается как от доминирующей культуры, так и от жесткой этнически обусловленной идентичности». Термин бикультурная ориентация имеет четыре параметра: бикультурная идентичность, бикультурная самоидентификация, бикультурный характер выбора репрезентативных групп и бикультурная компетентность. Причем бикультурная компетентность означает способность индивида «эффективно функционировать в мультиэтническом плюралистическом окружении», его умение «жить в двух измерениях» [12]. Бикультурная ориентация выражается формулой «и... - и...» (и русский - и казахстанец, и казах - и казахстанец).

Некоторые исследователи считают, что бикультурная идентичность зачастую носит не вполне естественный характер. Так, В.Тишковым для характеристики положения на постсоветском пространстве было предложено понятие «вынужденной этнической идентичности» [13]. Хотелось бы, чтобы большинство граждан Казахстана искренне считали себя казахами, русскими, корейцами и казахстанцами одновременно.

Общепринятое понимание прав гражданина государства включает в себя гражданские права, политические права и социально-экономические права. Полиэтническое общество, однако, требует включить в этот список еще и групповые права различных

меньшинств, смысл которых состоит в компенсировании потерь, которые они неизбежно несут в любом обществе.

С точки зрения такой компенсации можно, видимо, рассматривать наличие в Казахстане школ с различными языками обучения, издание книг и газет на языках этнических меньшинств. В настоящее время в Казахстане существует реальное многообразие языков, в функциональных целях используется свыше ста. Ежегодно по государственному заказу на языках этнических меньшинств Казахстана выпускается только около 30 наименований книг общим тиражом более 80 тысяч экземпляров, издаются учебники для национальных школ.

С 1995 года в Казахстане представителям национальных меньшинств выделяется 10-процентная квота для поступления в высшие учебные заведения. В Казахстане издаются газеты и журналы на 11 национальных языках, включая украинский, польский, немецкий, корейский, уйгурский, турецкий, дунганский. Наиболее крупными из таких газет являются: корейская «Корё ильбо», немецкая «Дойче альгемайне цайтунг», украинская «Украиньски новини» и уйгурская «Уйгур авази». 44 телестудии вещают на 12 языках и 18 радиостудий - на 7 языках. «Таким образом, - делает он заключение, - посредством СМИ созданы необходимые условия для национального самовыражения и развития».

Одним из главных звеньев президентской стратегии, направленной на формирование национального согласия, является Ассамблея народа Казахстана (АНК), созданная в 1995 году. Казахстанские власти декларируют Ассамблею одним из главных инструментов национальной политики. Она объединяет 818 этнокультурных объединений, руководители которых входят в состав АНК, а также малых ассамблей. 46 этносов имеют свои этнокультурные центры.

По опросам населения всей Республики, проводимым различными социологическими агентствами, заметной динамики интолерантных проявлений на этнической почве не наблюдается.

Но только этого недостаточно. Для создания политической общности, основанной на признании приоритетности гражданства, необходимо, чтобы граждане республики, не являющиеся этническими казахами, при сохранении культурного моста с историческими родинami позиционировали себя в первую очередь с Казахстаном. Таким образом, в двойной идентичности должна превалировать гражданская составляющая.

Список использованной литературы:

1. Назарбаев Н.А. *В потоке истории.* – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 с.

2. Назарбаев Н.А. *Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства // Избранные речи.* – Астана: Сарыарка, 2009. – Т. 2. 1991–1995 гг. – С. 67
3. Выступление Президента РК Н.А. Назарбаева на открытии сессии Парламента РК. Астана. 1 сентября 2004 г. // Сайт Президента РК <http://www.president.kz/>.
4. Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан (одобрена Распоряжением Президента Республики Казахстан 23 мая 1996 г. № 2995) // Юридический справочник «Законодательство». – Алматы. – 1996
5. *Казахстан-2030.* – Алматы. – 2006. – С. 12.
6. Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира: приоритеты и пути их реализации». – Алматы. – 2006.
7. Стратегия «Казахстан-2030» в действии: десять лет успеха. Выступление Президента Нурсултана Назарбаева на конференции, посвященной 10-летию Стратегии «Казахстан-2030». Астана, 12 октября 2007 года // <http://www.kazpravda.kz>
8. Сейлеханов Е.
9. Дробизева Л.М. Государственная и этническая идентичность: выбор и подвижность / Гражданские, этнические и религиозные идентичности в современной России. М.: Издательство Института социологии РАН, 2009. – С.29
10. Назарбаев Н. Духовно-культурное развитие народа - основа укрепления государственной независимости Казахстана. Выступление на VII сессии Ассамблеи дружбы народов Казахстана // *Казахстанская правда.* - 16 декабря 2000
11. Miller D. *Citizenship and National Identity.* Polity Press. Malden, Mass., 2000. – P 36
12. *Ethnic identity: Fomation a. transmission among Hispanies a other minorities/* Ed. by M.E.Bernal, G.P.Knight Albany, 1993. - P. 85-86
13. Тишков В. Идентичность и культурные границы // *Идентичность и конфликт в постсоветских государствах: Сб. статей / Под ред. М.Б.Олкот, В.Тишкова, А.Малашенко.* М.1997. С.25-26
14. Рахымбеков А. Межнациональное и межконфессиональное согласие // http://www.ia-centr.ru/archive/public_details5cee.html?id=118.

Бұл мақалада республикадағы ресми саясаттағы саяси ұлттың қалыптасуының алғышарттары мен мүмкіндіктерінің әдістері мен жолдары туралы мәселелер қарастырылған.

УДК 377(574)

*Деев В.А.-
преподаватель ПЛ №1*

**НОВЫЕ ДАННЫЕ О ИСТОРИИ
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ЛИЦЕЯ № 1
г. УРАЛЬСКА**

В 90 годы XX века система профтехобразования в Казахстане стала приходить в упадок: сокращалось финансирование, закрывались профессиональные учебные заведения, свертывалась подготовка рабочих кадров. В Западно-Казахстанской области система подготовки рабочих почти не пострадала. В наше время, когда была разработана Программа форсированной индустриально-инновационной модернизации экономики Казахстана, развитие профессиональных учебных заведений имеет большое воспитательное и идеологическое значение. «Качественное образование, - отмечает в своем Послании 2011 года «Построим будущее вместе» Президент Назарбаев Н.А., - должно стать основой индустриализации и инновационного развития Казахстана». Чтобы хорошо знать, что нам нужно сейчас от профессионального образования, неплохо было бы обратиться к опыту прошлого и выяснить, как развивалась система подготовки рабочих кадров в 20-30 гг. XX века.

Традиционно, дату создания ПЛ №1, неоднократно в прошлом менявшего название (ФЗО №6, РУ №15, ТУ №24 и т .п.), относили к октябрю 1940 г. – времени создания системы Государственных трудовых резервов (ГУТР) в СССР. Но изучение архивов Уральского управления речного пароходства (УУРП) изменили это представление. Изучение приказов Народного комиссара речного транспорта, УУРП, решение ЗК Облисполкома (1) позволяют сделать выводы о том, что школа ФЗО №6 ГУТР СССР была создана на основе уже существующего профессионального учебного заведения – школы фабрично–заводского ученичества (ФЗУ) УУРП (в разных документах её ещё называли учебным комбинатом ФЗУ, учебным комбинатом водников, ФЗУ водников, ФЗУ водного транспорта). Школа ФЗУ в 30-е годы готовила для УУРП высококвалифицированные рабочие кадры машинистов, слесарей, слесарей–машинистов, токарей, котельщиков, мотористов, рулевых, газоходчиков, электросварщиков и других специалистов (2). В соответствии с приказом Наркомречфлота от 26/10–1940г., постановлением Западно-Казахстанского облисполкома от 21/11 –1940 г. и приказа по УУРП №272/п от 23/11 – 1940 г., в создаваемую школу ФЗО(№6) ГУТР передавались «здание ФЗУ водников/учебный корпус, общежития, мастерские, столовая и помещения, занятые ФЗУ/» (1). Кроме этого школе ФЗО передавалась

часть здания общежития Сельхозтехникума по ул. Советской, 6 во временное пользование (1). По решению бюро ОК ВКП(б) по Западно-Казахстанской области в школу ФЗО направлен механик-наставник Кирсанов Анатолий Степанович (1), занявший позже должность старшего мастера. В ноябре 1940г. был проведён досрочный выпуск учащихся ФЗУ (1), а 21 ноября закончилась мобилизация 150 человек молодёжи для обучения в школе ФЗО речного транспорта (9). В школе сохранился тот же педколлектив во главе с директором Тумпуровым К.Я. (1). Все выше изложенное говорит о преемственности в подготовке высокопрофессиональных рабочих кадров между школами ФЗУ и ФЗО №6 и о необходимости выяснить историю создания ФЗУ.

Последующая работа с архивами позволила выяснить, когда в УУРП началась подготовка рабочих кадров. Так, согласно приказу НКПС (путей сообщения) за № 1937 от 11.12.1930 г., все местные отделения и управления Реч. Флота должны были создать школы ФЗУ, учкомбинаты и обеспечить финансирование их потребностей (3). По-видимому, в начале 1931 г. и был создан учебный комбинат при Уральском районом управлении речного транспорта Нижне-Волжского РП. Так, в Протоколах педагогических совещаний ФЗУ за июль – август 1931 г. упоминается о наличии переходящего контингента учащихся по профессиям механиков и котельщиков, который будет использован для формирования групп школы ФЗУ(5). По приказу Народного комиссариата водного транспорта (НКВТ) №156 Уральское районное управление речного транспорта с 4 июля 1931 г. стало самостоятельным Уральским УРТ (пароходство) (4), которому по статусу уже была положена школа ФЗУ. К сожалению, многие документы или не сохранились, или находятся в пока недоступных архивах. Но в найденных Протоколах педагогических совещаний ФЗУ водников от 15, 26 июля и 16 августа 1931 г. говорится не только о наличии переходящего контингента, но и о формировании школы ФЗУ. В этих Протоколах зав. учебной частью Синодальцев, преподаватели Золина, Залыбецкий, Иванова, Тагапцинов, Коблова обсуждают вопросы, связанные с открытием школы ФЗУ с 1 августа 1931 г. (5). Было рассмотрено комплектование школы: из 3 и 4 групп, имевших образование 1 степени Единой трудовой школы (ЕТШ) и 5 группы учащихся, не окончивших 2 ступень ЕТШ, создавалась младшая группа для обучения учащихся по программе 1 курса ФЗУ. Из 6 группы и вновь принятых учащихся, закончивших 2 ступени ЕТШ, формировалась старшая группа, которая за учебный год должна была освоить программу 1 и 2 курсов ФЗУ(5). К 20 августа 1931 г. должны были набрать подготовительную казахскую группу для обучения на русском языке (5). Заведующий учебной частью тов. Синодальцев на этих совещаниях докладывал об

учебных программах, учебном плане (около 896 часов теории и 1000 часов практики), сетке занятий, педагогической нагрузке преподавателей, самоуправлении учащихся (5).

Были утверждены (с 01.08.1931 г.) оклады преподавателей вводимых общеобразовательных предметов: математике, казахского языка, естествознания с физ. географией и химией, обществоведения, физики, черчения (6) и других, а ставки по спецпредметам, по – видимому, сохранились прежние. Для повышения качества знаний в Самарские школу ФЗУ и Институт инженеров водного транспорта в июле – августе 1931 г. были посланы для обучения по специальности инструктора производственной практики (мастера п/о), опытные рабочие (6 – й разряд, не менее 4 кл. ЕТШ и 5 лет стажа) (7). С этой же целью было закуплено оборудование для кабинетов. Так, например, для кабинета физики список приобретённых инструментов и приборов превышал 200 наименований (8).

Подводя итоги, можно с полной уверенности сказать, что история ПЛ №1 начинается с середины 1931 г., когда в Уральском РУРТ Нижне–Волжского пароходства началась подготовка профессиональных кадров. И, по-видимому, впервые в Западно-Казахстанской области с 1 августа 1931 г. на этой базе была создана школа ФЗУ. Таким образом, в 2011 году нашему лицу исполняется 80 лет и он является одним из старейших в системе начального профессионального образования Казахстана.

Как видно из вышеизложенного, наш лицей с 30-х годов XX века имеет большой опыт в подготовке рабочих кадров. В последние годы, после реконструкции лица и посещения его Президентом Назарбаевым Н.А. в 2005 году, ПЛ№1 становится базовым учебным заведением по подготовке высокопрофессиональных компетентных кадров для металлообрабатывающей отрасли всего Западного Казахстана. В последнее время приобретены новые лаборатории по электротехнике и станкам ЧПУ, современное газосварочное оборудование и компьютерный класс. Прошли переподготовку по новым технологиям мастера и преподаватели. Так что лицу предстоит активно участвовать в модернизации республики.

Список использованной литературы:

1. *Западно-Казахстанский Областной государственный архив (ЗКО ГА), ф. 723, о.1, д.181, л.302,303,391,393*
2. *ЗКО ГА, ф. 723, л.9*
3. *ЗКО ГА, ф. 723, о.1, д.27, л.36*
4. *Суетин А. Трудовой пульс Урала, Уральск, 1990 г. с.10*
5. *ЗКО ГА, ф. 723, о.1, д.44, л. 1 – 14*
6. *ЗКО ГА, ф. 723, о.2, д.2, л.17*
7. *ЗКО ГА, ф. 723, о.1, д.2, л.10,11,41,130,131*
8. *ЗКО ГА, ф. 723, о.1, д.44, л. 18-21*

9. Закончен призыв в школы ФЗО. Приуральская правда. №268 за 23.11.1940 г.

Мақалада Орал қаласындағы №1 КЛ туралы БҚО мемлекеттік мұрағатынан алынған мәліметтер берілген. Мұнда 1931 жылдан білікті жұмысшы мамандардың даярланғаны және лицейдің құрылғаны туралы сөз қозғалған.

This article devoted to the history of PL №1 in Uralsk . These facts that received from the state archive of the West Kazakhstan oblast. The facts allow to define the time beginning of the training qualification of the working stuff and creation of the PL№ 1 by the period of 1931.

ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 82.09:821.512.122

*Қыдыршаев А.С.- п.ғ.д., профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РИТОРИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МӘНІ

«Бәсекеге қабілеттілік», «интеллектуалдылық», «интеллектуалды ұлт» /«зияткер ұлт»/ ұғымдарын тілдік қолданысымызда, ойлау жүйемізде ғылыми айналысқа, практикалық оқу, оқыту ісімізде жиі қолданысқа енгіздік. Бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың кепілі болмақ инновациялық білім қорын беруде бұл - заңды да. Демек, келешектің кілті индустриялық-инновациялық дамуда. Ал оның негізі бүгінгі жоғары оқу орындарында қаланбақ.

Жоғарғы аталған тірек сөздердің, аталған терминдердің сыры да әрқилы. Біздің посткеңестік қоғамда мұндай кәсіби топтарды интеллигенция деп атап келген. Ал батыстық философия мен әлеуметтану үшін «интеллектуал» ұғымын қолдану «интеллигенция» ұғымына қарағанда кең таралған. Батыста *интеллектуал* - «интелектісі жоғары, интеллектуалды еңбектің адамы» деп анықтау үрдісі қалыптасқан. Немесе теоретикалық білімді, идеяны және символдарды кәсіби түрде жасаумен, дамытумен, таратумен айналысатын адамдарды атаған.

Кез келген тілдік құбылыс осы үш сатыдан өткенде ғана толық танылады. Осы үш сатыға байланысты В.А.Манза стилистикалық білік-дағдылардың бастапқы және нәтиже көрсеткіштері болатынын айтады. Ол *бастапқы* білік-дағдыны мыналар құрайды дейді: тіл деңгейлеріндегі әрбір тұлға-бірліктің стилистикалық қызметі мен мағынасын анықтай алу; өзге стиль элементтерін таба білу; функционалды стиль элементтерін контексте пайдалана алу; бір ойды түрлі тіл құралдарымен жеткізе алу; стилистикалық орынсыз қолданыстарды болдырмау; өзін-өзі тексеріп, түзетіп, бақылау жасау, сол арқылы сөйлеуде стилистикалық және грамматикалық сауаттылыққа қол жеткізу, т.б. *Нәтижесінде* игеруі тиіс стилистикалық білік-дағдыға мыналар кіреді: сыртқы ситуация жағдайына сай қарым-қатынас жасауда стилистикалық сауаттылыққа қол жеткізу; белгілі бір коммуникативтік мақсатқа сай өз ойын стилистикалық жағынан дұрыс жеткізу; мәтінді өңдеу; өз ойын жеткізу үшін тілдік құралдарды стилистикалық мақсатта еркін қолдану; т.б. Осылайша ғалым стилистикалық білік-дағдыны қалыптастыру осындай екі сатыдан өтетінін және осыған сәйкес ойлаудың әрекеттері жүзеге асатынын көрсете келіп, стилистикалық жаттығулардың мынадай түрлерін ұсынады:



2-сурет – В.А.Манза бойынша оқушылардың танымдық сатыларына негізделген стилистикалық жаттығулардың түрлері

В.А.Манзаның пікірінше, оқушылардың стиль туралы түсініктері ең алдымен алғашқы дайындық деңгейінде түпкілікті қалыптасады және ол сабаққа бөлінген сағаттың шамамен 60 пайызын алады. Дайындық деңгейіндегі стилистикалық жаттығулар мұғалімнің тікелей басқаруымен және қадағалауымен орындалады. Тек түрлі қиындық деңгейіндегі жаттығу ғана оқушының болашақта өз бетінше тілдік тұлға-бірліктерді стилистикалық талаптарға сай продуктивті жұмсай алуына негіз болады. Алғашқы жаттығудың үш түрі оқушыны әрекетке жетелесе, тек соңғысы ғана әрекет үстінде орындалатын, танылатын жаттығудың түрі болып табылады. Дайындық деңгейіндегі жаттығулар оқушының стилистикалық сөйлеу механизмдерін қалыптастырады, жетілдіреді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде жаттығуларды оқушының ойлау әрекетіне қатысты аналитикалық, синтетикалық және аналитикалық-синтетикалық деп бөлу қалыптасқан. Аты бөлек болғанмен, мазмұны мен мақсаты бір болып келетін бұл топтастыруда жоғарыда көрсетілген рецептивті және репродуктивті жаттығудың түрлері бірыңғай аналитикалық жаттығулар деген атауға ие.

Орыс тілінің стилистикасын оқыту мәселесімен айналысқан ғалым Т.И.Чижова стилистикалық жаттығуларды топтастырудың критерийі ретінде 1) тіл жүйесіндегі әрбір тілдік тұлға-бірліктің стилистикалық нормасы мен қызметін меңгерту; 2) функционалдық стильдер нормасын меңгертуді, яғни сөйлеу тілінде қолдануды алады да, осыларды жаттығудың типтік топтасқан екі түрі деп көрсетеді. Осы негізге сүйене отырып, ол стилистикалық жаттығуларды беске бөледі [3]:



3-сурет – Т.И.Чижова бойынша лингвистикалық ұстанымға негізделген стилистикалық жаттығулардың жіктелісі

Стилистикалық жаттығулардың бұл бес түрі оқытуда оқушы әрекетінің жеңілден ауырға дидактикалық ұстанымына негізделген. Мұнда жаттығудың алғашқы екі түрі оқушыдан аналитикалық ойлауды талап етсе, үшінші жаттығу аналитикалық-синтетикалық, ал соңғы екеуі синтетикалық, яки шығармашылық сипаттағы жаттығуларды құрайды.

Ал А.Жапбаров стилистикалық жаттығулардың теориялық материалдың сипатына қарай **стильдік-лексикалық, стильдік-морфологиялық, стильдік-синтаксистік жаттығулар** деген түрлерін ұсынады [4].

Стилистика бойынша жүргізілетін жаттығулардың түрлері негізінен осы тектес болып келеді. Бұдан басқа стилистикалық жаттығулардың мынадай түрлері айтылып жүр: *түсіндірме, фразеологиялық, синонимдер, т.б. сөздігіндегі сөздердің стилистикалық белгілерін анықтауға бағытталған жаттығулар; стилистикалық тұрғыдан сөзді таңдап қолдануға бағытталған жаттығулар; қатысымдық мақсатқа сай сөз қолдануға бағытталған жаттығулар; мәтіннің белгілі бір стильдік тұтастықта ұйымдасып жұмсалыуына әсер етіп тұрған тіл құралдарын тауып, түрлі стильдегі мәтіндерге талдау жасауға бағытталған жаттығулар;*

байланыстырып сөйлеуде тіл құралдарының стилистикалық мағынасын ажыратып жұмсауға үйретуге бағытталған жаттығулар; түрлі стильде, жанрда мәтін жазу; оқушы мәтіндерін талдау, стилистикалық қатесін анықтап, алдын алу, өңдеуге бағытталған жаттығулар [5,200].

Сонымен, қазақ, орыс тіліндегі әдістемелік еңбектерді талдау барысында жаттығуларды топтастыруда, типтері мен түрлерін анықтауда лингвистикалық және оқушылардың ойлау әрекеті ұстанымдары өзара бірлікте болатындығы, олар жаттығуларды дидактикалық мақсатқа сай ұйымдастыруда бір-біріне негіз болатындығы анықталады. Стилистиканы дамыта оқытуға жаттығулар жүйесін дұрыс ұйымдастыруда аталған әдістемелік ерекшеліктер басшылыққа алынады.

Стилистиканы оқытуда Н.Ж.Құрманованың дамыта оқыту жаттығуларының жіктелісін тірек ету нәтижелі болмақ [6]. Осы бойынша стилистикалық жаттығулардың мынадай түрлері топтастырылады: **1) оқыту жаттығулары; 2) логикалық жаттығулар; 3) ойын жаттығулары, 4) рефлексиялық жаттығулар; 5) сөйлеу жаттығулары.** Олардың өзін ішкі сипатына қарай **трансформациялық жаттығу, тілдік эксперимент, аспектілік жаттығулар, кешенді жаттығу, т.б.** түрлеріне жіктеуге болады.

Стилистикалық жаттығулардың әдістемесінде мәтін маңызды рөл атқарады. Оқушылардың оқу-таным іс-әрекетін ұйымдастыруда мәтін арқылы мынадай жұмыс жолдары қолданылады:

- 1) танымал авторлардың үлгілі мәтін түрлеріне стилистикалық талдау жасау;
- 2) мәтіндегі құралдардың стилистикалық рөлін түсіндіру мақсатында сөздерді, сөз тіркестерін немесе сөйлемдерді ауыстыру, стилистикалық эксперимент жасау;
- 3) бірдей мәтіндерді талдау. Мысалы: бір тақырыпқа, оқиғаға құрылған әр түрлі авторлардың публицистикалық, көркем стильде жазылған шығармаларын талдау;
- 4) мәтінді тірек етіп алып, оқушылардың тіл байлығын дамытуға арналған тапсырмалар беру;
- 5) оқушылардың тіліндегі (ауызша/жазбаша жазылған шығармалары негізінде) стилистикалық қателермен жұмыс жүргізу;
- 6) мәтіндегі стилистикалық қателерді тауып, оларды өңдеу;
- 7) мәтіннің стилін жетілдіру;
- 8) бір ойды әр түрлі стильде жеткізудің жолдарын меңгерту мақсатында оқу тапсырмаларын беру;
- 9) белгілі бір тақырыпқа мәтін құрастыру;
- 10) түрлі жанр мәтіндеріне шығарма жаздыру;
- 11) мәтін бойынша тест тапсырмаларын орындау;
- 12) белгілі бір сурет арқылы мәтін жазу;

13) ситуациялық мәтіндер бойынша тапсырмалар беру, т.б.

Мұндай тапсырмаларды орындау барысында аудио, видеоға жазылған түрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндер пайдаланылады. Мысалы, ұнтаспаға жазылған мәтін бойынша тест тапсырмасын орындау оқушының тыңдау және есте сақтау, байқағыштық қабілетін арттыра отырып, оның мазмұнымен танысуға, негізгіні табуына әсер етеді. Сол сияқты осы жолмен тест алу оқушылардың белгілі бір тақырып бойынша алған білімін тексеруге, жинақтауға көмектеседі. Тұтас мәтінмен жұмыс мақсатын көздейтін мәтіндік жаттығуларды орындатуда мәтінге дейінгі, мәтіндік, мәтін соңынан орындалатын тапсырмалар легі жүйеленеді.

Стилистикалық жаттығулар жүйесінің дамыта оқыту мақсатына сай ұйымдастырылуы оқушылардың оқу-таным әрекетін сапалы әрі саналы ұйымдастыруға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құрманова Н.Ж. *Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі.* – Ақтөбе, 1999. – 125б.
2. Емельянова М.Л. *htm. vio. @ fio. Ru.*
3. Чижова Т.И. *Основы методики обучения стилистике в средней школе.* М.: Просвещение, 1987. – 176б.
4. Жапбаров А. *Қазақ тілі стилистикасын оқыту методикасының негіздері.* – Алматы, 1991. – 160б.
5. Львов М.Р. *Словарь-справочник по методике русского языка.* – М.: Просвещение, 1988. – 240с.
6. Құрманова Н.Ж. *Сөз тіркесі синтаксисін дамыта оқыту технологиясы.* – Алматы, 2004. – 168б.

В статье рассматривается теория и методика разработки стилистических упражнений, особенности стилистических упражнений в развивающем обучении.

The article is devoted the system of stylistically exercises and methods development teaching in the didactical and logical aspects of them.

ӘОЖ 82.09:821.512.122

*Мұханбетқалиев Ә.С.- п.ғ.к., аға оқытушы,
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ*

СӨЙЛЕУ ТАБИҒАТЫ ТУРАЛЫ ТЕРЕҢ БІЛІМ – МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕШЕНДІК ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ

Сөйлеу - адамзаттың ғасырлар бойы даму эволюциясында қол жеткізген жетістіктерінің бірі. Адамзатты басқа тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын да осы – сөйлеу қабілеті. Сөйлеу процесінде адамдар бір-бірінің ойын түсінеді, бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Тілдік қатынас арқылы адамзат болып бірігіп, халықтың, ұлттың негізін қалайды.

Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдылары дұрыс қалыптасқан жағдайда, олар сыныптастарымен, мұғаліммен еркін тілдік қатынасқа түседі. Бұл шәкірттердің өз ойын түсінікті жеткізуге дағдыландырып, жеке тұлғалық қабілеттерін дамытады. Ауызша немесе жазбаша сөйлесу арқылы әрдайым сөйлеуші мен тыңдаушы арасында ойлар алмасып отырады. Мұнда, біріншіден, өз ойын, пікірін басқа біреуге жеткізеді, екіншіден басқа адамнан ақпарат алады. Адам баласының ауызша шешен сөйлеу тілі туылғанынан дамып отырады. Мектепке дейін бала тілі жанұясында және қоршаған ортадағы адамдармен сөйлеу барысында дамыса, мектепте мақсатты түрде жетілдірген абзал. Мектепте оқушылар оқулықтардағы мәтіндердегі түрлі таныс емес сөздермен, сөз тіркестерімен және тұрақты сөз тіркестерімен кездеседі. Балаларға осы сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін белсенді сөздік қорына қосып, сөйлеу кезінде сөз мағыналарын орынды қолдануға үйрету - мұғалімнің міндеті.

Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыру деп - оқушылардың сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірлерін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық, композициялық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша дұрыс білдіруге яғни «нәрсенің жай-күйін», түрін, түсін, ісін, сөзбен келістіріп айтып беруге үйрету жұмысын айтамыз.

Орта мектепте ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру жұмысы төмендегідей мақсаттарды көздейді:

1. Оқушылардың бақылағыштық, ойлау қабілеттері мен тілін, дүниетанымын дамыту, әр нәрсені салыстыра талдап, жинақтап, жалпылап, нақтылап, салыстыру негізінде өз беттерімен қорытынды шығара білуге үйрету.

2. Оқушыларға қазақ тілінің қалыптасқан нормасына сай, өз сезімін, ойын дұрыс айтып, жазып бере алатындай дағдылар беру.

3. Оқушыларды сөз мағыналарын орынды қолдануға, ойын анықта түсінікті жеткізуге үйрету. Яғни, тілдік қатынаста дұрыс сөйлеуге үйрету. Сөйлеу - әрекет, адамның әрекеті, яғни қарым-қатынас жасау үшін ойын, білімін, сезімін екінші біреуге жеткізу үшін тілді қолдану болып табылады.

4. Оқушыларға ана тілін сүйуге, оның алтын қорын, тамаша сырлы, нәзік сөз байлығын қолдана білуге және оны сезініп, құрметтей білуге тәрбиелеу.

5. Қазақ тілі ғылымының жеткен табыстары негізінде оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамытуға септігі тиетін жұмыстардың оңай да тиімді түрлерін іріктеп алып ұсыну.

Оқушылардың ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыруымыз үшін біз төмендегідей маңызды мәселелерді ескеруіміз қажет: белгілі бір тақырыпты оқыта отырып, баланың сөздік қорын дамыту; сөздерді үйрете отырып, жаңа сөздер жасайтын формаларды меңгерту барысында оларды байланыстырып сөз тіркесі және сөйлем құрауға; сондай-ақ ойларын ауызша сауатты, жүйелі сөйлей білуге үйрету. Сонда ғана сөздік жұмысы, сөз тіркесі мен сөйлем құрау және байланыстырып сөйлеуге үйрету жұмыстары күнделікті өтілетін сабақтарымен байланыстырыла біртұтас жүргізіліп отырылса, ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру жұмысы да біршама жүйелі өткізіледі деуге болады. Яғни ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастыру осы негізгі үш бағытта қатар жүреді, өйткені сөздік жұмысы сөйлем құрау үшін де, байланыстырып сөйлеу үшін де негіз болады, ал мәтін құрастыруға және әңгіме айтуға дайындық жасау сөз бен сөйлемсіз іске асуы мүмкін емес. Бірақ бұлайша топтаудың өзі - шартты түрде ғана, яғни ауызша шешен сөйлеу дағдысын қалыптастырудың мазмұнын нені қамтитынын көрсету.

Орта мектеп оқушыларының тілдік қатысым кезінде ауызша шешен сөйлеу дағдылары мен біліктілерінің қалыптасуы үшін қатысымдық тұлғалардың қолданылу заңдылықтары мен ережелерін қарапайым түрде болса да, шәкірттер меңгеруі қажет. Себебі орта мектеп оқушылары ауызша шешен сөйлеуге дағдылану барысында өз ойларын болжайды, жоспарлайды, даярлайды, орындайды, бақылайды және бағалайды. Демек, оқушы өз ойын қатысымдық тұлғалар арқылы өрнектегенде бірінші кезекте мақсатты белгілейді, жеткізбек пікірін ойша болжайды. Ол пікірді қалай жеткізудің тәсілдерін ойластырады, тілдің сөз, сөйлем, т.б. бөлшектерін таңдайды да, жинақтап тұтас мазмұнға біріктіру арқылы жарыққа шығарады. Сондықтан оқушыларды ауызша шешен сөйлеуге дағдыландыруда сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін туралы тіл білімінің қол жеткізген, дәлелденген тұжырымдары басты рөл атқарады.

Қандай жағдаяттарда да сөйленер сөзге қойылар міндетті талаптар тізбегі бар. Олар: әдеби тіл нормаларын сақтау, сөз

дұрыстығы, дәлдігі, айқындығы, мәнерлілігі. Сондықтан да біз шешеннің тілдік мәдениетін дамыту мәселесіне қатысты төмендегідей аспектілерді қарастыру дұрыс деп есептейміз: 1) ауызекі сөйлеу стилі; 2) стилистикалық көркемдеу құралдарын пайдалану; 3) шешендік сөз тіліне қойылар басты талаптарды сақтау.

Шешендік сөз стилін сақтаудың маңыздылығын сонау Аристотельдің өзі айтып кеткен болатын: «... не туралы айтуды білудің бір өзі жеткіліксіз, сонымен бірге оны өз дәрежесінде айту қажет; сөздің тиісті әсер етуіне бұл көп көмектеседі» [1; 127].

Біздің түсінігімізше, функционалды стиль дегеніміз – тілдік құралдарды қарым-қатынас міндеттеріне байланысты іріктеу, байланыстыру және ұйымдастыру ерекшеліктеріне сәйкес қолдану. Стильдің мұндай анықтамасы В.В.Виноградовтың, Т.Г.Винокурдың, А.Н.Гвоздевтың, А.Е.Михневич пен өзге де ғалымдардың еңбектерінде кездеседі.

Сөздің стилі мен жанры шешеннің мақсаты мен ниетіне байланысты айқындалмақ. Тілдік қарым-қатынасқа қатысушылардың мақсаттарына өзінің «Риторика» трактатында Аристотель де көп көңіл бөлген: "Риториканың үш тегі бар, себебі тыңдаушылардың да сонша түрі бар. Тыңдаушы міндетті түрде не жай ғана көрермен болады (шешеннің тек шешендік дарынына ғана назар аударатын адам), не төреші (судья) болады, яғни бұл ретте ол немесе болған істің төрешісі болады (сот мүшесі) немесе болмақ істің төрешісі болады (халық мәжілісінің мүшесі). Сөйтіп, шешендік сөздің табиғи үш тегі шығады: кеңестік, соттық және эпидейктикалық. Кеңестік шешендік сөздің қызметі – тәнтгі ету немесе теріс айналдыру...

Ал соттағы сөздерге келер болсақ, олардың қызметі – айыптау немесе ақтау...

Эпидейктикалық сөздің қызметі – дәріптеу немесе жазғыру. Осы үш тектің мақсаты түрліше. Сөздің үш тегі болуына байланысты мақсат та үш түрлі болмақ: ақыл-кеңес беруші адамның мақсаты – пайда мен зиян...

Бір-бірімен дауласушылардың мақсаты – әділдік пен әділетсіздік...

Мақтаушы немесе даттаушы адамдардың мақсаты – сұлулық пен келеңсіздік...» [1; 24-25]. Аристотель шешеннің «мақсаты» деп «сөйлеу нысанын», яғни сұлулық пен келеңсіздікті, әділеттілік пен әділетсіздікті, пайдалы мен зияндыны айтса, қазіргі риторикада сөйлеушінің мақсаты деп оның түрлі тілдік жағдаяттарда сөйлеген сөзі арқылы жетпек болған нәтижесін атайды.

Дискурстың табиғи тартымдылығы мен образдылығын қамтамасыз етуде троптар мен поэтикалық сөз фигуралары секілді стилистикалық көркемдеу құралдары өте маңызды рөл атқаратыны белгілі. Антикалық (көне грек) риторикада олардың шешендік өнерде

алар орны турасында алғаш рет сөз болған. Қазіргі әдебиеттану ғылымында олардың классификациясы, қолданылуы, айрықша белгілері мен атқарар қызметтері таратыла жазылған.

Олар: эпитеттер, яғни бейнелі анықтамалар, мысалы: соқыр сезім, тәтті күй, риясыз пейіл және т.б.;

Теңеу – яғни екі затты немесе құбылысты бір-бірімен салыстыра отырып, бір затты не құбылысты екіншісінің айрықша белгілерін қолдана отырып суреттеу. Мысалы: арыстандай жүрек, таудай талап, қырандай қайсар.

Метафора - сөз мәнін өңдендіре , өзгерте айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай түсу үшін, өзіне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау. (Бұлбұлмын, тұлпармын, жорғамын, құм-қыстау, өлке-көктеу, өзен-күзеу, жайлауым –жалпақ дала, сөз-жаңбыр, даусым-дауыл, әнім –ескек).

Метонимия - бір сөзді оның мағынасын беретін екінші сөзбен алмастыру: "Жамбылды жатта" ("Жамбылдың жырларын жатта" деудің орнына).

Синекдоха ауыстыру мағынасында қолданылатын сөздердің ерекше бір түрі болып саналады. Синекдоха - зат пен құбылыстың іргелес, шектес келіп, бір атауға ортақтасып, ауысып қолданылуы: *Сенен қалған жалғыз көз мына жатқан. Бұл да жігіт болды енді . Енді барлық көз Байжанға қадалды.*

Гипербола – бір нәрсені әсірелеп айту, ұлғайтып көрсету: "қан судай шашылды".

Кейіптеу – қандай да бір жансыз зат не құбылысқа жанды құбылыстың қасиеттерін таңып, оны жанды етіп көрсету: "ұйтқыған боран киіз үйді дірілдетті", "ай терезеден сығалады", т.б.

Сонымен қатар лексикалық көркемдеуші құралдарға фразеологизмдерді, яғни тұрақты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді жатқызамыз. Көркемдік құралдардың бір тобы «тілдік фигуралар» деген атаумен мәлім. Бұл - стилистикалық синтаксис әдістері. Тарата айтар болсақ, олар: қайталау - сөздің белгілі бір бөлшегін ерекшелеп көрсету үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін қайталап айту. Қайталаудың "анафора" (алғашқы сөздерді қайталау) және "эпифора" (соңғы сөздерді қайталау) атты түрлері белгілі;

антитеза - сөздің әсерлілігін күшейту мақсатындағы бір-біріне мағыналық қарама-қарсы ұғым-түсініктерді бір-біріне қарсы қойып айту;

инверсия - сөйлемнің қалыптасқан құрылымын бұзып сөйлеу;

градация – шығармада қатарласа келтірілген сөздердің әсерлілігі жағынан бір-бірінен асып түсуі;

риторикалық сұрау – бұл сұрау жауапты қажет етпейді, себебі сұрақтың жауабы сұрақтың өзінде болады. Риторикалық сұрау тыңдаушы назарын аудару мақсатында пайдаланылады.

Риторикалық леппен сөйлеу (эксclamанис) – аудиторияның назарын аударып, оны шешен пікіріне қосылуға шақыру мақсатындағы белгілі бір тұжырымды ерекше эмоциялы леппен бекіту, растау немесе теріске шығару: мысалы: «*О времена, о нравы!*» (Цицерон).

Бұл аталған құбылыстарға жақын тұрған тағы бір фигура – бұл риторикалық қаратпа сөз. Мысалы: *О, Жер-ана!* [2].

Тұжырымдай айтсақ:

1. Ауызекі сөйлеу стилі шешеннің алдына қойған мақсат-міндеттеріне тәуелді.

2. Шешендік сөз классификациялары сөздің а) әлеуметтік қызметі (әлеуметтік-саяси, академиялық, сот, әлеуметтік-тұрмыстық, діни), ә) шешеннің сөйлеудегі міндеті (ақпараттық, декларативтік, дәлелдеме, императивтік), б) нақты мақсаты (түсіндіру сөз, сендіру сөз, үндеу сөз және т.б.) белгілеріне негізделген.

3. Шешендік сөздің арнаулы стилистикалық ерекшеліктері бар:

А) ауызекі сөйлеудегі стильдердің араласуы, бір-біріне кірігуі;

Ә) шешеннің жеке-дара өзіндік стилі;

Б) ауызекі сөйленер сөздің өзіндік ерекшеліктері:

- қысқа да жай сөйлемдерді қолданған тиімді;

- ұзын фразаларда риторикалық кезеңдер (периодтар) кең қолданылады;

- риторикалық шығарманы ырғақтық тұрғыдан ұйымдастыру қажет;

- сөйлем құрылымындағы белгілі бір межедегі еркіндік;

- сөз мәтініне қосымша синтаксистік құрылымдардың қатынасуы;

- қыстырма сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдерді қолдану;

4. Шешендік сөзде төмендегідей стилистикалық көркемдеу құралдары кеңінен қолданылады:

а) лексикалық көркемдеу құралдары - троптар мен фразеологизмдер;

б) синтаксистік-поэтикалық сөз фигуралары.

Стилистикалық көркемдеу құралдарын орынды қолдану -

- сөз образдылығын, көркемділігін қамтамасыз етеді;

- сөздің қисынды мазмұнына эмоционалдық реңктерді енгізу сөз ықпалдылығын күшейтеді;

- сөздің ақпараттық қанықтылығын көтереді, қысқа сөзге үлкен мағына сыйғызуға мүмкіндік береді;

- сөздің дұрыс қабылдануының негізін қалап, айтылар ойдың толыққанды да терең түсінілуіне мұрындық болады;

- шешен мен аудиторияның өзара ықпалдасуына, сөзді диалогтандыруға қызмет етеді;

6. Риторикалық шығарма тіліне қойылар негізгі талаптарды сақтау қажет. Олар:

а) сөз дұрыстығы – грамматикалық нормаларды сақтау (морфология мен синтаксистік нормалар), лексикалық және орфоэпиялық нормаларды сақтау.

Тілдік нормалардан ауытқу сөйленген сөзді түсінуді қиындатып, шешенге деген сенімнің азаюына әкеп соғады, нәтижесінде сөздің тиісті ықпалдылығын жояды.

Тілдік нормаларды бұзудан шығатын алуан қателіктерден аулақ болуы үшін шешен әр кез өз тілін жетілдіріп отыруы шарт, сонымен қатар жүйелі түрде анықтамалық әдебиеттер мен грамматикалық сөздіктерді пайдалану әдетін қалыптастыруы қажет;

б) сөз дәлдігі, айқындығы, яғни көпсөзділіктің алуан түрінен бас тарту. Атап айтар болсақ, плеоназмдардан, тавтологиядан, қыстырма сөздер мен сөйлемдерді, тілдік оралымдарды шектен тыс қолданудан, анықтамаларды, әсірелеу құралдарын мөлшерсіз пайдаланудан, паразит сөздерден (иә, расында, яғни, бұл дегеніміз және т.б.) бас тарту;

Сөз дәлдігін ойдың айқындығы, сөйлеуге деген жақсы даярлық, сөз мағыналарын айыра білу (мысалы, сөз стиліне сәйкес тиісті синонимдер қатарынан сөздерді іріктей алу, нақты ұғымдарды пайдалану, өзге тілді сөздердің арасынан, сонымен қатар көнерген сөздер мен терминдер арасынан дәл таба білу, паронимдерді ажырата алу және т.б.) қамтамасыз етпек;

в) сөз қисындылығы, оның басты шарттары:

- сөздердің тіркесуіндегі қарама-қайшылықтардың болмауы;
- сөздердің дұрыс орналасу тәртібі;
- сөз мәтініндегі жекелеген бөлшектердің бір-бірімен дұрыс байланысуы;

г) сөз байлығы. Ол төмендегідей жайттардан көрінеді:

- синонимдердің әр алуандығы;
- фразеологизмдер мен фразеологиялық оралымдарды пайдалану;
- тілдік штамптарға ұрынбау;

д) сөйленер сөздің жағымды естілуі. Оған теріс ықпал ететін жайттардың арасында дауысты мен дауыссыз дыбыстардың реттелмей қолданылуы, бірыңғай немесе ұқсас сөздердің қатарласа орналасуы, бірыңғай қысқа сөздер немесе бірыңғай ұзын сөздердің қатарласа келуін және т.б. жайттарды айтамыз.

Осылайша, сөз фигуралары сөйлеу процесінде үлкен орын алады, сөз мәнерлілігін қамтамасыз етіп, оның мағыналық қырын тереңдетеді. Алайда топтар мен фигураларды шектен тыс қолдану да дұрыс емес, себебі бұл сөзді жасанды, шұбалаңқы, нәрсіз етіп жібереді. Сондықтан да мәнерлеу құралдарын пайдалану міндетті түрде сөйленер сөздің мақсаттары мен қарым-қатынас жағдаяттарына тәуелді болғаны дұрыс, яғни сөздің орындылығын сақтау қажет.

Жоғарыда аталған лингвистикалық құралдарды дұрыс қолдану, аталған ережелерді орынды пайдалану сөйленер сөздің тыңдаушыға дұрыс жетуі мен оның тиісті ықпал етуін қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Античные риторика.* - М., Изд-во МГУ, 1978. - 352 с.
2. *Әдебиеттану терминдерінің сөздігі.* - Алматы: Ғылым, 1998. - 254 б.
3. *Цицерон. Три трактата об ораторском искусстве: Пер. с лат. Под ред. М.Л.Гаспарова.* - М.: Наука, 1972. - 471 с.
4. *Михальская А.К. Основы риторика: Мысль и слово. Учебное пособие для учащихся 10-11 классов общеобразовательных учреждений.* - М.: Просвещение: АО "Московские учебники", 1996. - 414 с.
5. *Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика.* - М.: Изд-во АН СССР, 1963.-255 с.

В данной статье отражены особенности проблемы повышения речевой культуры учащихся на основе преподавания риторика в средних школах.. Аргументируется мысль, что внедрение данной дисциплины в школьную программу способствует повышению общего потенциала учащихся.

In this article the particular problems of raising students's speech culture, based on the teaching of rhetoric in secondary schools are shown. Thought argues that the introduction of the discipline in the school curriculum enhances the overall capacity of students.

УДК 394/395 (075.8)

Мұлдағалиев Б.А. – доцент, ЗКГУ им. М. Утемисова,
Кажимова К.Р. – магистр, ЗКГУ им. М. Утемисова,
Джангужиев М.С. – учитель СШ №10, г.Уральск

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА В ЭТНОКОНФЕССИОНАЛЬНОМ ВОПРОСЕ

Казахстан не только в постсоветском пространстве, но и мировом уровне относится к разряду полиэтнических и многоконфессиональных стран. От решения жизненно важных проблем, ставящих эти два явления общества, будет зависеть будущее, как молодого суверенного государства, так и судьба более 130 этнических групп.

Религия, как форма общественного сознания, оказывает существенное воздействие на отношения людей разных наций, рас и конфессий, на формирование у них национального и общечеловеческого самосознания. На нее ориентирован духовный мир

верующего как один из элементов человеческой цивилизации. В то же время религию нельзя расценивать как самодовлеющую основу духовной культуры, потому что в качестве альтернативы ей атеизм тоже восходит к истокам человеческой духовной культуры.

Необходимо отметить, что сама система религиозных норм зависит от правовых норм, закрепленных в Конституции и законодательных актах государства. Через правовые нормы обеспечивается реализация единых для страны общеобязательных норм взаимоотношений религиозных конфессий.

В Конституции страны, а также в законе РК «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» (1992) были заложены фундаментальные правовые основы для развития религиозных организаций.

Республика Казахстан, согласно ее Конституции, объявлена светским государством. Никакая религия не может устанавливаться в качестве государственной или обязательной. Религиозные объединения отделены от государства и равны перед законом. Каждому гражданину гарантируются свобода совести, свобода вероисповедания, право исповедовать любую религию или не исповедовать никакой. Не допускается пропаганда или агитация, возбуждающие социальную, расовую, национальную или религиозную ненависть и вражду. Запрещается пропаганда социального, национального, религиозного или языкового превосходства. В новом законе о партиях исключена возможность создания партий на этнической или религиозной основах.

С обретением независимости и отказа от государственного атеизма в Казахстане на сегодня зарегистрировано 46 конфессий и почти 4,5 тыс. религиозных объединений.

Доминирующее положение занимают традиционные для казахстанцев конфессии – ислам суннитского толка (ханафитский мазхаб) – 70% верующих и православие - 25%. Руководство осуществляется Духовным управлением мусульман Казахстана и Митрополией округом Русской православной церкви. Укрепляются позиции римско- католической церкви, иудаизма и некоторых других конфессий.

Построено около 1,5 тысяч новых мечетей, открыто более 300 молитвенных приходов, свыше 30 католических костелов, более 1 тысячи молитвенных домов и миссий протестантских церквей. Если до 1991 г. на территории Казахстана была только одна еврейская синагога, то сейчас действует порядка 20. Различными конфессиями сегодня выпускается свыше 30 наименований периодических печатных изданий. Религиозные праздники Курбан айт и Рождество Христово объявлены в Казахстане выходными днями.

Как видим, за годы независимости в Казахстане созданы все условия для мирного существования конфессий на основе постоянного

диалога между ними, инициированного и поддерживаемого государством.

В 2003 году в Алматы состоялась первая Международная конференция мира и согласия, созванная по инициативе Президента страны Н.Назарбаева, где приняли участие представители крупнейших мировых конфессий – ислама, православной и католической церквей, иудейских общин. Здесь же Президентом была выдвинута инициатива о проведении в Казахстане межконфессионального съезда мировых религий. В результате в Астане успешно проведены в 2003, 2006, 2009 годах три Съезда лидеров мировых и традиционных религий. Эти форумы показали не только правильность внешнеполитического курса страны, но и стали свидетельством эффективности уникальной казахстанской модели этноконфессионального сотрудничества.

В условиях многонационального государства вопрос обеспечения для всех равных возможностей, прав и свобод является одним из приоритетов национальной безопасности. Для этого в стране созданы специальные институты и механизмы: Агенства по делам религий, Ассамблея народа Казахстана, постоянно действующего Сопещения по дальнейшей демократизации и развитию гражданского общества, Совет по связям с религиозными объединениями, экспертный совет по изучению религиозной ситуации в стране.

Государственная политика в религиозном вопросе в условиях полиэтнического состава современного Казахстана должна учитывать следующие факторы: недопустимость дискриминации по религиозным признакам; свободное самоопределение человека в его мировоззрении и духовных потребностях; укрепление единства верующих и атеистов в построении демократического общества, достижения общенационального согласия, создания благоприятных условий для наиболее полного раскрытия способностей человека, повышения духовной культуры населения; поддержка миротворческой деятельности религиозных организаций; конструктивного диалога с религиозными образованиями, исповедывающими принципы демократии, гуманизма, ненасилия; противодействие попыткам использования религиозных структур в политической борьбе; создания правовых условий, исключающих попытки ссыкания религии и национального экстремизма, вовлечение верующих в противоправные действия, навязывания молодежи религиозных взглядов.

Для современного Казахстана характерно появление и деятельность на территории страны новых религиозных движений, объединяемых общими свойствами относительной новизны, неопределенностью в целях, организационных формах, характере деятельности. В какой-то мере это связано с тем, что в Казахстане работает 384 миссионера, более чем из 30 зарубежных стран, а в 1990 году их было всего 12 человек.

Известно, что во многих развитых странах государством осуществляется поддержка традиционных конфессий и налагаются серьезные ограничения на деятельность иностранных религиозных миссионеров-проповедников. Это касается Великобритании, Дании, Исландии, Ирландии, Италии, Испании, Германии, Болгарии, Греции и других стран.

Более продуманная вероисповедальная политика нужна и нашей стране, где закон Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях» был принят в 1992 году, основанный на достаточно расплывчатых международных стандартах. Подвергаясь на критику этот закон не претерпел существенных изменений, несмотря на многочисленные проблемы, возникающие в религиозной сфере и государственно-конфессиональных отношениях.

Веротерпимость в государстве, обществе не означает равнозначности любых религиозных взглядов. То есть признание личного права каждого на выбор конфессии, выбор религиозной самоидентификации не должна означать, что для государства с точки зрения формирования жизненно важной для него гражданской, общенациональной идентичности все конфессии равноценны. Это становится особенно очевидным, если учесть возрастающее число новых религиозных сект, вероучений, некоторые из которых проповедует экстремистские взгляды, ненависть к инакомыслящим.

Для современного Казахстана нетрадиционными религиями являются: Церковь «Саентологии», Свидетели иеговы, Общество сознания кришны, Вера Бахаи, «Мормоны» и др.

В связи с этим одним из наиболее актуальных вопросов – потребность в научных работах, исследующих деятельность нетрадиционных течений в стране.

В Казахстанском институте стратегических исследований при Президенте РК было проведено исследование где респондентам был задан вопрос «Какие причины, на ваш взгляд могут нарушить спокойствие и гражданский мир в Казахстане и привести к общественным конфликтам».

Так, 15,5% респондентов считают одним из причин «национально-религиозные конфликты».

В настоящее время в национальный перечень запрещенных в Казахстане террористических и экстремистских структур включены 11 религиозных организации. Например, на основании Верховного суда Республики Казахстан от 15 октября 2004 года на территории страны запрещены деятельность следующих религиозных организаций: «Алькайда», «Исламское движение Восточного Туркестана», «Исламское движение Узбекистана», «Курдский народный конгресс».

Необходимо отметить, что становление Казахстана как независимого государства происходит на основе не религиозной

идентичности, а национальной. Причем словосочетание «национальная идентичность», в данном контексте, предполагает возможность самоидентификации каждого гражданина нашей стране как казахстанца.

Связь этничности и религиозности необходимо рассматривать как связь других разных уровней. В литературе, в разговоре употребляются термины «этноконфессиональные ценности», «этноконфессиональные отношения», «этноконфессиональная политика», в которых подсознательно признается какое-то родство этнического и религиозного. Религиозное и этническое действительно часто оказываются органически слиты. Однако многие религиоведы и социологи обращают внимание на разницу между этничностью и религиозной традицией.

В длинном списке ответов на вопрос: «Кто я?» - всегда выбирается один ответ, самый главный, который определяет жизненный путь и ситуативный выбор. Поэтому в предельном, онтологическом смысле не может быть синергии этнического и религиозного: что-то будет подчинено чему-то. Какая-то идентичность станет основной, базисной, предельной. Так, за Родину умирали во время войны. Умирали потому, что побеждала гражданская идентичность, то есть гражданина своего Отечества. Граждане независимо от этнической принадлежности образует единый народ, принадлежность к которому выступает для них главным идентифицирующим признаком.

В данной теме существует проблема связи и соотношения ислама и культуры народов. Выступая на XVII сессии Ассамблея народа Казахстана Президент Н.Назарбаев отметил, что «удивительно, ни одна из мировых и традиционных религий не рождалась в Великой степи, на нашей земле». Ислам все больше и больше проникает в жизнь населения страны, но как верно заметил К.Бурханов «... мы не праве отходить от традиционной культуры, основанной на собственных этнических особенностях» (Казахстанская правда. 12 апреля 2011). Поэтому нет смысла стремиться полностью принять религиозные традиции, обряды, ритуалы основоположников мусульманской религий, прежде всего персидско-арабскую.

Список использованной литературы:

1. *Общественный фонд «Центр помощи пострадавшим от деструктивных религиозных течений» - Астана, 2009.*
2. *Концепция формирования государственной идентичности Республики Казахстан. Астана, 1996.*

Бұл мақалада Қазақстандағы этноконфессиялық саясат қарастырылады.

In this article the rules of law in mutual relations of the state and religious confessions are considered the state policy of polyethnic Kazakhstan in a religions question is spoken about.

УДК 821.161.1

*Евстратов А. Н.-
доцент, ЗКГУ им. М. Утемисова*

«ОСТРОВ САХАЛИН» А. П. ЧЕХОВА КАК СИНТЕЗ ХУДОЖЕСТВЕННОСТИ И ПУБЛИЦИСТИКИ

Книга «Остров Сахалин» явилась результатом путешествия А. П. Чехова на Сахалин в июле - октябре 1890 года.

Путешествие было связано со всё растущим у Чехова к концу 80-х годов критическим отношением к социальной действительности, чувством ответственности перед народом и своей страной, с неудовлетворённостью своим творчеством. Неудовлетворённый только что совершённым путешествием по Кавказу и Крыму, Чехов хотел заглянуть в такие уголки России, где несправедливость, деспотизм, насилие были особенно обнажены, и, сделав это достоянием гласности, вызвать в обществе чувство ответственности за то, что происходит в стране. С другой стороны, Чехов как бы отвечал на установившееся в либеральной, народнической критике мнение о нем как о бесстрашном, беспринципном, индифферентном к проблемам социальной действительности писателе.

Решительно осуждая тех современных писателей, которые не знали «ни истории, ни географии, ни естественных наук, ни религии родной страны, ни администрации, ни судопроизводства» (письмо Суворину от 15 мая 1889 года), Чехов перед началом поездки проделявает огромную подготовительную работу: изучает уголовное право, историю тюремного заключения и ссылки в России, историю колонизации Сахалина; знакомится с работами исследователей острова, с газетными и журнальными корреспонденциями, с официальными правительственными отчётами. По имевшимся в его распоряжении источникам Чехов пишет некоторые части будущей книги, которые не требовали личных наблюдений. Пожалуй, никто до Чехова не работал над книгой путевых очерков таким образом. Как правило, написание книги, цикла проходило после путешествия. Здесь же автор научную, статистическую, документальную часть пишет загодя, как бы уже заранее предполагая, что книга станет своеобразным синтезом очеркового произведения, в котором сочетаются научные, публицистические и художественные элементы [8].

Споры о книге Чехова в среде литературоведов продолжаются и сегодня.

Проблема жанра «Острова Сахалина» объективно выдвигается в центр внимания и оказывается ключом для понимания как самой

книги, так и её места в творчестве писателя.

Так что же представляет собою «Остров Сахалин»: научное исследование, очерк, трактат или глубина научного исследования соединяется в ней с художественностью?

Подготавливая «Остров Сахалин» для печати, писатель искал наиболее удовлетворяющей его формы изложения - единство научного, публицистического и художественного элементов. Строго научное освещение фактического материала должно было, по замыслу автора, сочетаться с художественными зарисовками картин быта каторжных и ссыльных, при этом манера повествования должна быть строго объективной. «То, что Вы когда-то читали у меня, забудьте, ибо то фальшиво. Я долго писал и долго чувствовал, что иду не по той дороге, пока, наконец, не уловил фальши. Фальшь была именно в том, что я как будто кого-то хочу своим «Сахалином» научить и вместе с тем что-то скрываю и сдерживаю себя. Но как только я стал изображать, каким чудачком я чувствовал себя на Сахалине и какие там свиньи, то мне стало легко...» (письмо Суворину от 28 июля 1893 г., 2, с. 565).

Уже при первом знакомстве с чеховскими сахалинскими очерками мы видим в них живые зарисовки наблюдательного талантливого художника, тонко очерченные характеры и пейзажи.

М. Л. Семанова отметила, что книга довольно чётко делится на две части: «Первые тринадцать глав строятся как очерки путевые; главы XIV - XXIII – как очерки проблемные» [5]. Это разграничение, в общем, бесспорно.

Однако помимо такого «материального» членения текста нужно учитывать наличие в каждой из этих частей и во всей книге двух тематических линий: истории чеховского путешествия и жизни человека на каторге. Постоянно переплетаясь, создавая своеобразный контрапункт, эти линии представляют внутренне структурное единство книги. Ведущей оказывается история путешественника. Его движение в пространстве и во времени, осмысление им увиденного, его ищущая мысль и становится магистральным «сюжетом» книги. А главным изобразительным элементом выступает, по словам самого автора, «анекдот» [5].

«Анекдот» в «Острове Сахалине» типологически родственен «микросюжету» или записи в записной книжке. Он тоже «микропроизведение», освещающее и поясняющее главный сюжет, иллюстрирующее ту или иную затрагиваемую тему. Таких «микропроизведений» в «Сахалине» более шестидесяти. Иногда они разрастаются, превращаются в самостоятельный вставной сюжет; порой это небольшая сценка, но чаще всего - услышанный, рассказанный, записанный факт, лишённый, казалось бы, всякой эмоциональности, но на самом деле, при включении в магнитное поле

книги, в сопоставлении с другими микросюжетами, приобретающий самые разные эмоциональные оттенки. Без понимания функции таких образных элементов в сахалинской книге невозможно постичь подлинное богатство её интонаций при внешней сухости, наполненности цифрами и примечаниями.

Действительно, интонация книги может показаться сухой, почти протокольной. Чехов посещает тюрьмы, идет из селения в селение, из дома в дом, с севера на юг, подробно перечисляет состав населения, его занятия, ссылается на многочисленные научные труды. Например, географические характеристики Сахалина вполне укладываются в стиль научной литературы:

«Сахалин лежит в Охотском море, загораживая собою от океана почти тысячу верст восточного берега Сибири и вход в устье Амура. Он имеет форму, удлинённую с севера на юг, и фигурую, по мнению одного из авторов, напоминает стерлядь. Географическое положение его определяется так: от 45° 54' до 54° 53' с. ш. и от 141° 40' до 144° 53' в. д. Северная часть Сахалина, через которую проходит линия вечно промёрзлой почвы, по своему положению соответствует Рязанской губ., а южная - Крыму. Длина острова 900 вёрст; наибольшая его ширина равняется 125 и наименьшая 25 верстам. Он вдвое больше Греции и в полтора раза больше Дании».

Это лишь только один пример научного взгляда на исследуемую Чеховым проблему. Автор вообще далёк от какого-либо субъективизма. Чехов сознательно лишал свое произведение внешней занимательности, он отказался от зарисовки сенсационных случаев, исключил из окончательной редакции нашумевшую историю, бывшей баронессы, каторжанки Геймбрук, историю таинственного каторжника Колосовского, ссыльного офицера Ландсберга.

Дух скрупулёзного, дотошно научного отчёта, казалось бы, преобладает в «Острове «Сахалине».

Однако это не совсем так или же совсем не так. Практически на каждой странице мы находим суждения, мысли откровенно публицистической направленности, яркого гражданского пафоса. Вместо идеализированной картины жизни и труда сахалинских поселенцев, будто бы обеспеченных «инструментами и материалами, необходимыми для производимых на острове работ» («Обзор десятилетней деятельности Главного тюремного управления 1879 - 1889 гг.». Изд. 1890), Чехов создаёт правдивую картину: «Поселенцы отправились к месту буквально с голыми руками. Из жалости им были даны из тюрьмы старые топоры, чтобы они могли нарубить себе лесу»... «На новое место, обыкновенно болотистое и покрытое лесом, поселенец является, имея с собой только плотничий топор, пилу и лопату. Он рубит лес, корчует, роет канавы, чтобы осушить место, и все время, пока идут эти подготовительные работы, живёт под

открытым небом, на сырой земле».

Вместо восторженного отзыва тюремного управления о постройке «Туннеля Александра III», «замечательного сооружения» на Сахалине, которое якобы «служит хорошим началом полезных работ в этом, отдалённом крае» («Отчет Главного тюремного управления за 1 883 г.», СПб. 1885).

Чехов пишет: «Рыли его [туннель], не посоветовавшись с инженером, без затей, и в результате вышло темно, криво и грязно. Сооружение это стоило очень дорого, но оно оказалось ненужным, так как при существовании хорошей горной дороги нет нужды ездить по береговой, проезд по которой стеснен условиями отлива и прилива... Рыли туннель, заведующие работами катались по рельсам в вагоне с надписью «Александровск - Пристань», а каторжные в это время жили в грязных, сырых юртах, потому что для постройки казарм не хватало людей».

Уже на второй странице книги в эпически бесстрастное повествование включается упоминание об эксплуатации гиляков в «оригинальной форме»: «Так, николаевский купец Иванов, ныне покойный, каждое лето ездил на Сахалин и брал там с гиляков дань, а неисправных плательщиков истязал и вешал». И далее на протяжении всей книги микросюжеты такого рода выстраиваются в особый ряд, многократно пересекаются и соотносятся, взламывая, взрывая спокойную интонацию примечаний и перечислений. На рудниках случается люди едят сальные свечи, случается «даже поедают друг друга, но это относится не к туристам и не к чиновникам».

Иногда микросюжет не сгущает, а разряжает атмосферу. В повествовании появляется - опять-таки виденный через факт - юмор, однако не без горечи. Чехов вспоминает сахалинского сторожила штабс-капитана Шишмарёва, который поселился на острове так давно, что «даже сочинили легенду о происхождении Сахалина», в которой имя этого офицера тесно связано с геологическими переворотами: когда-то, в отдалённые времена, Сахалина не было вовсе, но вдруг, вследствие вулканических причин, поднялась подводная скала выше уровня моря, и на ней сидели два существа - сивуч и штабс-капитан Шишмарев. Говорят, что он ходил в вязаном сюртуке с погонами и инородцев в казённых бумагах называл так: «дикие обитатели лесов».

Зоркий глаз Чехова ловит и курьёзные фамилии каторжников: Шкандыба, Желудок, Безбожный, Зевака; в другом селении снова «девять человек Безбожных, Зарывай, Река, Бублик, Сивокобылка»; встречается даже «каторжный, которого зовут Наполеоном». Потом автор вспомнит, иллюстрируя «избыток» населения в Корсаковском округе, где предложение труда мастеров намного превышает спрос, фразу ещё одного каторжника: «Тут даже фальшивых бумажек сбывать негде». В описание Александровского

лазарета, его ужасающей бедности, будет вкраплена такая ироническая деталь: «В аптеке всё ново, всё лоснится, есть даже бюст Боткина, слепленный одним каторжником по фотографии. «Немного непохож», - говорил фельдшер, глядя на этот бюст». «Эпизоды» такого рода аналогичны многочисленным микросюжетам, где через курьезное, казалось бы, случайное, подчёркивается отклонение человеческой жизни от нормы.

Чувство юмора не изменяет Чехову и здесь. А поскольку главным героем является именно он, путешественник, то этот юмор, умение посмеяться над самим собой, увидеть комическое, в, казалось бы, совершенно не комических ситуациях, распространяется, в первую очередь, на него самого. Вот как он передает впечатления от встреч с каторжными только что по приезде на остров:

«Такая близость (с каторжными) в первое время с непривычки смущает и приводит в недоумение. Идешь мимо какой-нибудь постройки, тут каторжные с топорами, пилами и молотками. А ну, думаешь, размахнется и трахнет! Или придешь к знакомому и, не заставши дома, сядешь писать ему записку, а сзади в это время стоит и ждёт его слуга каторжный с ножом, которым он только что чистил в кухне картофель».

Но такие просветы, выходы в юмористическое в «Сахалине» сравнительно немногочисленны. Чаще звучит горькая нота. Рассказывая о быте ссыльнопоселенцев, Чехов пишет: «Если есть собаки, но вялые, не злые <...> И почему-то эти смиренные, безобидные собаки на привязи. Если есть свинья, то с колодкой на шее. Петух тоже привязан за ногу.

- Зачем это у тебя собака и петух привязаны? - спрашиваю хозяина». И что же Чехов слышит в ответ? - «У нас на Сахалине все на цепи <...> Земля уж такая».

... И входят в книгу два палача, которые по очереди беспощадно секут друг друга, напоминая автору паков в банке; бродяги, убивающие после спровоцированного ими же побега своих товарищей, грабящие их и спокойно возвращающиеся обратно в тюрьму... Кажется, нет таких преступлений, таких способов унижения человека, какие бы не существовали на Сахалине.

«Остров Сахалин» - жестокая и страшная книга, хотя автор нигде не акцентирует этого. Мелькающее несколько раз на её страницах слово «ад» получает реальное обоснование. «Я был <...> в аду», - скажет Чехов, вернувшись с острова. Изображенный Чеховым сахалинский ад не принимает, однако, фантастически расплывчатых, гиперболических очертаний - он увиден при реальном свете дня. Автор далёк от мыслей о врождённой испорченности человеческой природы, о фатальной неискоренимости зла, а также от того, чтобы прямолинейно расставить акценты: страдающие каторжники и

топырақ қабаттарын қамтуы тиіс. Оның тереңдігі әдетте 150-300 см аралығында болады. Негізгі кесінділерді рельефтің барлық формаларына қаза беруге болады. Жартылай кесінділер топырақ тип тармақтары мен түрлерінің таралу шекараларын анықтау мақсатында пайдаланылады. Жартылай кесінділердің тереңдігі 75-100 см. Жекелеген топырақ типтерінің, тип тармақтарының, түрлерінің шекараларын анықтауда прикопклар пайдаланылады. Олардың тереңдігі әдетте 25-75 см. Топырақ кесінділерін жолдардың жиегіне, ауыспалы егістік танаптарының бұрыштарына, ауыл шаруашылық егістері мен мал жайылымдық жерлерінің шеттеріне қазуға болмайды. Топырақ кесіндісі ұзындығы 120-150 см, ені 60-80 см-дей болатындай етіп төрт бұрыштап қазылады. Кесіндінің қысқа жағы кейін топырақты сипаттайтын беттік жақ болып табылады. Бұл бетіне жарық жақсы түсуі тиіс, яғни күнге қарама-қарсы жақ болуы керек. Кесіндінің осы қабырғасын және екі бүйір қабырғаларын тегістеп қазады. Төртінші қабырғаға кесіндіге түсу үшін баспалдақ етіп қазған қолайлы. Кесіндіні қазу кезінде топырақты оң және сол жаққа шығарып лақтырады. Бір жағына беттік қарашірікті қабаттың топырағын лақтырса, екінші жағына терең қабаттардың топырағын шығарады. Беттік сипаттама жасалатын қабырғаның үстіне топырақ тастауға немесе аяқпен таптауға мүлдем болмайды. Жұмыс аяқталған соң кесіндіні кері көмеді, алдымен терең қабаттың, артынан қарашірікті қабаттардың топырақтарын салып көмеді.

Кесіндіні қазып болған соң, оған сипаттама бермес бұрын беттік қабырғасын пышақпен немесе кішкентай күрекпен тегістеп, оның табиғи қалыптағы күйіне келтіру қажет. Түсіне, жаңа заттарға, құрылымына және басқа да морфологиялық белгілеріне қарай топырақ кесіндісін генетикалық қабаттарға бөледі, ал қабаттар шекараларын пышақпен немесе күрекпен бөледі. Маталы метрлікпен нольдік бөлгіші топырақтың жоғарғы деңгейімен бірдей келетіндей етіп қойып алып, әрбір қабаттың тереңдігі мен қалыңдығын өлшейді. Күнделікке түсті қарындаштармен қабаттарды көрсете отырып суретін салады және тамыр жүйесінің даму сипатын, жаңа заттарды белгілеп, «топырақтың қайнауын» тексереді. «Топырақтың қайнауын» тексеру үшін 10%-дық НСІ ерітіндісін қолданады. «Топырақтың қайнауын» тексеру кезінде топырақ кесегін алып, оның үстіне қышқыл ерітіндісін тамызады. Одан соң әр қабатты морфологиялық сипаттауға кіріседі. Оның түсін, ылғалдылығын, механикалық құрамын, тамыр жүйесінің таралу сипатын, құрылымын, тұтқырлығын, ондағы жаңа заттар мен кірме заттарды, бір қабаттан екіншісіне ауысу сипатын анықтайды. Морфологиялық сипаттаманы нақты әрі дәл жасау қажет. Топырақ қабаттарының суретін сәйкес қабаттан ылғалды топырақ алып жағу арқылы жасайды. Морфологиялық сипаттама бергеннен соң

топырақтың типі, тип тармағы, түрі анықталып, оның толық атауы күнделікке жазылады.

Қабаттарға морфологиялық сипаттама бергеннен соң, әр қабаттан камеральды өңдеу үшін топырақ үлгілері алынады. Топырақ үлгілерін қабаттың орта тұсынан алған дұрыс. Екі қабаттың шекарасынан алуға мүлдем болмайды. Үлгілер алар алдында қабырғасы қайта тазартылып, пышақпен үлгі алынатын жер белгіленеді. Оның қалыңдығы 10 см-ден аспауы тиіс.

Әрбір үлгі үшін кесінді нөмірі, генетикалық қабаты көрсетілген, үлгіні алу тереңдігі көрсетілген этикетка жазылады. Онда үлгі алынған күн салынып, зерттеушінің қолы қойылады. Этикетканы қара қарындашпен толтырады да, үлгі салынған қағаздың шеткі бұрышына жапсырылады.

Оқытушының нұсқауы бойынша кесінділердің қабырғасынан топырақ монолиті, яғни табиғи күйі бұзылмаған тереңдігі 1 м-дей болатын топырақ кесіндісінің призмасы алынады. Монолитті екі студент алуы шарт. Монолит түбі шуруптармен бұралатын арнайы жәшіктермен алынады. Монолит жәшіктерінің стандартты мөлшері 100x200x5 см. Монолит алу барысында топырақ кесіндісін 150 см-ге дейін тереңдетіп, енін 80 см-ге дейін кеңейтеді де, алдыңғы қабырға мұқият тазартылады. Одан соң жәшіктің қақпағы мен түбін бұрап алып, жәшік рамасын топырақ кесіндісінің жоғарғы бетімен бір деңгейде болатындай етіп жапсырылады. Пышақ пен жәшіктің ішкі өлшемі бойынша топырақ кесіндісіне сыза отырып белгіленеді. Одан соң монолитті кесуге кіріседі. Ол үшін жәшіктің дәл өлшеміндей етіп топырақ кесіндісінен бағана кесіледі де, оған монолит жәшігі кигізіледі. Алдымен төменгі, артынан жоғарғы бөлігі кигізіледі де, түбі бұралып бекітіледі. Қорапшаны тек бағана мөлшері нақты келген кезде ғана кигізу қажет екендігін ұмытпаған жөн. Жәшік қорапшасы кигізілгеннен соң, монолит бүйір және жоғарғы жағынан күрекпен кесіліп, түбіне дейін ойылады. Алынған монолитті кесіндіден бөліп алып, артық топырақ бөліктерін пышақпен ақырындап қорапша бойымен тегістеп тазартылады. Жәшіктің бүйірлік қабырғасына топырақтың атауы, монолитті алу орны мен уақыты және топ нөмірі көрсетіледі [3, 4, 5].

Түсінікті болу мақсатында жоғарыда аталған әдістемеге сүйене отырып, Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны аумағында 25.05.2006 жылы қазылған еркекшөп (*Agropyron pectinatum*) қауымдастығы астындағы топырақ қабатының кесіндісінің морфологиялық сипаттамасын берелік [6].

1. Топырақ түрі: Қара-қоңыр әлсіз сортанды топырақ



А (0-33) қабаты – түсі қара-қоңыр, ылғалды, орташа саздақты, құрылымы жоғарғы бөлігінде орташа кесекті, төменгі бөлігіне қарай ірілеу кесекті болып келеді. Өсімдік тамырлары көп. Ауысуы біртіндеп.

В (33-55) қабаты – қоңыр құба түсті, дымқылдау, ауыр саздақты. Өсімдік тамырлары кездеседі.

ВС (55<) қабаты – сарғыш түсті, карбонатты жаңа заттар кездеседі.

2. 15.09.2006 ж. қазылған қара-қоңыр орташа саздақты шайылған топырақ кесіндісінің сипаттамасы:



А (0-35 см) қабаты – түсі қара-қоңыр, ылғалды, орташа саздақты, тығыздалған, құрылымы жоғарғы шанды-кесекті болып келеді. Өсімдік тамырлары көп. Ауысуы біртіндеп.

В (35-52см) қабаты – қоңыр құба түсті, дымқылдау, орташа саздақты. Өсімдік тамырлары кездеседі.

ВС (52-70см) қабаты – сарғыш түсті, карбонатты жаңа заттар шайылған.

С (70<) қабаты – сарғыш түсті карбонатты саз.

3. 15.09.2006 ж. қазылған қара-қоңыр ауыр саздақты карбонатты топырақ кесіндісінің сипаттамасы:

А (0-33 см) қабаты – түсі қоңыр-сұр, ылғалды, ауыр саздақты, тығыздалған, құрылымы кесекті-шанды болып келеді, өсімдік тамырлары көп, ауысуы біртіндеп.

В (33-51см) қабаты – қоңыр құба түсті, құрылымы кесекті, орташа саздақты, өсімдік тамырлары кездеседі.

ВС (51-70 см) қабаты – сарғыш түсті, кесекті, орташа саздақты.

С (70<) қабаты – сарғыш түсті карбонатты теңіздік саз [7, 8].

Сонымен біз өлкеміздегі кеңінен таралған әртүрлі сортаңдалу дәрежесіндегі қара-қоңыр топырақтарға зерттеулер жүргізіп, топырақ кескінінің генетикалық қабаттарына сипаттама бердік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. ҚР МЖМ 3. 08. Астана, 2006.
2. Александрова Л.Н., Найденова О.А. Лабораторно-практические занятия по почвоведению. Издательство «Колос», 1967.
3. Асанов Ж.А. Ауыл шаруашылық негіздері (топырақ тану, егін шаруашылығы, агрохимия) курсы бойынша методикалық нұсқау. Алматы, 1987.
4. Мырзаханов Н. Ауыл шаруашылық негіздеріне арналған тәжірибе құралы. / Оқулық/ Алматы. Республикалық баспа кабинеті. 1994.
5. Жамалбеков Е., Білдебаева Р. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы. Алматы, 2000.
6. Дарбаева Т., Отаубаева А., Цыганкова Т. Батыс Қазақстан облысының өсімдік әлемі. Орал, 2001
7. Кажиахметов С.А. Студенттерге «Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны аймағының топырақ қабаттарын сипаттау» тақырыбын ұсыну әдістемесі // «Ұлттық білім беру жүйесін жаңарту және адам ресурстарының жаңа сапасын қалыптастырудағы оның рөлі». Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. Орал, 18-19 мамыр, 2009 жыл. 189-191 беттер.
8. Петренко А.З., Фартушина М.М. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998.

В статье рассмотрены методологические аспекты полевого исследования почв на основе краеведческих материалов.

Article considered the methodological aspects of the field study of soils on the basis of local history materials.

ӘОЖ 793.3.7.01.

Рахметова А.А. -

№ 41 ЖОББМ-тің хореография пәнінің оқытушысы

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ БИ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Әр халықтың эстетикалық дүниетанымы, көркемдік мәдениеті - өзіне тән өнер туындыларымен ерекшеленетіні өмір шындығы. Ұрпақ тәрбиесінде, туған халқымыздың ұлттық өнерін, оның нәзік те көркем сырын ұғындыру баланың әсемдікті түсіне білуге баулу құралы екені сөзсіз. Сондықтан, мектепте өнерге деген қызығушылықты қалыптастырып, эстетикалық тәрбие беруде әннің, музыканың, би өнерінің, бейнелеу өнерінің рөлі өте зор. Соның ішінде қазақ би өнері жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруде маңызды.

Қазақ биін үйрену сабағы мен оның жаңа ережесінің дұрыс екендігін өмірдің өзі анықтап берді. Республика мәдени өмірі мен көркемөнерінен ұлттық би өнері де өз орнын алды. Жалпы, көркемөнердің қай тегі мен саласының ең басты міндеті адамдардың рухани өмірін көрсету болса, би өнері де әсем қимылдарын көркемдік бейнелеу құралдары етіп ала отырып, адамдардың бақытты өмірін, қажырлы еңбегін би тілімен суреттеп беруді мақсат тұтты. Биді тұла бойы тұнған поэзиялық сұлулық десек, оның оралымдарын, тұңғиық, терең сезімін жұртшылық жүрегіне сол қалпында мөлдіретіп жеткізе білу де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Би ырғақтары сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, әдет-ғұрпына, тағы басқа ұлттық ерекшеліктеріне тән қимылдармен өрнектеледі. Халық әндерінен туындаған бұл ұлттық билер өнеріміздің қорына қосылды.

Халық билерінің, оның ішінде қазақ билерінің өзіндік ерекшеліктері мен орындалу ерекшеліктері, орындалу өрнектерін жете білу үшін алдымен қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпымен, салтымен, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып келе жатқан қасиетті дәстүрлерімен танысу – жастар алдында тұрған қасиетті міндет.

Ұлт мәдениетінің маңызы және оның жеке тұлғаның рухани дамуына тигізер әсері туралы ой-пікірлердің қалыптасуына Ш.Уәлиханов, В.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев сынды халқымыздың ойшылдары, ағартушылары мен өнер қайраткерлерінің қосқан үлесі зор болды.

Мектеп балаларға ғылым негіздерін оқыта отырып, жүйелі білім беру арқылы олардың өздерінің қоршаған дүние туралы көзқарасын қалыптастырады. Ал, би – ұжымшылдықты, тапқырлықты, қырағылықты, ойлампаздықты дамытатын құбылыс. Осы өнер арқылы

оқушылар өмірге сеніммен қарауды үйренеді. Өмір құбылыстарын өз қимылымен бейнелеп беруге жаттығады. Тіпті сол арқылы белгілі халықтың рухани дүниесінің көрінісі әшекейленеді. Сергектік, белсенділік, тағы осы сияқтылар да би құбылысын жетік білетін оқушыларда күшті дамыған болады. Демек, би үйренуден бойды аулақ салудың терістігі өзінен-өзі түсінікті.

Би өнерінің әліппесі ең алдымен денені түзу ұстап үйретуден басталуға тиіс. Кейбір жастардың жүріс-тұрысы сәлекеттеу болып келеді. Мәселен, денесін былқ-сылқ бос ұстап, екі иығы, қолдары епетейсіз салбырап, мойынын ішіне тартып бүкірейіп жүретіндер бар. Әсіресе, қыз балалардың жүрісі өте әсем болғаны жөн. Жасыратыны жоқ қазіргі жастардың билей білмеуі мәдениеттен марқұм қалуы деген сөз. Ал, жастарға осындай қастерлі өнерді үйрететін басты ошақтың бірі – мектеп. Мектеп оқушылары би үйірмелеріне қатысу арқылы ең алдымен өзінің денсаулығын нығайтады. Денесінің сымбатты болуына, жүргенде бұралаң-қисалаңсыз, оғаш-сәлекетсіз болуына мүмкіндік береді. Ұлы педагог А.С.Макаренконың мұғалімдер алдында жасаған баяндамасында мынадай сөздер бар: «Дұрыс жүре білу, дұрыс тұра білу, дұрыс сыпайылық көрсету ойыншық нәрсе емес». Осы сөздердің астарында үлкен мән жатыр. Жүріс-тұрыста сыпайылық болумен қатар, би үйірмесінде үнемі айналысқан оқушының бүкір, еңкіш болмайтындығын көреміз. Мұның өзі оның қатынас мәдениетінің жақсы болуына да қажетті жай.

Мектеп қабырғасындағы бастауыш сынып (1-4 сынып) оқушыларына би сабағы ойындар арқылы берілуі тиіс. Ұлт ойындары халық өнерінің негізі, оның тәрбиелік маңызы мен жасөспірімдердің болашақ өмірінің бастамасы болып табылады. Халқымыз тәрбие жемісін ерте татуды ұнатады. Тәрбие нәтижесі баланың нағыз жалын атқан кезінде көрінуі керек. Демек, бала бойында қалыптасып келе жатқан адамгершілік қасиеттер оның өте жас кезінен-ақ байқалады. Сондықтан да қазақ халқының қоғамдық тұрмысы, рухани өмірі баланың ерте ер жетуіне себепші болған.

Ә.Диваев өз еңбегінде: «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі көшпелі қазақ халқының этнографиясын зерттеуші ғалымдардың назарынан тыс қалған мәселелердің бірі - ұлт ойындарының тәрбиелік маңызы». Бұл негізде Ә.Диваев жан-жақты зерттей келіп, «...кімде-кім қазақ халқының арасында болып, күнделікті тұрмысымен танысса, сол жанұядағы бала тәрбиесінің әрқилы жақтарын, ойыншықтардың, ойындардың, бала тәрбиелеуде қаншалықты мәні бар екенін біледі» - деп ескертеді. Халық ауыз әдебиетінің қағидасына сүйенетін болсақ, онда қазақ балаларының жас ерекшеліктеріне қарай: «бір жасқа дейін нәресте, бір жастан жетіге дейін сәби, сегізден он төртке дейін жасөспірім, он бестен жиырма

беске дейін жігіт» - деп, төрт топқа бөледі.

Осы дәстүрлі қағиданың негізіне сүйене отырып ұлт ойындарын төрт топқа бөледі. Үшінші топтағы жасөспірімдер мектеп қабырғасындағы балалар. Сондықтан да оларға дене тәрбиесі немесе би үйірмелері, би сабақтары арқылы қозғалмалы ойындар беріледі. Осы орайда мектептегі «Ырғақ», «Халық биі» пәндерінің рөлі өте зор. 1-4 сынып оқушыларына берілетін би сабақтарына халық ойындары «Ұшты-ұшты», «Күміс алу», ән-би ойыны «Соқыр теке», «Айгөлек», «Көги-көк», әуенді-би ойыны «Аңдардың айтысы», т.б. ойындар енгізілуі керек.

Жоғарғы сыныптағы (5-11 сынып) оқушыларға сабақты күрделендіру үшін қазақ биінің спецификалық қол қалыптарына комбинация көрсетіп, қазақтың ірі-ірі билерін пайдалануға болады. Қазақ биінің өзіндік ерекшеліктерімен алғашқы танысу керек. Екі қолдың, екі аяқтың, дененің, бастың қимыл қозғалыстары станок жанындағы және сахна ортасындағы жаттығулар кезінде қандай болуы тиіс екендігін меңгеру жөн. Жекелеген қимыл қозғалыстар мен би этюдтерін орындаудың сипаты, мәнері, стилі туралы алғашқы түсініктерді бірте-бірте дұрыс қалыптастыру жолы алға қойылады. Ш.Жиенқұлованың қазақ би қимылдарына экзерсистер, жылқы малына шығарылған би қимылдарын үйренуі керек. Қазақтар тұрмысында «ер қанаты - аттың» ерекше орын алғаны белгілі. Бұл халықтың әдет-ғұрпында, ұлттық ойындарында, эпосы мен күйінде, өлең-жырларында айрықша қастерленетін ат туралы түсінік жігіттің қайратын, жылқының жүрісін бейнелейтін көптеген билерге де алтын арқау болып енген. Мысалы, «Қара жорға», «Тепең көк», «Жорғалау», «Жорғаға еліктеу» сияқты халық билері ғасырлар бойғы өзгерістерді бастан кешіріп бізге жетті. Олар алғашқыда көпшіліктің бәрінің қатысуымен орындалатын салт-саналық мазмұннан бірте-бірте би ойынына айналған, ал кейін ырғақ жеке адамның сезім иірімдерін бейнелейтін, қайратты, батыл, оңтайлы жігіттер бейнесін сомдайтын дәстүрлі би үлгілері болып қалыптасады. Бұл бейнелерден сол замандардағы халықтың арман-мұраты көрініс береді.

Қыздардың садақ, жеңіл қылыш ұстауы да жиі кездеседі. Бұл – жаугершілік заманнан қалған белгі. Қазақ халқының батырлық жырларымен аздап таныстығы бар адам, әйелдер мен қыздардың да ерлермен бірдей қолына қару ұстап, өз жұртын сыртқы жаулардан қорғағанын білетін болар. Халық жырлары мен аңыздарында тек қыздардың сұлулығы, ақылдылығы, жарға адалдығы ғана қастерленіп қоймай, олардың батырлығы мен батылдығы да жоғары бағаланған. Жүздеген жылдар көгін сыналып өтіп, бізге жеткен сол билердің бір үлгісі – «Қылышпен би» деп аталады. Онда жаумен ымырасыз күреске шыққан жас арудың өз халқының тағдыры туралы, соғыс салған

қасірет хақындағы ащы ойлары бейнеленген.

Еңбек процесіне қойылған билер «Кесте», «Өрмек би», «Ұршық», «Киіз басу» - бұлар адам еңбегімен тығыз байланыста дамыған билер. Мысалға, кейбір өзгерістермен біздің заманымызға жеткен халықтың би ойыны «Өрнек бидің» негізінде әйелдер ғана айналысатын тоқыма өнері жатса, «Өрмек өру» биінде өз ісіне риза болған шебердің бейнесі барша сезім иірімдерімен жақсы ашылады.

Қазақстанның көрнекті балетмейстерлері қойған билерін үйреніп, нақышына келтіріп орындау жас ұрпақты қазақтың би мәдениетімен хабардар етеді. Мысалы, Ш.Жиенқұлованың «Айжан қыз», «Қазақ вальсі», Ә.Ысмайловтың «Құсбегі-дауылпаз», Д.Әбіровтің «Қоштасу», «Алтынай», «Балбырауын», З.Райбаевтың «Мерекелік сюита», «Шолпы», «Ата толғауы», «Биші қайың», Б.Аюхановтың «Аққу», О.Всеволодская-Голушкевичтің «Кербез би», «Киіз басу», т.б. билерін оқу бағдарламаларына енгізілуі тиіс.

V сыныптан бастап сабақтың күрделендірілуіне байланысты классикалық экзерсистің орны ерекше. Адамның көркемдік шығармашылығы қай салада болсын белгілі бір ептілікті, шеберлікті, қалыптасқан машықты талап етеді. Осы ептілікке, шеберлікке, машыққа ие болу үшін оған би шығармашылығындағы классикалық экзерсис үлкен көмегін тигізеді.

Классикалық экзерсис, тіпті оның ең қарапайым элементтері мен ең шағын көлемінің өзі де дене бітімінің дамуында болатын кемістіктер мен тұрпайы дағдыларды (аяқтың қисықтығы, еңкіштік, дененің икемсіздігі) түзеуге айрықша көмегін тигізеді. Аяқ пен бұлшық еттерінің күшін барынша жетілдіреді. Кез келген күнделікті қимылдың табиғи жарасымдылығы мен сұлулығы үшін аса маңызды, әрі би қимылдарының бәріне де қатысатын дене мүшелерінің – басты еркін әрі түзу ұстау дағдысын қалыптастыра отырып, қолдың, иықтың, мойынның еркін және дұрыс бұрылуын жетілдіреді. Туа пайда болған немесе классикалық экзерсиспен қалыптасқан аяқтың созыла бұратылуы арқылы ғана оның икемділігі артады. Созыла бұратылудың жетілуі – кез-келген қозғалысты еркін орындауға мүмкіндік берудің, классикалық экзерсистің негізгі элементтерін меңгерудің басты мақсаттарының бірі. Ал, қазақ би экзерсисі – халық биінің өзіндік қимыл ерекшелігі мен ұлттық бояуын сақтап қалу үшін, оны қате үйретуден сақтандыру мақсатында жасалған жаттығулар жиынтығы. Ол аяқтың, қолдың, дененің халықта қалыптасқан қимылдарының негізінде құралады. Аяқ үшін ұзақ және тиянақты тәрбиені қажет ететін бірқатар жаттығулардың негізі қазақтың пластикалық эстетикасының кейбір принциптері жинақталған қимылдар болып саналады.

Осыған байланысты оларды тиісті бастықтырғыштармен (станоктармен) еден ортасында жасау бұл қимылдарды орындау үшін қажетті дағдылар мен қабілетке ие болу үшін керекті бұлшық еттердің күшін дамытатын жаттығулар қызметін атқарады. Экзерсиске арналған бұл қимылдар билеу технологиясының басты, қажетті дағдылары мен шеберлігін тәрбиелеп қана қоймайды, дәлірек айтқанда, қазақтың би мәдениетінің ежелден орныққан өзіндік сипаты мен эстетикасындағы дәстүрлер мен мүмкіндіктерді меңгеруге тәрбиелейді. Дәстүр халықтың сан ғасырлық, көркемдікке тән даналығы мен дүниеге келіп толыққан баға жетпес байлығын және бидің ұлттық бояуын танытады.

Қорыта келе, халықтың баға жетпес рухани байлығы – сиқырлы сазды билеріндегі оның көркемдік және адамгершілік сипаттары жас ұрпақты жарасымды етіп тәрбиелеудің аса пәрменді құралы. Балалық шақта алған ізгі әсер адамның бойында өшпестей із қалдырады. Бұл – адамгершілік пен көркемдік сезімнің дамуы үшін жасалған тиянақты негіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жиенқұлова Ш. Сымбат. –Алматы: Өнер, 1987.
2. Жиенқұлова Ш. Тайна танца. -Алма-Ата:Өнер, 1980.
3. Әбіров Д. Т. Балабақшаға арналған билер. Алматы, «Рауан», 1996.
4. Абиров Д. Т. История казахского танца. Алматы, «Санат», 1997.
5. Ваганова А.Я. Основы классического танца. Л., 1943.
6. Всеволодская-Голушкевич О. Пять казахских танцев. -Алма-Ата: Өнер, 1988.
7. Всеволодская-Голушкевич О. Бақсы ойыны. –Алматы: Рауан, 1996.

В статье рассматривается роль танцевального искусства в эстетическом воспитании учащихся.

The article describes the role of dancing up of estetical trining pupils.

ӘОЖ 821.411.21

*Сабыр М.Б. - ф.ғ.д., профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

ҚҰТЫПТЫҢ «ХҰСРАУ МЕН ШЫРЫН» ПОЭМАСЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАР

Қазіргі қазақ тілінің тарихи көне түркі, орта түркі дәуіріндегі түркі тайпаларының тілімен, тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты. Түркі тілдерінің, әсіресе қыпшақ тобына кіретін қазіргі қазақ тілінің тарихи даму кезеңдерін зерттеу үшін, тарихи-салыстырмалы грамматикасы мен лексикологиясын жазуда орта ғасыр қыпшақ жазба ескерткіштерінің алар орны ерекше. Сондай жазба жәдігерліктің бірі - Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы тілінің қазақ тілі тарихи грамматикасы үшін маңызы зор. Жазба ескерткіштің морфологиялық ерекшеліктерін қазақ тілімен, қажет болған жағдайда басқа туыстас түркі тілдерімен салыстыра зерттеу қашан да нәтижелі болмақ.

Жалпы ғылымда Алтын Орда және Мәмлүк жерінде пайда болған ескерткіштер екі түрлі оғыз-қыпшақ не қыпшақ-оғыз аралас тілде жазылған деген көзқарас қалыптасқан [1,6]. Дей тұрғанмен осы ескерткіштің лексикологиясын зерттеуде қыпшақтық элементтер көп екенін байқадық. Сондықтан “Хұсрау мен Шырын” поэмасының тіліндегі грамматикалық категорияларды қазіргі қазақ тілінің морфологиялық ерекшеліктерімен салыстыра талдап, диахрониялық тұрғыдан зерттеу - ана тіліміздің түркі тілдері жүйесіндегі орнын белгілеуге, орта ғасырлардағы күйін, жекелеген морфологиялық көрсеткіштерінің өзгеру тетігін, сол арқылы тілдің грамматикалық құрылысының даму үрдісін айқындауға септігін тигізеді.

Түркітануда қалыптасқан тұжырымдарға сүйене отырып, жазба жәдігерлік тіліндегі септік жалғауларды зерделеп көрейік. Қазіргі түркі тілдеріндегі, солардың бірі қазақ тіліндегі септеу категориясын тарихи барлауда сүйенетін тірек – көне түркі, орта түркі дәуірлерінен бізге жеткен жазба ескерткіштері екені белгілі. Осы жазба деректерде түркі тілдерінің көне дәуірлерінде септелудің үш түрлі жүйесі болғандығы байқалады. Олар: жай септеу, тәуелдеулі сөздердің септелуі және есімдіктердің септелуі.

Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы тілінде өзге қыпшақ ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдеріндегі секілді жеті септік бар. Атау септіктерінен басқалары арнаулы қосымшалар арқылы жасалады. Дыбыс үндестігіне қарай әрбір жалғау бірнеше фонетикалық вариантта қолданылады. Сондай-ақ сөздердің жекеше, көпше және тәуелдік формаларына жалғанады. Алдыңғы екеуін жай септеу, ал соңғысын тәуелді септеу делінетіндігін білеміз. Жалпы септік жалғаулары зат есімдерге тән категория болғанымен де, басқа есім сөз таптарының қай-қайсы да (*біріндін, үскінда, сізга, йүгірмак бірла*), сондай-ақ етістіктің есімше (*ачганда, кирдүкдә*), көсемше (*қурумаздан*) формалары да қолданылу ерекшелігіне қарай септелетіндігі мәлім.

Атау септігі. Қазіргі түркі тілдерінің қайсысында да атау септікті сөздің түбір, негіз қалпынан бөлектейтіндей арнаулы аффикс жоқ. Атау септік формасы, бір жағынан, басқа септіктердің формалары мен мағыналарын салыстырып ажырату үшін қабылданған негізгі форма болса, екінші жағынан, ол тек белгілі бір затты атау үшін ғана емес, одан әлдеқайда кең грамматикалық қызмет атқаратындықтан, арнайы талданатын негізгі форма ретінде қаралады. Ол - өзінің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ, сөздердің жекеше, көпше және тәуелдік тұлғалары. Ескерткіш тілінде атау тұлғалы сөз көп кездеседі. Ошбу тағ етагінде **үнгүр** бар (13в-26) - сол таудың етегінде **үңгір** бар; **Туман** йаңлығ тарылды тун (80в-23) - **Тұман** сияқты тарылды түн.

Тутайын **йер** тейү йер аны тутты (52р-5) - ұстайын деп жерді, **жер** оны ұстады; Йана қалмасу теб бу **дафтар** айтур (58р-39) -және қалмасын бұл **дәптер** деп айтар; Ошбу тағ етагінде **онгур** бар (14в-29) - осы тау етегінде **үңгір** бар; Шамағ көрса күйар **парвана** хал біл (70в-26) - шаш көрсе күйер **көбелек**, жақсы біл; Табса **сыхат** төкмадік қан (24в-36) - тапса **шындық** төкпесін қан, т.б.

Ілік септігі. Түркологияда ілік қосымшасының этимологиясы туралы едәуір пікір айтылады. В.В.Радлов ілік септіктің алғашқы тұлғасы *—ың* деп қарайды да, бұның өзі о баста тәуелдік жалғауы болған, жіктеу және сілтеу есімдіктеріне ғана жалғанған дейді. Әуелі есімдіктер құрамында қолданылуымен байланысты, есімдіктің соңғы дыбысы морфологиялық ығысудың нәтижесінде аффикстің құрамына ауысып кетуі мүмкін деп қарайды. В.В.Радловтың осы пікірін көп өзгеріссіз В.А.Богородицкий де қайталайды. В.А.Богородицкийдің түсіндіруінше, морфологиялық ығысу арқылы есімдіктер құрамында қалыптасқан *—ның* аналогия жолымен басқа есім сөздерге де ауысты. Кейін есім сөздерде осы *—ның* аффиксін қабылдайтын болды. Ал *—ның* тұлғасының құрамын Г.Рамстедт былайша түсіндіреді: алғашында *—н* түрінде болған ілік жалғауы дауыссыз дыбыстарға біткен түбірлерге жалғанғанда алдынан «жалғастырушы» дауысты дыбыс қосып алса керек. Содан кейін түбірдің соңғы дыбысы қосымшаға ығысудың

нәтижесінде *–ның* қалыптасады [3,148]. Көне қыпшақ ескерткіштерінде *ың, ін, уң, үн, ның, нің, нуң, наң, нән* секілді түрлі фонетикалық варианттарда ұшырасатын ілік септігі жалғауы біз қарастырып отырған жәдігерлік тілінде дауыссыз дыбыстардан соң *–да, – нүң*, түрінде жалғанады. Дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздерден кейін: Түзатті барбад үш **қылда** аханг (97р-16) - түзетті барбат үш қылдың әуенін; Масіхі йел толуб **түннүң** дымағы (22р - 4)– самал жел толып түннің көңіл-күйіне; Тікансіз һіч **чічакнің** асғы болмаз (25р-20) – тікенсіз еш шешектің артығы болмас, т.б. Дауысты дыбыстардан кейін – **ның, – нун** түрінде жалғанады: Сорап **шаһзаданың** тұрған маканын (22р-4)-сұрар шаһзаданың тұрған мекенін; **Хаталарыңның** көкін хақ сөзлаб үзді (4р-28) – қателеріңнің негізін ақ сөзбен үзді.

Барыс септігі. Қазіргі қазақ тілінде бұл септіктегі сөз әрқашан етістік мүшемен (сөзбен) тікелей де, жанай да байланысып, негізінде, қимылдың бағытын, мақсатын білдіреді [3,111]. Қазақ тілінде барыс септік тұлғасы *–қа, –ға, (–ке,–ге)* екені белгілі. Егер сөз тәуелдік жалғауы болса, онда алдыңғы *ғ, к (г, қ)* дыбыстары түсіп қалады да, тек *–а,–е* түрінде ғана жалғанады. Барыс септігі жалғаулары өзі жалғанатын сөздердің лексикалық мағыналарына қарай іс-әрекеттің бағытталған мекенін білдіреді [4,155]. «Хұсрау мен Шырын» поэмасы тілінде барыс септігі жай септеуде дауыссыз дыбыстардан кейін көбіне–а түрінде жалғанады. Мысалы: **йұлдузчыларқ–а** айды ол шаһ (97 в -18) – жұлдыз санаушыларға айтты ол шаһ, Йасіртег **йасірг–а** теггайсан (92р - 1) – жесірдей жесірге тигейсің. Сонымен қатар қолжазба тілінде қыпшақтық *–қа, –қа, –ға* тұлғаларын да кездестіруге болады. Мысалы: Ікі азунны бір **ханға** берміш (6р- 27) – екі дүниені бір ханға берген; **Көкка** үвга да йайылмыш (13в- 11) – көкке, үйге де жайылған; Іліндім ол **тузаққа** халым ошбу (40в- 8) – іліндім ол тұзаққа қалым осы, Йетарбіз **таңқа** теб хукім етса болмаз (42в- 41) – жетерміз таңға деп үкім етсе болмас; Табсам тілаб **ігімга** дарман (24в- 33) – тапсам тілеп ауруыма дәрмен, т.б. Барыс септігі жалғаулы сөздер мынадай мағыналарда жұмсалған, біріншіден іс-әрекеттің бағытталған, істелетін орнын білдіреді: **Көкка** үвга да йайылмыш (13в- 11) – көкке, үйге де жайылған. Қимыл есімдерге жалғанып, іс-әрекеттің мақсатын білдіреді: Табсам тілаб **ігімга** дарман (24в- 33) – тапсам тілеп ауруыма дәрмен. Амалдың уақытын білдіреді: **таңқа** теб хукім етса болмаз (42в- 41) – жетерміз таңға деп үкім етсе болмас.

Табыс септігі. Бұл септіктегі сөздер етістікпен байланысып, сөйлемде тура толықтауыш болып қызмет атқарады. Табыс септіктің қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалары бір-бірінен соншалық алыстап кетпейді. Түркі тілдерінің көпшілігінде дерлік табыс жалғауы *–н* дыбысынан басталады, тек біразында ғана (соның ішінде қазақ тілінде) *–д,–т* дыбыстарынан басталатын варианттар кездеседі. Соңғыларының

пайда болуы түбір мен қосымшаның шегінде болатын дыбыс үндестігіне байланысты сөздің соңғы дыбысының қасиетіне сәйкес келіп шыққан.

Табыс септік жалғауының пайда болуын бірсыпыра зерттеушілер ілік септік тұлғасымен байланыстырады. А.Н.Кононов табыс септігінің көне түркі тіліндегі тұлғасы $-s(-ys, -is)$ ілік септік жалғауы құрамындағы мұрын жолды $-ң$ дыбысының $(-ың)$ өзгеруінен шыққан деп болжайды [4,157].

Жазба ескерткіш тілінде табыс септігі төмендегідей жұрнақтармен кездеседі: **-ны, -ы, -ні, -ға, -ін**. Мысалы: Маңа **хурман-ны** ол темаз (83р- 34) - маған құрманды ал демес; Не **харф-ы** окурман мақсудым сан (4р- 12) – не әріпті оқысам да, мақсатым сен; Бу **харба-ны** алдың(90в- 16), – бұл сайманды алдың; арук күнтег йарутты ой бу **түн-ні** (41в- 29) – жарық күндей жарық етті ай бұл түнді, Йок ерса йерсан аңсызда **табақ-ны** (52р- 30) – жоқ болса, жерсің аңсызда табакты; Бағышлар бір **надімға** таж у тонын (33р- 15)- бағыштар бір жақын жолдасына; Күрса уза Шірін **шакл-ін** йонды (64в- 42) – тақ үстіне Шырынның мүсінін жонды.

Жатыс септігі. Бұл септіктегі сөздер негізінде көлемдік, мекендік және мезгілдік мағына береді. Осыған сәйкес, сөйлемде беретін мағынасына қарай жанама толықтауыш та, мезгіл пысықтауыш та, кейде орнына қарай баяндауыш та болады. Жатыс жалғауы сыртқы тұлғалық жағынан тарихқа белгілі ежелгі дәуірлерден біздің тілімізге дейін көп өзгеріссіз жеткен. Тіл дамуының барысында бұл септік жалғауы қызметі мен етістіктерге қатысты қолданылуы жағынан ғана кейбір өзгерістерге ұшыраған[4,159]. Жазба мұрағат тілінде жатыс септігі жалғауы көне ескерткіштер тілі мен қазіргі қыпшақ тілдерінен өзгешелігі жоқ. Буын үндестігіне қарай **-да, -де, -та, -те** болып екі түрлі фонетикалық вариантта қолданылған: Улаш өзүмні **імган-да** тұтарман (156в- 5) – үнемі өзімді еңбекте ұстармын; Бірі **тоқлуқ-да** өліміш бірі ачын (107в- 22) – бірі тоқтықта өлген, бірі аштықпен; **Ісігілікда** ош антунтег сарардым(101б-12) - ыстықтық-та – алтын сынды сарғайдым; **Чашма-да** Шірінға йолукқаны (22р- 41) – бұлақта Шірінге жолыққаны; Йабурғақ кім нитак төклүр **хізан-да** (45в- 23) – жапырақ неліктен төгілер күзде.

Шығыс септігі іс-амал, қимыл-әрекеттердің шыққан орнын, себебін, мезгілін, мөлшерін және басқа әр қилы мағыналарды білдіреді [3,128]. Ортағасырлық қыпшақ жазбалары мен қазіргі түркі тілдерінде **-дін, -дын** секілді екі фонетикалық вариант та кездеседі. Зерттеушілер – **дын** жұрнағын көне ұйғыр дәстүрінен келе жатқан элемент екенін айтады. Поэма тілінде қысаң дауысты – **дын** формасы ғана кездесіп отырады. Мысалы: чікак ранг алды анбар һам **мендін**(37р- 6) – шешек рең алды янтарь мен меннен; **Һавадын** інді аңсызда бу лачын (39в- 26)

– ауадан түсті аңсызда бұл лашын; Бу **шартымдын** қайтсам (64в- 26)– бұл шартымнан қайтсам; Бу күйүкда **тірігліктің** усандым (66в- 30) - бұл күйікте тірліктен бездім;

Шығыс септігі мынадай мәндерде қолданылған: қимыл-әрекеттің көзін, шығатын, өріс алатын объектісін білдіреді: **тынығындын** от сача(111в - 23) - тынысынан от шаша, іс-әрекеттің орындалу мақсатын білдіреді: бу **шартымдын** қайтсам – бұл шартымнан қайтсам(64в - 26). Бұл мағыналардың ешбірі де түркі тілдеріне таңсық емес.

Көмектес септігі. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде жоқ септік жалғауы – көмектес септік. Бұл септік іс-амалдың құралы мен тәсілін, мекені мен мезгілін, ортақтасу, бірлесу, астасу, ұштасу сияқты жай-күй қатынастарын және басқа әр алуан мағыналарды білдіреді [4,151]. Септік мәні жазба ескерткіш тілінде **бірла** шылаулары арқылы және - **ын** жалғауы арқылы жасалады; **тікан бірла** йарашмыштег чічак(14р - 38) - тікенмен жарасқандай шешек; **Қулаңларын** өз елгін тартты ол барк(93р - 22) – қайыстармен өз қолын тартты берік.

Қорыта айтқанда, салыстырмалы тарихи әдіске сүйеніп, екі кезең деректерін саралай қарастырғанда жазба ескерткіш тіліндегі грамматикалық қор қазіргі қазақ тіліне өте жақын екендігі байқалады. Қазіргі таңдағы грамматикалық құрылымы жетілген қазақ тілі бір ғасырдың жемісі емес, оның грамматикалық қалыптасу жолдарының бір кезеңі орта ғасыр жазба ескерткіштерінде жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.М.Сабыр. *Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде)*, Алматы: Қазақ университеті, 2004 ж.
- 2.А.Ибатов. *Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» поэмасының сөздігі*, Алматы, 1974 ж.
- 3.М.Томанов. *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы*, Алматы-1988.
- 4.Ә.Керімұлы. *Түркі әдебиеті ескерткіштеріндегі сөз жасайтын жұрнақтар*. Алматы-1988.

Автор в своей статье проводит сравнительный анализ особенностей склонения слов в поэме Кутыпа «Курсауи Шырын».

УДК 81'42

*Абуханова А.Г.-
к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова*

РЕКЛАМНЫЙ ТЕКСТ: ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИССЛЕДОВАНИЯ

Рекламный текст является одним из древнейших типов текста. Реклама впервые появилась в Древнем Мире и представляла собой объявление о продаже с указанием основных характеристик товара при их необходимости. В настоящее время рекламные тексты охватывают всё многообразие видов человеческой деятельности на рубеже научно-технического прогресса. И чем развитее общество, тем чаще наиболее престижные и самые последние достижения научно-технического прогресса рекламируются на страницах газет и журналов. Несмотря на долгий и непростой путь становления, бесспорную значимость для общества, рекламные тексты, в отличие от художественных, не подвергались научному изучению в течение многих веков их существования.

Лингвистический интерес к ним возникает в Германии в начале XX столетия. На территории бывшего СССР, а ныне СНГ, прочный интерес к изучению рекламных текстов возникает в 90-х годах прошлого столетия. Новые экономические и политические условия развития этих стран способствуют развитию коммерческой, научно-технической и политической рекламы, развивается и социальная реклама. Нельзя не согласиться с Щёкиной Н.М., которая констатирует, что «язык рекламы является отражением сложных законов функционирования современного общества» [18, 21].

Актуальность исследования рекламных текстов на современном этапе обусловлена потребностями общества в изучении основных текстовых категорий рекламы, фрагментарностью их описания, необходимостью изучения присущих рекламным текстам структурных, функциональных, содержательных особенностей, прагматического потенциала единиц разных уровней, недостаточной изученностью специфики перевода рекламы.

В связи с тем, что рекламные тексты публикуются в средствах массовой информации, а также звучат по радио и телевидению, многие исследователи считают рекламные тексты **жанром** текстов массовой коммуникации. Вместе с тем ряд авторов указывают на наличие ряда жанров рекламы. Филимонов А.В., в частности, к жанрам политической рекламы причисляет листовки, брошюры, плакаты, Интернет баннеры, прямые Интернет и почтовые рассылки, теле- и радио-ролики [17].

Наличие ряда рекламных жанров, подтверждаемое целым рядом ученых [5], [7], [11] свидетельствует о существовании **подстиля** языка массовой коммуникации, характеризующегося наличием совокупности типических черт. Мы присоединяемся к мнению тех учёных, которые рассматривают рекламный текст как **подстиль** языка массовой коммуникации [7], [11].

Характерной чертой современного языкознания является антропоцентризм, обуславливающий цели и задачи, объект и предмет современных исследований. В области изучения рекламных текстов имеются определенные достижения, освещение которых является одной из целей данной статьи.

В настоящее время следует отметить единство мнений лингвистов относительно того, что рекламный дискурс является элементом массово-информационного пространства. Рекламные тексты выполняют самые разнообразные функции: способствуют сбыту товаров и услуг, пропагандируют здоровый образ жизни, продвигают интересы политических партий и их лидеров. С точки зрения **языковых функций**, им приписывают функции апелляции и побуждения (т.н. персуазивная функция).

Можно считать доказанным, что целью рекламного текста является прямое или косвенное побуждение к действию. Если прямое побуждение к действию выражается посредством форм повелительного наклонения, то косвенное побуждение к действию выражается, в частности, с помощью модального глагола **can**. По мнению Кудиновой И.А., модальный глагол **can** “обладает эксплицитно выраженной побудительностью (категоричностью) и используется в рекламе со значением возможности или способности сделать что-либо. Он в большей степени воздействует на читателя и является причиной адекватной реакции реципиента после воздействия на него рекламного сообщения” [10].

Изучение рекламных текстов как особой разновидности текстов массовой коммуникации выдвигает задачи исследования специфики их композиционного строения.

Анализ структуры рекламного текста был нами дан в статье «Композиционные особенности и характерные черты письменных рекламных текстов» [1].

Для иллюстрации композиционной структуры рекламного текста приведем следующий пример:

Linde. Ideas that create markets.

Mobility has a future. A future assured by the energy source hydrogen which, in combustion, forms nothing but pure water. In the global growth market now developing, we already enjoy pivotal positions. Because we've been advancing hydrogen technology and its innovative applications for years. Today we master all hydrogen production and collection processes. A know-how lead with which we are further expanding our world market leadership in this sector.

For further information: + 49 65482 36684

Linde

We know how.

Проведенное нами исследование позволило заключить, что рекламный тип текста часто содержит «ориентировку» - объявление о рекламе. В телевизионных текстах на экранах появляется «ориентировка» - «Реклама». На радио и в газетах «ориентировка» часто звучит или пишется под заголовком «Объявления». Но подобной ориентировки может и не быть, так как письменная форма языка имеет свои средства привлечения внимания читающего: размер кегля, шрифт, разрядка, цвет и т.д., которые могут взять на себя роль «ориентировки».

Альтернативой объявлению в рекламных текстах служит заголовок. В анализируемом случае – это «Linde. Ideas that create markets». Цель заголовка – привлечь внимание потенциального покупателя товаров и услуг. Далее может следовать подзаголовок. Подзаголовок – это вторая специфически рекламная деталь. В тех случаях, где он имеется, подзаголовок выполняет роль связующего звена между заголовком и основным текстом.

Сообщение, как часть структуры рекламного текста может иметь, в свою очередь, зачин (инициальную часть), основной текст (медиальную часть) и заключение (финальную часть). Например, в анализируемом нами примере имеется и зачин, и основной текст, и заключение. В тех случаях, когда рекламный текст короткий, он имеет только основную часть.

Ланговскому термину «кода» [20], или заключительной фразе, соответствует «заключение» рекламного текста.

Следующей специфической деталью композиционного построения рекламного текста является наличие рекламного лозунга.

Рекламный лозунг – это сконцентрированное выражение отношения рекламодателя к предмету или объекту рекламирования. В анализируемом нами примере рекламным лозунгом является We know how. Таким образом, наши исследования показали, что письменное рекламное объявление (рекламный лист) имеет следующую композиционную схему: (Объявление о рекламе) – заголовок – подзаголовок – основной текст – рекламный лозунг – (указание адреса, № телефона, электронной почты и шифра сайта в Интернет).

Через пять лет после опубликования нашей статьи была защищена кандидатская диссертация «Специфика языка рекламных сообщений и их перевода в рамках межкультурной коммуникации: на материале немецкой и русской журнальной рекламы» Борняковой И.В. [4].

В качестве основных составляющих композиционной структуры рекламного текста Борнякова И.В. выделяет пять частей: слоган, заголовок, основной рекламный текст, изображение, дополнительная информация. Особое внимание следует обратить на то, что Борнякова И.В. включает изображение в текст письменного рекламного сообщения. Эта точка зрения никак не может разделяться нами, так как картинки, схемы, таблицы, диаграммы и т.д. репрезентируют иную семиотическую систему. В нашем анализе рекламного текста мы имеем в виду письменную форму языка как знаковой системы, представленную соответствующими графемами как единицами плана ее выражения. Знаки визуального изображения, не являясь графемами, не могут представлять письменную форму языка в строго терминологическом смысле. Следовательно, рассмотрение визуального ряда (таблиц, диаграмм и т.д.), как репрезентирующего письмо и письменный текст, неправомерно и, разумеется, изображение не может рассматриваться как элемент композиционного построения письменного рекламного текста.

Рекламные тексты, как объект современных лингвистических штудий, привлекают внимание ярко выраженной прагматической направленностью, использованием языковых ресурсов с целью воздействия как на конкретного индивида, так и на общество в целом, привлечением невербальных составляющих рекламного сообщения. При создании рекламного текста учитываются менталитет, национально-культурная среда, фоновые знания, система предполагаемых ценностей целевой аудитории [4], [7], [11], [13], [14], [17].

Все указанные факторы, влияющие на создание рекламного текста находятся в центре внимания современных исследователей. Проводятся исследования в области коммерческой, научно-технической, политической и социальной рекламы [8], [13], [14], [18],

имеющие как большое теоретическое, так и прикладное значение.

Показательным в этом плане является исследование Филимонова А.В., посвященное риторическим особенностям политической рекламы [17]. В своей работе Филимонов А.В. обращает внимание на то, что политика оказывает огромное влияние на все сферы современного общества. Далее автор подчеркивает, что изучение коммуникации вообще и языка политики, в частности, является чрезвычайно актуальным научным направлением [17]. Филимоновым А.В. исследованы текстологические и лингвостилистические свойства англоязычной политической рекламы в свете теории риторики, выявлены особенности их структуры и языка, обусловленные риторической направленностью данной разновидности речевой коммуникации.

Работа в плане выявления средств выражения семантико-стилистического содержания высказывания продолжается.

Ярким примером антропоцентризма современного языкознания является разработка актуальнейшего направления в изучении слога и слогоделения - когнитивной силлабики. Когнитивная силлабика, по мнению С.В. Дечевой, изучает “как и в каких целях слог и слогоделение используется в процессе человеческого общения” [6].

С.В.Дечева считает, что слоговая фонетика аффектов есть “сознательное использование говорящим особенностей английского слогоделения, а именно: способность отдельных слогов приобретать в речи необычную (несвойственную им на эмическом уровне) степень выделенности для передачи особого семантико-стилистического содержания высказывания в соответствии с интенцией лица, производящего речь” [6,58].

Мысли Дечевой С.В. о слогоделении, служащем целям наиболее эффективного общения, нашли освещение в изучении слоговой организации рекламного текста в кандидатской диссертации Лубковой Е.В. на тему “Силлабика рекламного текста: на материале англоязычной рекламы” [12].

В своем научном исследовании Лубкова Е.В. выявила основные характеристики слоговой организации рекламы и их функционально-прагматическую обусловленность. Лубкова Е.В. делает особый акцент на использовании в рекламе слогов с сонантами, что, по мнению автора, “увеличивает его звучность, способствует процессу семантизации за счет закрепления семантического влияния символикой звуковой формы” [12]. Далее Лубкова Е.В. делает вывод о том, что насыщение текста “максимально сонорными звуками носит сложный прагматически - обусловленный характер” [12].

Насыщенность рекламного текста сонорными звуками подтверждается и нашими исследованиями. Приведем в качестве

примера следующие заголовки, а также отдельные предложения из рекламных объявлений: «**Let's make things better**», «**Hacker copying client list**», «**Call France was 7p Now 4p Per Minute**» и т.д.

Достижением научной работы Лубковой Е.В. является установление зависимости между типом коммуникативной стратегии и слоговыми приёмами, участвующими в её реализации. Автор доказывает, что в рационально-ориентированной рекламе, направленной на реализацию стратегии уникального торгового предложения, предпочтение отдается словам со сложной акцентно-силлабической структурой.

Для эмоционально-ориентированной рекламы характерным является усиление голосового компонента, который, в свою очередь, способствует усилению звучности и мелодичности текста.

Универсальными приемами, ориентированным как на рациональное, так и на эмоциональное в человеке, являются приёмы единого слогового типа и приём ритмизации. Таким образом, в практике составления рекламы необходим обязательный учёт силлабического аспекта.

Необходимо отметить, что семантические и стилистические аспекты языковых единиц разных уровней являются предметом исследования современных работ, посвященных анализу рекламных текстов. Сами рекламные тексты изучаются на трёх уровнях:

- семантическом (анализ прямых значений языковых единиц);
- метасемиотическом (анализ метафорических, образных значений);
- метаметасемиотическом (анализ идейно-образного или идейно-этического содержания произведения речи) [14].

На необходимость изучения изобразительно-выразительных средств, используемых при создании рекламных текстов, мы обратили внимание в работе «К вопросу языковых особенностей рекламных текстов» [2]. Нами были рассмотрены наиболее часто используемые в рекламных текстах изобразительно-выразительные средства: анафора, градация, анадиплосис, аллюзия, метафора, сравнение, кольцевой повтор и аллитерация.

Рассмотрим, в частности, следующий пример:

Invisible Contribution. Visible Success.

Invisible contribution – The effects of newly developed plastics are not always obvious at first glance. But, like many of our solutions, they are crucial. They make entire roof systems lighter and more resilient at the same time. And they are only part of our many innovations for the automotive industry. Visible Success – Working closely with customers in many industries, we develop and optimize solutions. The results of these partnerships are worth seeing. Improved processes, increased quality and lower costs contribute to the success of our customers. And a better quality of life for us all.	BASF The Chemical Company
---	--

В заглавии данного текста используется такой прием, как антитеза. Антитеза – стилистическая фигура, усиливающая выразительность за счет столкновения в одном контексте прямо противоположных понятий: в данном случае это – **invisible – visible**.

Этот краткий, но содержательный заголовок характеризуется также наличием ассоциативных связей и аллюзией. Ассоциативные связи наблюдаются между словами **contribution** и **success**.

В анализируемом тексте применяется такой вид повтора, как анафора: повтор личного местоимения **they**, используемого во втором предложении, наблюдается в начале третьего и четвертого предложений. Анафора подчеркивает мысль о том, что решения и результаты работы химической компании **BASF** имеют решающее (**crucial**) значение для автомобильной промышленности. Эпитет **crucial** – решающий дает начало ассоциативному ряду: **crucial solutions – crucial success**, т.е. решающий вклад обеспечивает решающий успех.

Второй абзац анализируемого текста начинается с антитезы «**Visible success**», противопоставляемой словосочетанию «**Invisible contribution**», употребленному в первом абзаце. Во второй части текста используется синонимический повтор: слово **effects** заменяется

словом **results, crucial** - на **worth seeing**. Как гласит текст, составляющими успеха компании **BASF** являются: **improved processes, increased quality** и **lower costs**. Цитированное предложение, содержащее ассонанс, - повторение звука [i] – энергично завершает текст об успехах компании **BASF**, которые будут, в свою очередь, способствовать успеху ее клиентов и покупателей. Таким образом, можно заключить, что решительное использование имеющихся стилистических изобразительно-выразительных средств поможет решающему успеху данной рекламной компании.

Одним из недостаточно исследованных художественных приемов, используемых в рекламных текстах, по мнению Борняковой И.В., является интертекстуальность [4].

Предлагая обобщенное понимание текста и интертекстуальности, Р. Барт в своей работе «Удовольствие от текста» дает классическое определение интертекстуальности: «Всякий текст есть между-текст по отношению к какому-то другому тексту, но эту интертекстуальность не следует понимать так, что у текста есть какое-то происхождение; всякие поиски «источников» и «влияний» соответствуют мифу о филиации произведений, текст же образуется из анонимных, неуловимых и вместе с тем уже читанных цитат – из цитат без кавычек» [3, 418]. Таким образом, в широком понимании интертекстуальность представляет собой всеобъемлющее явление, онтологическое свойство любого текста.

Более узко рассматривает интертекстуальность Ж. Женет в своей книге «Палимпсесты» (1998 г.): интертекстуальность – «Это не первоэлементы литературы, но всего лишь один из типов взаимозависимостей, в ней существующих» [19].

Обозначая все явные и неявные отношения между текстами термином транстекстуальность, Ж. Женет выделяет внутри нее пять типов отношений: 1) интертекстуальность как сопричастие в одном тексте двух или более текстов (цитата, аллюзия, плагиат и т.д.); 2) паратекстуальность как отношение текста к своему заглавию, к своему послесловию, эпиграфу и т.д.; 3) метатекстуальность как комментирующая и часто критическая ссылка на свой предтекст; 4) гипертекстуальность как осмеяние и пародирование одним текстом другого; 5) архитекстуальность, понимаемая как жанровая связь текстов. Эти основные классы интертекстуальности Женет делит затем на многочисленные подклассы и типы и прослеживает их взаимосвязи [19].

Интертекстуальность действительно является одним из эффективных приемов воздействия, применяемом при создании рекламного текста и обладает значительным прагматическим потенциалом.

Например, в приведенном нами примере рекламного текста под заголовком «Linde. Ideas that create markets» содержится слоган «**We know how**». Эта заключительная фраза продолжает игру слов «**a know – how lead**» - «**we know how**». Она несет в себе сильный воздействующий потенциал, подтверждая высокий профессиональный уровень компании и разработчиков ее рекламы.

Заголовок рекламного текста «**Invisible Contribution. Visible Success**» – это современная аллюзия на пословицу «**There is no sweet without some sweat**» - «Без труда не вынешь рыбку из пруда». Таким образом, авторы данного рекламного сообщения пытаются подчеркнуть, что без определенного вклада (contribution), не будет успеха (success).

Подводя итог достижениям в области исследований рекламного текста, следует отметить, что все уровни языка, их прагматический потенциал, а также их изобразительно-выразительные возможности подверглись тщательному изучению с самых разных позиций: собственно лингвистических, социолингвистических, культурологических, прагматических, психолингвистических и т.д. [11], [16], [4].

Научные изыскания в этой области весьма перспективны и своевременны.

Актуальными для Казахстана являются исследования политической рекламы. На наш взгляд это перспективное направление исследований, в первую очередь, для казаховедения, а также необходимы сравнительно-сопоставительные исследования политической рекламы на трех языках: казахском, русском и английском.

Рекламные тексты, несомненно, являются отражением языковой картины мира представителей различных социумов и национально-культурных сообществ. В этом плане также недостаточно исследований общего и различного, закономерного и случайного, лингвистически и социально обусловленного. Различные речевые жанры рекламы, рассмотренные с указанных точек зрения, еще ждут своих исследователей.

Социальная реклама является отражением насущных общественных проблем, стремится разрешить социальные проблемы, предлагает пути их решения. Она может служить пропаганде гуманистических идеалов и ценностей общества, призывать к поддержке значимых социальных идей и проектов, защите социально незащищенной части населения, сохранению и приумножению идей мира и добра. Это направление исследований, как в лингвистическом, так и в гуманитарном плане является архиважным для Казахстанской науки.

Список использованной литературы:

1. Абуханова А.Т. Композиционные особенности и характерные черты письменных рекламных текстов. - В сб.: "Вестник Гуманитарной Академии" №1- 2(2), 2002. Уральск, 2002.
2. Абуханова А.Г. К вопросу языковых особенностей рекламных текстов. –В сб.: «Проблемы иностранной филологии: язык, литература, методика». –Уральск: Западно-Казахстанский Университет им. М.Утемисова, 2007.-75с.
3. Барт Р. Избранные работы: Семиотика: Поэтика: Пер. с фр./Сост., общ.ред. и вступ.ст. С.Г.Косикова – М.: Прогресс, 1994-616с.
4. Борнякова И.В. Специфика языка рекламных сообщений и их перевода в рамках межкультурной коммуникации: на материале немецкой и русской журнальной рекламы. – М., 2007-18/с – <http://dissercat.com/>
5. Володина М.Н. Язык СМИ – основное средство воздействия на массовое сознание// Язык СМИ как объект междисциплинарного исследования. – М.: Изд-во МГУ, 2003, с.9-31.
6. Дечева С.В. Когнитивная синтаксика.- М.:Диалог-МГУ, 1998. -215с
7. Добросклонская Т.Г. Вопросы изучения медиа-текстов-М.: Диалог-МГУ: МАКС-ПРЕСС, 2000.-287с.
8. Иванова А.А.. Строй текста рекламной пропаганды. – М., 2009-153с. - <http://dissercat.com/>
9. Колесина В.В. О некоторых особенностях игры слов в рекламных и публицистических текстах.- Вестник Моск. Университета. Сер.13., Лингвистика и межкультурная коммуникация, 2000.-№ 3.-с. 39-49
10. Кудинова И.А. Категория имплицитности в рекламном дискурсе (на материале современного английского языка). – Автореф. канд. дис. 2010 - <http://dissercat.com/>
11. Лившиц Т.Н. Реклама в прагматическом аспекте – Таганрог, 1999
12. Лубкова Е.В. Синтаксика рекламного текста: на материале англоязычной печатной рекламы. – Автореф. канд. дис. Самара, 2007 - <http://dissercat.com/>
13. Максименко Е.В. Прагматические аспекты рекламного дискурса: на материале текстов русской и английской коммерческой и научно-технической рекламы – Краснодар, 2005 – 228с. - <http://dissercat.com/>
14. Медведева Е.В. Рекламный текст в плане межкультурной и межкультурной коммуникации. Автореф.дис.канд.филол.наук – М., 2002 - <http://dissercat.com/>
15. Медведева Е.В. Рекламные коммуникации: -М.; 2003
16. Мокшанцев Р.И. Психология рекламы. – Москва – Новосибирск, 2000.
17. Филимонов А.В. Риторические особенности политической рекламы. – Автореф. канд. дис. – М.2009 – <http://dissercat.com/>
18. Щекина Н.М. Типы текста в экономическом дискурсе//Текст и дискурс. Проблемы экономического дискурса. – С-Пб., Издательство С-

Пб. Гос. Университета Экономики и Финансов, 2001.

19. Genette, Gerard. *Palimpsests. – Literature in the Second Degree*, University of Nebraska Press, Nebraska, USA, 1988. - <http://dissercat.com/>

20. Lang E. *Über einige Schwierigkeiten beim postullieren einer Textgrammatik.* – In: Keifer and Ruwet (eds), *Generative Grammar in Europe.* – Dordrecht: Reidel, 1973.

Бұл мақалада жарнамалық мәтін және оның түрлері жөнінде сөз болып, мысалдар келтірілген.

ӘОЖ 82.09.(574)

Мүтиев З. - ф.ғ.к., доцент,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ,

Ақболатов А. - оқытушы-магистр,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ СЫНШЫ ӘБІРАШ ЖӘМІШЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДАМУ СИПАТЫ

Қазақ әдебиет сыншыларының сарбаздары сапында тұрып, өлең-сөз өнерінің өзіндік құпияларын әдеби-ғылыми негізде сараптаған ғалымдардың арасында белгілі сыншы Әбіраш Жәмішев те бар. Ғалым-сыншының қазақ әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған, сондай-ақ жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық бітімін барлауға негізделген «Жыр жанары» (1970) [1], «Биік мәртебе» (1974)[2] және «Кезең кестелері» (1984) [3] атты еңбектерінде өлең-сөз өнерінің де жағдаяттары сөз болады.

«Жыр жанары» монографиясында ХХ ғ. 60 жылдарындағы қазақ лирикасының даму, өсу жолы қарастырылса, «Биік мәртебеде» автор поэзия жанрының көрнекті өкілдері жайындағы ойларын ортаға салады. Зерттеу мақалалардан тұратын кітаптың «Алуан-алуан жүйрік бар» атты үшінші тарауында қазақтың мықты шайыры, үлкен дидактик дастаншы Тұрмағамбет Ізтілеуов шығармашылығы қарастырылады. Ақын өнерінің биік шыңы – «Шахнама» - «Рүстем-дастан» десек те Тұрмағамбеттің сыршыл лирик болғанын да ұмытпаған абзал.

Ә.Жәмішев ақын өнерпаздығын «ширатқан шым жібектен өлең-жырын» дей отырып: «Тұрмағамбет өлеңдерінде көркемдік пен ойшылдық, халық тілінің небір інжу-маржандарын тамаша шеберлікпен қолданушылық бірден-ақ көзге түседі» [2, 169] дейді. Ә. Жәмішев пайымынша, Т. Ізтілеуов ақындығының және бір ерекшелігі – тақырып ауқымы аса кең, сонымен бірге азаматтық әуенді жырлаушылардың алдында тұр. Т. Ізтілеуовтің туған халқының

ауызбірлігін, ел арасындағы татулық пен бірлікті, ынтымақтастықты терең жырлауын ғалым жоғары қояды.

Ақын шығармаларының кейінгі басылған жинақтарындағы қате кеткен тармақтарды түзетіп, қалпына келтіруде аса сақ болу қажеттігін ғалым қаперге салады.

Ә. Жәмішевтің «Жаңа заман жыршысы» аталған мақаласы - Жамбыл Жабаевтың 125 жылдық мерейтойынан кейінгі жазылған дүние. Көлемі шағын жазбада Жамбылдың өз заманының талабына, қалауына сай ақын болғандығы, қоғам дамуының рухани сұранысын қанағаттандыратынлықтай шебер суреткер екендігін ақын-абыздың 1920-1950 жылдар кезеңінде жазылған өлең-сөз туындыларына шолу жасап, талдай отыра сыр тартады. Әсіресе, Жамбыл жырларының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы насихаттың күшін Ленинградты қорғаушыларға мықты рух, күш-қайрат бергендігіне баса назар талдайды. Жамбылдың кеңестік дәуірдің «күн көсемі» мен «Отан туралы мен халықтар достығы мен туыстығы туралы жырларында өзге ешбір ақында кездеспеген оттылық, лептілік, салмақтылық бар» [3, 175] дейді ғалым.

Ақындық пен азаматтықтың өнерпаздық пен өнегеліліктің бірлесіп кірігуінен пайда болған жырлардың қадір-қасиетін зерттеуші Ә.Жәмішев жоғары бағалай келе: «Жамбылдың да, Жамбыл жырларының да мәңгілік өміріне кепілдік болды» деп көрсетеді.

Қазақ поэзиясында жарқ етіп көрініп, отты жылдардың құрбаны болған ақиық ақынның бірі – Абдолла Жұмағалиев болса, Ә.Жәмішев «Лүпілдеп соққан от жүрек» аталған мақаласында ақын шығармашылығын кеңінен таныстыруды мақсат етіпті. Сыршыл, арманшыл ақынның жыр тумасынан шым-шымдап сыр тартқан ғалым Абдолла суреткерлігінің басты белгілерін былайша белгілепті:

1) Абдолланың өмір жайлы лирикалық жырларында философиялық ой әуені, мамыр сана байсалдылық, нәзік те баяу интонация, аумалы-төкпелі көрінісіндей әр өлеңде әр алуан болып, кезек алысып келіп отыратын ұйқастар ерекшеленіп көрінеді;

2) оның саяси лирикалары – ақын көңілінің көтеріңкі пафосына мақтаныш сезіміне лайық лекімелі ағынды жыр толғау үлгісімен жаңа бір биік әуенді ырғақпен жазылады;

3) Абдолланың жырларының өзі де оның бүкіл жан-дүниесінің табиғатының айнасындай;

4) әр өлеңнен оның әр жолы мен әр сөзінен Абдолла үні, Абдолла жүрегінің лүпілі естіледі.

Міне, осылайша ақынның шынайы болмысына тән ерекшеліктерді Ә.Жәмішев өзінің эстетикалық талғамына қарай жүйелей, тіктей береді. Нәзік сезімге толы жыр жолдарының Ұлы Отан соғысының қанды майдан шебінде жүріп жазған туындыларда ақын

стилінің күрт өзгеріп ашулы кекті күйге айналуын ғалым Ә. Жәмішев: «Жау өмірге өлім қайғы-қасірет алып келді. Сондықтан оның үні де қатал шабыт қатты буырқанады. Ақын жүрегі жау тобырына бомба болып жарылуға да дайын. Өлең жолдары оқ боп атылардай, зеңбіректей күркірердей» [2, 180-б.], - деп ұғындырады.

Ғалым пайымынша, Абдолла - шынайы пәк сезімнің ақыны. Оның өлең-жырларында қиналып қиыстырылған бірде-бір жыр жолын көрмейміз. А. Жұмағалиев жырларымен кеңінен танысқан ғалым ақынды еңбекшіл талғампаз талантқа жатқызады. «Берері мол, берекелі талап екен. Өттең!... өттең! Жетпей кетті-ау, сарбаз» деп толғана қамығады. Абдолланың ақындық өнерін танытуда Ә.Жәмішевтің өзіндік ғалымдық із-қолтаңбасы бар екені кәміл анық.

Отандық поэзияда «ақша бұлт» атанған ақын Әбу Сәрсенбаев поэзиясы әдебиеттануда қаншалықты қарастырылса да, сыншы ғалым Ә.Жәмішевтің «жыр-жыр ақша бұлттары» мақаласында Әбу ақындығының өнерпаз тұлғасының жаңа бір қырын таныту мақсаты қойылған. Ә.Сәрсенбаевтың эпикалық дүниелерімен қатар, лирикалық поэзиясын қоса қарастырған Ә.Жәмішев ақынды поэзияның қай саласында да «шабыт шылбырын қолдан түсірмеген ақын» деп атап өтеді. Ғалым Әбудің лирикасындағы ақынның өзіне тән ерекшеліктері мен өнерпаздық қасиеттерді соғыс жылдарында жазылған туындылар табиғатына үңілу арқылы айқындауға тырысады. Әсіресе, ел-жұртымен, туған-туыспен, қалың қауыммен қимай қоштасып, қан майданда жорықта жүрген сарбаздың бейнесін ақын жырларындағы лирикалық ортақ қаһарман ретінде таниды. Сол бейненің күллі дүниені жау қыспағынан ажал тырнағынан азат етіп, «Атырау алқабынан, Алатау төсінен, Көкше күмбезінен, Сыр бойынан аттанған қазақ жауынгері» деп алады. Оның дәл солай екенін ақын ерен ерліктің, өшпес даңқтың үлгісін байқатқан қазақ жауынгері сонау Балқан-Балатон өңірлерін фашизмнен азат ете алға басып Австралияға жетеді [2, 183] деп байыптайды.

Әбекеңнің ұлт поэзиясына қосылған үлкен олжасы саналып жүрген «Ақша бұлт», «Жаннаға хат», «Сен құрметте оны», «Молдаван қызына», «Гүл», «Мыңбайдың моласы», «Жауынгер мен жеңіс», т.б. өлең-жырларының келісімді көркемдікпен жазылғанын әсерлі әрі мағыналы туындылар қатарынан орын алатынын айтып өтеді. Ақынның соғыстан кейінгі жылдарда жазылған жырларының негізгі тақырыбы жастық шақ, махаббат сезімдері, тың игерушілері мен еңбек иелерінің бейбіт күндегі ерліктері, т.б. боп келсе, ол туындылардың өлең өнерін көтерудегі көркемдік қуатын анықтап айқындауда да Ә.Жәмішев өз ұстанымын, көзқарасын білдіріп отырады.

Ә.Сәрсенбаевтың ақындық бітіміне әр қырынан барып, шолу жасаған зерттеуші өзінің сыншылық танымын да ортаға салады.

Әбекеңнің шығармашылығында тың ізденістің де, үйреністің де сүресүрлеулері ақ жолақ ашық жолдары бұталы бұлтарысты, көгілдір көгалды жерлері бар» дейді, сонымен бірге «өлеңдерінің ырғағында, шумақтар құрылысында жарасымды қайырымдар мақсаты да мәні диалогтар кезігіп отыратынын айта келе, ғалым «сонымен қатар, әрине ұйқастағы олақтық іздері де жоқ емес» [2, 192] дейді. Айтылған сынына байланысты Әбу өлеңдерінде кездесетін сәтсіз ұйқастар мен бунақтарға мысалдар келтіріп өтеді. «Жүрісінен таңбайтын жорға сиреп, жазғандарының бәрі алтын талант аз болса керек» дейді сыншы ғалым сөз соңында. Ә.Жәмішев танымында Әбу Сәрсенбаев - әр қилы ақын сипатында қалмақ.

Сыншы-ғалым Ә.Жәмішевтің зерлі қаламына іліккен қаламгердің бірі – ақын Мұзафар Әлімбаев. Мұзафар лирикасының өріміне ақынның екі таңдамалы жинағы арқылы шолу жүргізген зерттеуші пікірінше: «Оның лирикалық өлеңдерінде өзгелерден ерекше тек Мұзафарға тән қасиет көрініп тұрады. Ол - ақынның өлеңді қысқа қайыруы, әрі ойға құруы» [2, 194 б.].

М. Әлімбаевтың өзіне тән дербес стилі мен ақындық өзгешелігін бірден тап басып таныған Ә. Жәмішев ақынды бүгінгі поэзияның аңғарымпаз, сезімтал, байқағыш өкілі есебінде білуге құштарлық танытады. Ғалым М.Әлімбаев лирикасынан сезім сырлары мен қабаттаса жүретін әзіл-оспақтың барлығына назар аудартады. Ақынның көптеген туындыларында өріп жүретін зілсіз әзілдерді «зілсіз, биязы халықтық әзілмен табиғаттас» деп сендіреді. Ақын туындыларында арагидік ұшырасып қалатын кемшіліктердің барлығын жасырмайды. Оған мысал ретінде ақынның өзінің мінезіне туған жер табиғатынан сипаттама іздеуін, өзін соларға ұқсатуын кейінгі кей ақындардан келген жаман қылық-дәстүрге жатқызады. Мұзафардың ойға бай, ұшқыр ақындар санатында екенін тақырыбы да бай, оны игеруі де қарышты дамығанын айтқан зерттеуші «кейде олақ құрылған, орынсыз тұрған, сөйтіп мағынасы бұлдыр тартып кететін, немесе төңірегіндегі жап-жақсы шалқулардың арасына қыстырылып, оқығанда тіл сүріндіретін шумақтар кездесетінін қайтерсіз» [2, 197-б.], сәл өкініш білдіретін тұстары да бар. Ғалым арманы. «Ойлы өлеңнің ұйқасы да сұлу болса дейміз ғой». Ақын М.Әлімбаевтың ұлт поэзиясына қосқан қомақты үлесін автор сөзімен түйіндесек, ең бастылары мынада екен:

1. Ақын өлеңдері алуан-алуан кезеңдердің кестесі. Ақын тоқыған жыр кестесінің өрнегі көбінесе ақ әсем, айшығы анық.

2. Мұзафар - қазіргі қазақ ақындарының ішінде Шығыс поэзиясы үлгісіндегі Рубиһаятты (төрт жолдан тұратын философиялық толғаныс, өсиет-өлең) рубиһаятты жаңғыртушы ақын.

3. Мораль мен этика кодексін өз туындыларында шебер

пайдалана, іске асыра алады. Қысқасы, Ә. Жәмішев зерттеуінде М. Әлімбаев өзіне тән ақындық беталысы мен бағыт-бағдарын айқын танытқан ақын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жәмішев Ә. *Жыр жанары*. Алматы: Жазушы, 1970.
2. Жәмішев Ә. *Биік мәртебе*. Алматы: Жазушы, 1974. - 204 б.
3. Жәмішев Ә. *Кезең кестелері*. Алматы: Жазушы, 1984. - 208 б.

О развитии казахской лирики и его истории известный ученый, критик-исследователь А. Жамисhev оставил много ценных работ. Что дает литературоведам его исследование народной поэзии и эстетические взгляды? В статье раскрываются эти и другие проблемы.

An outstanding scientist and a scientific critic A. Zhamishev left a number of valuable works about the development of the Kazakh lyrics and its history.

The article deals with the contribution of the above mentioned author's research works in folk poetry and his scientific views concerning the place the Kazakh literature occupies.

ӘОЖ 821.512.122 (574.1.)

*Мұхамбетқалиева Р.Қ. - ф.ғ.к., доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ*

**ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ СӨЗ ҚАУЫЗЫН ЖАРҒАН
ШЫНДЫҚ**

Талай ұрпақтың ат тұяғының дүбірін дүбірге жалғап, елдіктің тізгінінен айырылмай, иісі қазақтың даласына төте шапқан жауға қақпақыл болып талай ғасырды артқа салып келе жатқан Қазақстанның батыс өлкесі - асқан ізі қағаз бетінде қалатын сол кездегі жылнамашыл Ресеймен қоянқолтықтасып жатқандығынан хатқа түскен ерлік дәстүрінің баршылығымен де, құжаттардан гөрі ақын-жыраулардың сөзімен сомдалып, поэзия тілінде майырылған көркем тарихтың мол сақталуымен де танымал ел. Батыс Қазақстанның барша айтқышы мен заржақтарын түгел түгендемесек те, XIX ғасырдың өліарасында Қазақстанның батыс өлкесіндегі Теректі маңайында туып-өсіп, ақын-жыршылдығымен жарқыл-жұрқыл өмір кешкен от мінезді, орақ тілді Марабай жыраудың шығармашылығынан да қазақ өмірінің талай алмағайып жағдайларынан хабардар боламыз. Кейде он өзгеріп, сан түрлендіріліп жататын жазба деректер мен алыс-жақын елдердің ұлысымыз туралы айтып жататын «көсемшіл» бір жақты пікірлерінен гөрі, бір бунағын да ешбір ғаламат өзгертуге қауқары жетпейтіндей етіп сөз қауызына көркем тілмен сыйдырған жыршы-

жырауларымыздың бейнелеуіндегі тарихымыздың шынайылығына, оны бейнелей білудің асқан шеберлігіне тәнті боласың.

Қазақ тарихын образдаудың жарқын үлгісін жасауға дейін қазақтың қаһармандық жырларын жөргегінен жаттап өскен, иісі қазақ оны «Қобыландысы» мен «Ер Тарғыны» арқылы білетін Марабай жыршының туған әдебиетімізге қалдырған мұрагерлік баяны мен дәнекерлік еңбектері – бүгінде теңдесі жоқ ұлттық байлығымызға айналды.

XX ғасырдың қыркыншы жылдары Каспий жағалауындағы Мұрын Сеңгірбеков арқылы Қырымның қырық батырының есімдері жаңғыртылып, ерлік істері ел жадына оралса, батысқазақстандық Марабай жырау арқылы да елім деп ентелеген баһадүрлер туралы қайталанбас жауһар жырлар бүгінгіге аман жетті. Қазіргі орта мектепте және жоғары оқу орындарында оқытылып жүрген «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырлары Марабай нұсқасы бойынша бағдарламаға енгізілген. Себебі бұл нұсқалардың көркемдік, тарихи өлшемі жалпы әдеби туындыға қойылатын талаптардың биігінен көрінеді.

1852 жылы Н.Ильминский Марабайды әдейілеп шақыртып, одан «Ер Тарғын» жырын жазып алып, сол нұсқаны 1862 жылы Қазан қаласында бастырып шығарады [1]. Ол қазақ халқының жыр үлгілерінің шоқтығы биік, аса құнды мұра екендігіне таңданыс білдіре отырып, кітабының соңғы жағына өзінің қазақ жырына деген ерекше ілтипатын: «...Алыс жерден, жақын көңілден тәмам жұртқа көп сәлем деп, көп дауда тынышың бұзылмасын, дәулет құсы сайрап тұрсын деп тілеген соң, «Әкем өлсе өлсін, тек әкем айтқан сөз өлмесін» дегендей, «Ер Тарғын» толғауын жылқы жылы Табын еліндегі атақты Марабай ақыннан жаздырып алып, бұл арада бастырғаным - жырды өлмесін дегенім...»[2] - деген жолдармен білдіруіне қарағанда, зерттеушінің бұл жырды Марабай баянынан жазып алғандығында күмән жоқ. Себебі 1860 жылдары оның П.Савельевке жазған бір хатында: «...Егер шын сырымды айтсам, ендігі жерде татарлардан гөрі бар ынтамды қазақтарға бұрам, бұдан былай Қазанға емес, тікелей Орал өңіріне бағыт аламын...»[3] - дейді және шынымен де Н.Ильминский көп ұзамай қызмет бабымен Батыс Қазақстанда жүрген орыс интеллигенттерімен жиі араласатын Ы.Алтынсаринмен жалғасып, батысқазақстандық Марабай сынды ақын-жыршылардың жырлауындағы қазақ жырларын түгендей бастайды.

Бұдан кейін де «Ер Тарғынның» көптеген нұсқаларымен оқтын-оқтын жарық көргенімен, бәрі де сол Марабай нұсқасымен егіз дес, мазмұндас, көлемі де шамалас болды. Яғни аталмыш ежелгі жырдың алғашқы жырлаушысы Марабай болғандығы күмән туғызбайды.

Қазіргі таңдағы бұқараға белгілі Марабай нұсқаларындағы жырлардың қай-қайсысы да көлемділігін айтпағанда, бейнелеу

шеберлігі мен көркемдік тәсілдері жағынан ерекшелеу, оқиғалары жүйелі, композициялық құрылымы тартымды болып келеді. Ішкі сюжеттік желісінің де бірде алға шауып, бірде кенже қалып жататын тұстары мен көбіне ежелгі мұралардан жиі көрініс табатын аумалы-төкпелі хаостық оралымдар да бұл жырда кездеспейді, қысқасы, ауызекі құндылықтың ішкі тінінен көптеген әдеби, тарихи категорияларды да екшеуге болады.

Марабай ақын арқылы көзайым болған «Қобыланды батыр» жырын да 1860 жылы Ы.Алтынсарин өз аузынан жазып алып, оның ең сүбелі бөлігі – «Тайбурылдың шабысын» өзінің «Киргизская хрестоматия» деген еңбегінде 1879 жылы бастырғаны белгілі. «Қобыланды батыр» жырының Марабай жырлаған ең көркем нұсқасын 1922 жылы Ә.Диваев Ташкентте шығарған «Батырлар» атты жырлар топтамасында жариялайды[4]. Бұл нұсқаны Ә.Диваевқа Ақмешіттен Мұрат Өскеұлы жібергенімен, Марабай нұсқасымен өте ұқсас әрі көлемі де бірдей болады, демек, кеңес дәуіріне дейінгі жырланған Марабай нұсқасы қазақ елінің көптеген жерлеріне тамыр жайғандығын байқатады.

Қазақстанның батыс өлкесінің бірнеше аймағынан «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» деген атаумен жыр үлгісін ел аузынан жазып алуда батысқазақстандық жидашы профессор М.М.Тілеужановтың да атқарған еңбегі аса зор[5]. Ол 1954 жылы А.С.Пушкин атындағы педагогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің жанынан өзі ұйымдастырған фольклорлық-этнографиялық экспедициясының кезінде Марабай жырлап кеткен «Қобыландының» азын-шоғын өзгертілген нұсқасын Нұрсейіт Битілеуов деген айтқыштан жазып алады да, ал 1958 жылы Орынбор облысына барған сапарында Сүйіншіәлі Жаңбыршин деген термешіні бірнеше күн жырлатып, Марабай нұсқасының ұзақ та әдемі баянын ауызба-ауыз қағазға түсіреді. Батысқазақстандық немесе оған шектес жатқан Ресей аймағындағы айтқыш қазақтардың қай-қайсысы да жырланған жырларының «Марабай жыраудан қалған естелік еді...» - деп ескертіп және Марабайдың айтқанындай жеткізе алмай отырғандықтарына өкінген түр білдіреді екен. Мұны жидашы М.М.Тілеужанов студенттерге жүргізген фольклорлық дәрістерінде үнемі үлгі етіп айтып, қазақ айтқыштары мен тақтақтарының Марабайды ерекше ұстаз тұтып, қазақтың қиыр өлкесіндегі жыршылық мектептің бетке ұстарындай бағалайтынына риза болатын.

Профессор М.М.Тілеужанов - Марабай нұсқаларын жиып-теру барысында жинақталған көптеген түрлерін салыстырмалы-типологиялық тұрғыда зерттеумен де айналысып және көп жыл бойы қазақтың көпжанрлы ауызекі әдебиетінен тірнектеген бес томдық халық мұрасын Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының М.О.Әуезов

атындағы Әдебиет пен өнер институтының қолжазба бөліміне өз қолымен апарып тапсырған алғашқы батысқазақстандық жидашы еді. Қазір М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде профессор М.М.Тілеужановтың жарты ғасырдан астам уақыт бойы ел кенішінен жинаған фольклорлық мұралары арнайы мұражайда сақтаулы тұрғанымен, жүйелі зерттелуін күтетін шеті де кертілмеген мәселелері ас та төк. Жидашы-ғалым өзінің көзі тірісінде қазақ жырларының локальды ерекшелігі, көпсатылылығы, көпжанрлылығы, көпнұсқалылығы, тарихи және көркемдік танымы секілді мәселелерін немесе халық фольклорына қатысты бұрын ешкім тіліне салмаған, қаперіне алмаған жағдаяттарын қай ғылыми ортада да білгірлікпен батыл айтып, фольклоршы-мамандарға ой салып жүретін еді [6].

Батысқазақстандықтардың деректі дәлелдемелерінің нәтижесінде XX ғасырдың жетпісінші жылдары Москвада шыққан «Қобыланды батыр» жыры да Марабай нұсқасы екендігі анықталып, іле көркем жыр 1977 жылы жарық көрген «Ақсауыт» атты батырлар жырының топтамасына енгізілді. Кейіннен қазақ әдебиетін зерттеушілер: Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Ә.Тәжібаев, М.Қаратаевтардың азын-шоғын түзетуімен Марабай жырлаған нұсқасынан орынсыз түсіп қалған өлең жолдары қалпына келтіріліп, бүгінгі жас құлақтарға да Марабайдың осы нұсқасы ұсынылған болатын. Марабай жырлаған нұсқалардың сюжеттік-композициялық құрылымы қырылып-жонылғандай жүйелі, ішкі семантикасы бай, шым-шытырық оқиғасының бәрі дерлік экспозициясынан шарықтау шешіміне дейін әу бастағы халықтық мақамнан алшақ кетпеген, яғни бұл жырлардағы тарихтың образдалуы - тарихи фольклордың заңдылықтарына сай деген сөз.

Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясында» жарияланғаннан 43 жыл өткен соң Марабай жырлауындағы «Қобыландының» толық нұсқасы 1922 жылы Ташкентте Ә.Диваев атымен жарық көргендіктен, көптеген фольклор зерттеушілерінің еңбектерінде бұл жырларды Ә.Диваевпен, кейде В.Радловпен, Ы.Алтынсаринмен, Н.И.Ильминскиймен байланыстырады. Көбіне хат білетін көзі қарақты зерттеушілер Марабай, Күдері, Орынбай, Жанак секілді жыраулардың жырларын қағаз бетіне түсіргендерімен, жыршы-жыраулардың игілігі оны жинап, хатқа басып шығарушылардың құзырында кеткендері көп, бірақ «Қобыланды» жырын зерттеуге барлық саналы ғұмырын арнаған фольклоршы О.Нұрмағамбетова өзінің кандидаттық диссертациясында «Қобыландының» ең сауатты әрі көркем нұсқасының авторы – батысқазақстандық Марабай жырау екендігі анық айтылады [7].

Тек қана жыршы-жыраулардың толғау өлеңдері ғана емес, ел ішіндегі «көнекөз қарттар айтыпты» делінетін шежіре-аңыздар мен

тарихи фольклордың дені де осылайша өз авторларынан ажырап, жалпыхалықтық сипат алғандары да көп. Сол секілді Марабай жырау да халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жырлаумен шектелмеген, ол ел шежіресін де шебер қайыратын жадышыл адам болған. Өзінен 34 жас үлкендігі бар Шерниязды ұстаз тұтып, 23 жас үлкен Сегіз серіге еліктеген, тіпті олармен кездесіп айтысқан деген пікірлер де бар[8].

Ел аузындағы Марабайдың хатқа түспеген үзік-үзік өлендерінен Исатай мен Махамбеттің Шернияз ақынмен үзеңгілестігінің қазіргілер біле бермейтін сырларына, Махамбеттің Сегіз серімен де төс қағыстырған дос көңілі мен елдің әр қилы жағдайында тоғысқан қарым-қатынастары секілді жәйттерге, одан қалды, қайсыбір зерттеушілердің Сегіз сері жайлы екі ұшты айтылған ойларына да Марабай тілімен жеткен ауызекі деректерден онды дәлел табуға болады. Кейінгі жорамалшыл «білгіштерден» гөрі заманы сол тарихпен ұштасып жатқан көнекөз айтқыштардың айтқанына кейде ден қою да керек секілді.

Марабайдың батыс өлкесінің ерлік тарихын көркем сөзбен майырған шежірелік қабілетін оның Байбақты батыр жөнінде айтқан деректерінен де байқаймыз. Байбақты батырдың қазақ тарихының «алтын ғасыры» аталатын кезеңдердегі оймауыттар мен торғауыттардан еліміздің батыс өлкесін айнадай тазартып, жаудың бетін тойтарған небәрі жиырма бес жастағы хас батырдың құрметіне халықтың боз бие шалып, қолын қанға малып, ақ киізге салып, ру атауын бергізген әңгімелердің түп төркіні де «Марабай айтқан...» деген ел аузындағы тарихнамалардан белгілі.

Батыс Қазақстан өңіріндегі «қарттар айтыпты» деген көптеген деректер мен Сырым батыр туралы әңгімелердің де бір ұшығы Марабайда жатыр. Бабасы Байбақтының торғауыттар мен оймауыт, хошауыттардан азат еткен жерлерді кейіннен Сырымның өзі бас бола жүріп, батыс қазақтарына бөліп бергендігі жөнінде де халық ауыз әдебиетінде сақталған үзік-үзік мәліметтер бар. Сырымның қазақтарға жер бөлгендегі тапқырлығы, жершіл білімі, пікірлестігі, әділдігі қоса өріледі. Ешкімді ренжітпей, өз қалауларынша қоныстандыру үшін Сырым Батыс өлкесінің үш жерінен үш құдық қаздырып, шыққан топырағын қайта көмдіріп, жердің ерекшелігін халықтың көз алдында көрсетіп, өз таңдауына берген деседі. Сырымның ерекше сыншылдығы осы әрекетімен де көз жеткізіледі. Оның Нарыннан қаздырып, қайта көмдірген топырағы құдыққа сыймай қалса керек, сонда Сырым: «...Нарын дәулеті тасыған бай өлке болады, жылқы, түйе өсірем деушілер осында қалсын...» десе, төскейден қаздырған құдығының топырағы бетімен бірдей болып, оған: «...бұл өлкенің шаруасы бір қалыпты болады, не істесеңдер де өнікті болады...» дейді, ал Жайық өзенінің жар қабағынан қаздырған құдығының топырағы орнына

толмай қалып: «...Бұл жердің шаруасы бірде ортайып, бірде оңалып тұратындай тұрақсыздау болады екен, сондықтан кім қай жерге бейілді болса, сол жерді мекендесін...» деп батасын берген екен. Айтқанындай-ақ, Нарын халқы қай кезде де ашығуды білмейті, малдың күшімен талай зұлматтан құтылып, тіпті күні кешегідей өткен 1933 жылдардағы ашаршылықта да аймағын асырапты, ал Тасқала даласы әлі күнге дейін еліміздің нанын көтеріп, егінін өсіріп отырса, Жайық бойының бау-бақша өсіруші халқы табиғаттың қасы-қабағына бағынып, шаруасы бірде түлеп, бірде күйзеліп отыратын бағытынан айнымай келеді[9]. Бұл деректер қағаз бетіне түспесе де, айтқыштардың сөзімен кейінгіге аман жеткен, солардың көшбасшысы - Марабай сынды жыраулар болса керек. Данагөй Сырым алыс-жақын елдердің қазақ жеріне көз алартуын қоймаған соң, батыс өлкедегі халықтарды ру-руға топтастырып, бүгінгі күнге дейін тату-тәтті өмір кешіп отырған Кіші жүздің қазақы географиясын осылайша қалыптастыруға өз үлесін қосқан екен деседі...

Жетірудың табынынан шыққан Марабай ру таңдамаған, ер таңдаған өршіл ақын болған. Өзі өмір сүрген аймақтағы бірінен-бірі өткен байбақты, адай, беріш, шеркеш секілді тағы да басқа « жау қайда?» деп өре тұрысатын мықты рулардың батыр ұлдарын жырлап өтіпті, көбісінің ұрпақтарымен араласып-құраласып, аймағындағы қазақ біткеннің шежіресін қайырып, тарихи өткелдерін ізденіпті, тарихи тұлғаларын түгендепті. Естігенін елге жеткізіп, айтқыштығымен жүректерден жол тауыпты, батыс өңірінде ақын-жыршылардың өзіндік мектебінің қалыптасуына ықпал етіпті. Тіпті Марабайдың өзі шыққан табын руының шежіресінен қалдырған бір үзік сырын 1976 жылдары Ақтөбе облысына барған студенттердің фольклорлық экспедициясы кездерінде Байқошқар есімді айтқыштан жазылып алынған бір жазбадағы: «...жалпы табындарда еркек кіндіктердің аз болуы немесе болса да ынжықту келетіндігі – ежелгі бір жаугершілікте ат үстінен түспеген бұл батыр ұрпақ отырып ас ішіп, жантайып ұйқы көрмейті, ел шетін орай қорғап, оңынан келгенді оңдырмай, солынан келгеннің сорын қайнатқан өжет тайпа болыпты. Ас-су ішуге мұршасы болмай, жауды ағызып қуып келе жатып, көшіп бара жатқан көштің нарларының өркешін тірілей кесіп, жолай асығыс іліп жеп бара жатқанын көрген көш бастаушы аруанаға адамша күңіренген тіл бітіп: «...атқа қонар еркек кіндігің құтаймасын, ұрпағың өлшеулі болсын» - деп қарғағаннан табындарда ұл жағы аздау, қыздары көбірек әрі ерлерге қарағанда еттері тірілеу келетіні осыдан болса керек, Марабай да бір жиында оның айналасының аздығын бетіне шіркеу еткендерге батыр бабаларының басынан өткен осы аңызын айтып жеңген екен...» - дейтін шындығынан қисыны басым ауызекі баян Марабай атынан сақталып қалыпты.

Сондай бір батыры мен ақыны, ел жақсысы жиылған бір алқалы ортада айтқан Марабайдың «Сөйле дедің біздерге» деген риторикалық толғауынан үзінді келтірсек:

Қарағай басы қу болар,
Жау белгісі ту болар,
Ел ішінде жалғыздың,
Көкірегі шер болар...
Асыл туған жақсының,
Ақыл-ойы кең болар
Ел аузында сөз болар

Сөйлеп кеткен жөн болар...[10]- деген алпыс алты жолдық жалғыз арнауы өзінен кейінгі өкше басқан батысқазақстандық айтқыштардың құнттауымен кейінгіге жетіп, қағаз бетіне іліккенімен, ел аузында оның Шерниязбен, Жұмырбаймен, Көкей қызбен, Базар жыраумен, Қашағанмен, Сүгірмен айтысқандығы М.Мағауиннің, Х.Сүйіншіәлиевтің еңбектерінде аталып өтеді. Марабай айтыстарының көрнекті нұсқаларының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба бөлімінде сақталғандары да бар [11].

Еліміздің барлық аймағы өзінің төңірегін жиып, жергілікті тарихи тұлғаларының шығармашылығын жаңғыртып, халықтың ортақ игілігіне айналдырып жатқандарын ескерсек, батысқазақстандық Марабай жыраудың да өшкенін тірілтіп, туған әдебиетке қосқан үлесін дәріптеп, бүгінгі жас ұрпақтың зердесіне жеткізсек артық болмас еді.

Ұлтымыздың көпғасырлық құндылықтарының дәнекершісі болып, өлмес мұра қалдырған ақын, арынды жыршы, халқымыздың эпостық жырларының ең көркем нұсқаларын төгілте жырлаған Марабай жыраудың туғанына биылғы жылдың қараша айында 170 жыл толғалы отыр. Кезінде көптеген ақын-жыраулардың өлеңдерінің «бірі-құрау, бірі-жамауына» көңілі толмаған Абайдың Марабай шығармашылығына деген ілтипаты ерекше болыпты. Сондықтан талғампаз Абайдың сыншыл көзқарасынан мүдірмей өткен Марабай сынды арқалы жыраудың туып-өсіп, абыройлы ізі мен арда сүйегі қалған өлкесіндегі әлі күнге дейін орыс атауларынан арыла алмай жатқан елді-мекендерінің біріне есімі беріліп және ол тек жыраудың ғана емес, жалпы қазақ жырына қойылған рухани ескерткішке айналуынан дәмеліміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. I том., Алғысөз. Алматы: Жазушы, 1977ж.
2. Сүйіншіәлиев Х. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. Алматы, 1967ж.
3. Тілеужанов М.М. «Халық ауыз әдебиетін жинау сәттерімнен...» атты қолжазба материалдарынан. II том, VII бөлім, Орал, 1958ж.

4. *Бес ғасыр жырлайды. II том. Алғысөз. Алматы: Жазушы, 1989ж.*
5. Мұхамбетқалиева Р.Қ. *Фольклордағы тұрмыс-тіршіліктің этникалық танымы. Орал, 2001ж.*
6. Мұхамбетқалиева Р.Қ. «Батыс Қазақстан фольклорлық экспедициясының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына қосқан үлесі» // *Халықаралық ғылыми конференция материалдарынан. Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ университеті, 2009ж.*
7. Нурмагамбетова О. *Казахский героический эпос «Кобыланды батыр».- Алматы: Наука, 1988, с.16-31.*
8. *Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002ж.*
9. *Батыс Қазақстан фольклорлық қорынан. 18-дәптер. 1998ж.*
10. *Бес ғасыр жырлайды. II том, Алматы, 1989, 85-бет.*
11. Тілепов Ж.Ж. *Елім деп еңіреген ерлер жырғы. Алматы: Білім, 1995ж.*

В статье рассматривается жизнь и деятельность Марабая Кулжабайұлы, являвшегося глашатая XIX века - исторического времени и пространства западного региона Казахстана, и в числе первых воплотившего образы батыров в казахских эпосах «Кобланды» и «Ер Таргын».

In this article there is a review of Marabai Kulzhabaiulys vital activity, who was the herald of historical time and public crier west Kazakhstan region space in the 2nd half of 19 Century. He also was one of those who implemented the image of batyrs in Kazakh epics "Koblandy" and "Er Targyn".

УДК 811.161.1,374.3

Опря О.В.-

к.ф.н., доцент, ЗКГУ им. М. Утемисова

КОНЦЕПТЫ ДОМ, МУЖ, ЖЕНА В СЛОВАРЕ В.И.ДАЛЯ

До сих пор в науке не выработано однозначного определения слова «концепт». В данное время активно обсуждается понимание этого термина в связи с повышением интереса к когнитивной лингвистике.

Мы исходим из мнения, выраженного Д.С.Лихачевым в статье «Концептосфера русского языка», который предлагает считать концепт «своего рода «алгебраическим выражением значения»[6]. Концепт возникает не столько из значения слова, считает Лихачев, сколько является результатом столкновения словарного значения слова с личным и народным опытом человека. Потенции концепта тем богаче и шире, чем шире и богаче культурный опыт человека. Опирается на

мнение Лихачева исследователь Е.Е.Стефанский: «Концепт же — это понятие, погруженное в культуру» [1]. Ученый А.П. Бабушкин утверждает, что концепт — это не что иное, как «ментальная репрезентация, которая определяет, как вещи связаны между собой» [3]. Важным для нашего исследования является тот указанный Лихачевым факт, что концепты возникают «как отклики на предшествующий языковой опыт человека в целом — поэтический, прозаический, научный, социальный, исторический и т.д.». Расшифровка концептов бывает различной: «Каждый концепт в сущности может быть по-разному расшифрован в зависимости от сиюминутного контекста и культурного опыта, культурной индивидуальности концептоносителя».

Мы опираемся также на определение исследователя О.К.Кальковой: «...концептами являются слова, культурно значимые для данного общества, включающие собственный опыт народа, его культуру, историю, его переживания; нечто, что отличает один народ от какого-либо другого» [5]. И на определение, данное исследователем А.П. Бабушкиным: «Мы понимаем концепт как дискретную единицу коллективного сознания, которая хранится в национальной памяти носителей языка в вербально обозначенном виде».

В данной статье рассмотрены концепты Дом, Жена, Муж в Словаре живого великорусского языка В.И.Даля.

Рассмотрим словарные толкования концепта Дом[4]. «Дом - строение для житья; в городе, жилое строенье; хоромы; в деревне, изба со всеми ухажаями и хозяйством». В Словаре Даля репрезентированы разные виды домов:

- 1.Крестьянский дом, изба; хата;
- 2.княжеский и вообще большой, вельможеский, палаты, дворец;
- 3.помещичий, в деревне, усадьба;
- 4.маленький и плохонький, хижина, лачуга;
5. врытый в землю, землянка.

Со словом дом связаны различные поверья: *Если к дому, где больной лежит, бабы проторят дорогу, то ему умереть*. Слово дом употребляется в клятве: *Сгори мой дом!*, в приметах: *У кого дом горит, того в жилой дом не пускать*, в загадках: *Дом шумит, хозяева молчат, пришли люди, хозяев забрали, дом в окошки ушел? вода, рыба, невод*.

В словарной статье Даль приводит поговорки о доме, которые раскрывают важность концепта для сознания русского человека: *Дон, Дон, Дон, а лучше дом! И тесен дом, да просторен он. В гостях хороша девка, а дома лучше того. Будь, как у себя дома. Богатому везде дом*.

Некоторые пословицы и поговорки возможно объединить в группу, которую условно назовем «трудности ведения домашнего хозяйства»: *Открытый дом, хлебосольный* (А.Н. Афанасьев отмечает, что хлеб-соль – символ русского гостеприимства); *Что в поле ни родится, все в доме пригодится; Дом невелик, да лежать не велит; Домом жить, обо всем тужить. Дом яма, никогда не наполнишь. Домом жить, не разиня рот ходить. Дом вести, не лапти плести (не задом трясти, не плясать). Свой дом не чужой: из него не уйдешь.*

Понятие дома восходит к библейским текстам. В Книге Притчей Соломоновых встречаем такое выражение: Дом беззаконных разорится, а жилище праведных процветет. Притч.14:11 Даль приводит русскую пословицу, источник которой заключен в библейском выражении: *Лучше пребывать в доме плача праведных, нежели в доме радости беззаконных.*

Словарная статья поясняет значение слова «дом» как определение славянской монархической династии: род, поколение, говоря о владетельных или высоких особах.

В паремиях, связанных с концептом дом, просматриваются социальные мотивы, например, осуждение богатых: *Мало тому, у кого много всего в дому; Дом господский, а обиход сиротский, бедный; Богатому везде дом; Хлеб дома, а оброк на стороне.* Последняя пословица связана с одной из основных форм эксплуатации крестьян помещиками при крепостном праве, в результате которой помещик взимал с крестьянина натуральный или денежный сбор.

Достаток в доме связывали с благополучной жизнью: *Полон дом – полон и рот.* По ведению домашнего хозяйства можно было определить характер человека: *Каков Дема, таково у него и дома (и в доме).* И, наоборот, дом определял душевное состояние человека: *Каково на дому, таково и самому. В людях ангел, а дома черт.*

Как известно, славянин был по преимуществу человеком домовитым, семейным. В кругу родной семьи или рода, который представлялся тою же семьёю, только разросшеюся, проходила вся его жизнь, со всем её обиходом и со всеми торжествами; в семье сосредоточивались самые живые его интересы и хранились самые заветные предания и верования. Оттого изба, в которой жило семейство славянина, имела для него великое значение.

М.Фасмер указывает на родство старославянского «домъ» словам славянских народов: дом - род. п. дома, домовитый, укр. дім, дом, род. п. дому, ст.-слав. домъ , (Супр.), болг. домът, сербохорв. дом, род. п. дома, словен. dom, чеш. dum, род. п. domu, словц. dom, польск., в-луж., н-луж. dom.[9]

А.Н.Афанасьев в статье «Религиозно-языческое значение русской избы» (1851) пишет: «Славянин глубоко верил в силу заповедного

слова своей мольбы и не раз обращался к небесным божествам света с таким призывом: Месяц ты красный, сойди в мою клеть, солнышко ты привольное, взойти на мой двор -, или: Сойди, ты, месяц, сними мою скорбь и унеси ее под облака -. Отсюда родилось верование, что в избе может таинственно присутствовать вся боготворимая сила природы, или, по выражению старинной песни:

Чудо в тереме показалось

На небе солнце, в тереме солнце,

На небе месяц, в тереме месяц,

На небе звезды, в тереме звезды,

На небе заря, в тереме заря.

И вся красота поднебесная». [2]

Слово «дом» становится в Словаре Даля центром гнезда новых слов: домовой, доможил, домовный, домашний, домовитость, домилище, домовище, домовка, домаха, домоблуститель, домострой, домовод, домовладыка, домоздание, доможирец, доморачительство, домогканина, домохозяин, домочадец.

Первое слово в этом ряду однокоренных слов – домовой. В Толковом Словаре Даль объясняет значение этого слова так: «Домовой м. домовик, дедушка, постен, постень, лизун, доможил, хозяин, жировик, нежить, другая половина олон., суседко, батанушка; дух-хранитель и обидчик дома; стучит и возится по ночам, проказит, душит, ради шутики, сонного; гладит мохнатую рукою к добру и пр. Он особенно хозяйничает на конюшне, заплетает любимой лошади гриву в колтун, а нелюбую вгоняет в мыло и иногда осаживает ее, разбивает параличом, даже протаскивает в подворотню. Есть домовый сараешник, конюшник, баенник и женский банный волосатка; все это нежить, ни человек, ни дух, жильцы стихийные, куда причисляют полевого, лешего, кикимору, русалок (шUTOBOK, лопасть) в водяного; но последний всех злее, и его нередко зовут нечистым, сатаной. Домового можно увидеть в ночи на Светлое Воскресенье в хлеву; он космат, но более этой приметы нельзя упомянуть ничего, он отшибает память. Купил дом и с домовыми. Домовой не полюбит (скотину), не что возьмешь. На Иоанна Лествичника домовый бесится, 30 марта. На Ефрема Сирина домового закармливают, покидая ему каши на загнетке, 28 января. Увидать домового, к беде, к смерти. Домовой стучит, возится. Его домовой душит».

А.Н. Афанасьев отмечает: «Самое название домового уже показывает, что это пенат - охранитель дома, каким в первоначальной форме являлся очаг»[2]. Так один концепт неразрывно связан с другим – Очаг. И с этим словом приводит Даль – дом, изба, двор, курево, семья или тягло.

С домом связан и образ женщины – жены, хозяйки:

1. *Червь дерево тлит, а злая жена дом изводит.*
2. *Скопила хозяйка домок - не надобен и замок, нечего запирасть.*
3. *В гостях хороша девка, а дома лучшие того.*

Концепт Дом имеет в Словаре синоним – Хоромы. Значение слова объясняется следующим образом: «ж. мн. (храм) жилые деревянные строения. А хором на том дворе: горница, горенка на мшанике да избушка воротная. Акты. | Связь, большое деревянное жилое строенье, просторный дом, домина».

В словарной статье к словам «хоромы», «хороминка» приведены пословицы и поговорки, которые представляют следующие значения:

1. Собственность - *Чей двор, того и хоромы.*
2. Век, жизнь – *Бабы хоромы недолго живут, или стоят.*
3. Происхождение – *Залетела ворона в боярские (высокие) хоромы. Залетела ворона в царские хоромы: почету много, а полету нет.*
4. Состояние здоровья – *Хотя веселы хоромы, да не больно здоровы.*
5. Надежность – *Крытая хоромина не каплет. Непрочные хоромины – баня да овин.*
6. Достаток – *В пустую хоромину вор не подламывается.*

Второй синоним к концепту Дом – Изба: крестьянский дом, хата, жилой деревянный дом. В словарной статье концепт представлен следующими значениями, которые раскрываются пословицами и поговорками:

- Гостеприимство - *Не красна изба углами, красна пирогами.*
Дорогое место - *Всего дорожке честь сытая, да изба крытая.*
Веселье - *Ходи изба, ходи печь, хозяину негде лечь, о пляске.*
Пошла изба ходить, за собой сени (горницу) водить! прогулка.
Загадками: *Чего в избе не видно? тепла. В избу вороном, из избы лебедем? лутошка. Над бабушкиной избушкой висит хлеба краюшка? месяц.*

Магической формулой русских народных сказок: *Избушка, избушка на курьих ножках, повернись к лесу задом, ко мне передом.*

Приметами: *В одной избе разными вениками не мети: разойдется по углам богатство. Кладут под угол деньги - для богатства, шерсть - для тепла; ладан - для святости. Коли дедушку не перебивать с собою в новую избу, то станет прокудить.*

Как верно пишет Лихачев, «концепт скрывает за собой всю сложность и всё обилие словарного смысла». Концепт Дом связан с символами жизни, продолжения рода, семьи, а производное однокоренное слово - домовина – связано со смертью: «Домовина ж. домовище ср. домовье пск. гроб, особ. однодеревый, долбленный, какой

любят крестьяне в новг. вологодск. костр. и пр. Дома нет, а домовище будет. Кто домовины не видывал, тому и корыто за диво. На чужбинке, словно в домовинке. Дом строй, а домовину ладь, т. е. помни. Возьми себе на домовину! говорят вору или обидчику».

Концепт Дом связан с антонимичным противопоставлением жизнь-смерть.

Концепт Муж [4]предстает в двух смыслах:

1.человек вообще

2.относительно к женщине, жене: супруг

Концепт связан с выражением положительных качеств, свойств человеческих: - Великий муж, доблесть мужа, муж высокого рода и пр. Здесь муж выражает достоинство человека.

Качества концепта таковы:

Надежность: *Худ мой мужилка - а завалюсь за него, не боюсь никого!*

Неразрывность уз: *Где муж, там и жена. Без мужа не жена. Жена без мужа - вдовы хуже. Жена без мужа - всего хуже.*

Дом и хозяин, забота о хозяйстве: *Жена пряди рубашки, а муж вей гуж.*

Концепт, представленный в паремиях, отражает картину мира, например, горькую жизнь простого человека, его бедность, зависимость:

Видал ли мужик напаслину! Видал мужик во сне хомут - не видать ему лошади до веку! Запарился мужик, так благо не замерз. Вороной да серый мужику не ко двору. Правда твоя, мужичок - а полезай-ка в мешок! Мужичок не грибок, не растет под дожжжок. И богат мужик, да без хлеба не крестьянин. Мужик богатый, как бык рогатый.

Этот концепт имеет историческую составляющую, дает понимание силы крепостного гнета, веками царившего на Руси: *Кому муж, тому и жена (по крепостному праву). Мужик напьется, с барином дерется; проспится - свиньи боится. На то лесничему лес дан, чтоб мужики голели.*

Осуждение богатства: *Сыта свинья, а все жрет; богат мужик, а все копит. Мужик не прядет, а без рубашки не ходит, а баба и прядет, да не по две носит.* Пословица о муже: *Не скот в скоте коза, не зверь в зверях еж, не рыба в рыбах рак, не птица в птицах нетопырь, не муж в мужах, кем жена владеет* имеет «зеркальное отражение» в словарной статье Жена в пословице: *Худо мужу тому, у которого жена большая в дому.*

Концепт в Словаре представлен не только в паремиях, но и в сказках. Примечательна сказка, приведенная Далем: Шел мужик, а ему навстречу три мужика: солнце, ветер, мороз. Мужик поклонился ветру;

солнце сказало: я тебя сожгу; а ветер: я тебя не допущу; мороз молвил: я тебя заморожу; а ветер: я тебя отдую.

А.Н. Афанасьев перепечатал подобную сказку из Сказаний русского народа И.П. Сахарова (СПб., 1841, т. I, с. 104).

Концепт **Жена**[4] связан прежде всего с домашним хозяйством: *Девкою полна улица, женою полна печь, гулянье и хозяйство; пироги в печи, дети на печи.* Пословица *На чужемужню жену не заглядывайся* имеет библейский источник: Не желай дома ближнего твоего; не желай жены ближнего твоего, ни раба его, ни рабыни его, ни вола его, ни осла его, ничего, что у ближнего твоего (Исх.19:10-25). Пословица *Четки не спасут, а жена рая не лишит* указывает на ветхозаветный сюжет изгнания Адама и Евы из Рая за то, что Ева съела яблоко с дерева познания добра и зла и накормила этим яблоком Адама (Быт.3:6).

Концепт получает негативный смысл в определенных пословицах и поговорках: *Хорошая невеста, худая жена. Молода годами жена, да стара норовом. Хороша жена, да завистлива. Добрая жена дом сбережет, плохая рукавом растрясет. Счастлив игрой, да несчастлив женой. Не всякая жена мужу правду рассказывает. И дура жена мужу правды не скажет. Муж не знает, где жена гуляет. Жена мужа любила, в тюрьме место купила! Кто жене волю дает, сам себя крадывает или бьет. Бог волен да жена, коли волю взяла! Из дому жена, из лесу змея выживают. Силен хмель, сильнее хмеля сон, сильнее сна злая жена, и спать не дает. Злая жена, засада спасению. Злая жена сведет мужа с ума. Железо уваришь, а злой жены не уговоришь.*

И даже в заговорах *От пожара, от потопы, от злой жены Боже охрани! Не закладывайся за овин, за мерина да за жену! сгорит, убьет, согрешит. Не верь коню в поле (холе), а жене в доме (в воле)* звучат женоненавистнические мотивы.

Мотивы поучения жены через битье звучали еще в Домострое (16в.). Даль приводит такие пословицы: *Бей женку к обеду, а к ужину опять без боя за стол не сядь! Бей жену до детей, а детей до людей.*

Концепт Жена связан и со смертью: *Дважды жена мила бывает: как в избу введут, да как вон понесут!*

При анализе концептов Муж и Жена в Словаре Даля я учитываю мысль, высказанную Д.С.Лихачевым, что «между концептами существует связь», «одна концептосфера может сочетаться с другой»[6]. Два концепта связаны не только в жизни, но и в Словаре: *Муж с женой, что мука с водой (сболтать сболтаешь, а разболтать не разболтаешь).*

Таким образом, рассмотренные концепты – Дом, Муж, Жена - занимают важное место в Словаре и в сознании русского народа.

По словам Д.С.Лихачева, русский язык «действительно «жгуче

знойный» по возбуждаемым им концептам» [6].

Список использованной литературы:

1. Агранович С.З., Стефанский Е.Е. Концепты Печь и Печаль в языках и культурах славян. МНК Пермь, 2002.
2. Афанасьев А.Н. Религиозно-языческое значение русской избы. М., 1851. // www.kirsoft.com.ru
3. Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико-фразеологической семантике языка, их личностная и национальная специфика: диссертация ... доктора филологических наук: 10.02.19. - Воронеж, 1997.
4. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. В 4Т. М., 1999. Т. I С. 465, С.532-533, Т. II С.356-357.
5. Калькова О.К. Концепт Бог в русской языковой картине мира (основные компоненты) "Вестник ЦМО МГУ", 2009 г., №1. Лингвокультурология
6. Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка. Известия Академии наук СССР. Серия литературы и языка. - М., 1993. - Т. 52. № 1. - С. 3-9
7. Методологические проблемы когнитивной лингвистики. Воронеж, 2001. Сб. научных трудов.
8. Михайлова Ю.Н. Об эволюции лексикографического представления концепта//Известия уральского государственного университета. Гуманитарные науки. № 28. 2003. С. 181-191.
9. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. М., 1987.

Бұл мақалада В.И.Даль сөздігіндегі концепт ұғымы кеңірек қарастырылып, мағыналары жан-жақты ажыратылған.

The article is devoted to the concepts in V. I. Dal's dictionary.

ӘОЖ 82-3

Сұлтанғалиева Р.Б. - ф.ғ.к., аға оқытушы,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ

**КЕЙІПКЕР ТІЛІН ДАРАЛАУДАҒЫ ДИАЛОГ-ДЕТАЛЬДЫҢ
ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ
(С. Мұқанов пен Ғ. Мүсірепов туындылары негізінде)**

Диалогта әр кейіпкердің сөз саптауынан, оның ой-толғанысынан, сөйлеу өзгешелігінен жан-дүниесі айқын елес береді. Жазушының шеберлігі де оның әр кейіпкерді мінез-бітіміне, ой-өрісіне орай сөйлетуінен көрінеді. Сондықтан мағыналы диалог, кейіпкерді сөйлестіре білу шеберлігі – әдеби шығармада халықтық тіл байлығын мол пайдаланып, орнымен қолданудың ұтымды тәсілдерінің бірі [1, 158 б].

Диалог - қос бағыттағы коммуникативті процесс, диалогтың әр қатысушысы субъект және сол мезетте диалог әрекетінде объектісі де болып табылады. Диалогтың басты белгісі сөйлеуші мен тыңдаушы кезегі ауысып отырады. Сөйлесім мен тыңдалым кезегінің ауысып отыруы американдық диалог теориясында басты болып табылады. Көркем диалогқа жай диалогтағы автор тәжірибесі де кіреді [2].

Жоғарыда келтірілген мысалдардан өзге тіл ғылымдарында көркем диалогтың сан-салалы қолданыс үлгілері бар екенін, олардың кейіпкер мінезін таныту, даралауда қаламгер шеберлігін көрсететінін, құрылым ерекшелігіне байланысты көркемдік құралды әрқилы қолдануын көреміз.

Әр жазушы өз мүмкіндігі – шеберлігіне байланысты кейіпкерді сомдаудың түрлі әдіс-амалдарын қолданатыны белгілі. Соған байланысты кейіпкер тілін даралау, характер таныту ерекшелігі де әр жазушыда түрліше көрінеді. Соның ішінде кейіпкердің төл сөзі – монолог пен өзге кейіпкерлермен қарым-қатынасқа түскен кезінде ішкі ой-толғаныстарының оның тілінде (сөзінде) көрініс табуы, яки диалог тәсілі адам тұлғасын танытуда қолданылатын бейнелеу құралдарының ішінде (портрет, мінездеме, т.б.) ерекше орын алады. Басқа көркемдік амал-тәсілдердің барлығы да негізінен кейіпкер туралы тек жанама түсінік береді.

«Әуезов диалогтарының психологиялық қуаты мол, олар персонаж ойы мен сезім қозғалыстарын бедерлейді. Кейіпкер сөзі дараланған, характерге сай және сонымен бірге нақты бір жағдайда көңіл-күйлер сипатын береді. Диалогтар қаһармандардың әр алуан көзқарасын, өмір құбылыстарына деген әр басқа қарым-қатынастарын танытады» [3, 80 б]. XIX ғасырдағы қыр өміріндегі сөздің ұлы күшін шын мәнінде көрсете білуде зергер суреткер өз драматургиясында кеңінен байқалған лаконизм және орасан шешендік сапаларын мінез, дүниетаным сипаттарын даралап ашуға қас шеберлікпен пайдаланады. Ғ. Мүсірепов творчествосында диалогтың икемділігі, психологиялық мақсаттарға арнайы құрылуы басым көрінгенін білеміз. Қаламгерді ерекшелейтін – «диалог-деталь» Ғ. Мүсірепов прозасындағы Бейімбет Майлин дәстүрінің терең іздерін танытады. Шағын жанрларда, тіпті «...уақиғаның басталуы, шиеленісіп, дамуы, шарықтау шегі, шешілісін» [4, 34 б] толық ашып беретін диалогтың қарапайым шаруа, шолақ белсенді, аяр болыс, кісімсінген оқығанның жан әлемі, характер құбылыстарын тапқыр, нақты репликаларымен нанымды суреттейтінін білеміз. Б. Майлин замандастары өмір сүрген дәуірді бейнелейтін Ғабиден Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында адамдар психологиясын тап басатын, юморлық мәні айқын тілдесу сәттері жиі кездеседі. Әрине, бұл суреткердің жоғарыдағы принциптік бағдарды жеке творчестволық, стильдік оқшаулықпен дамыта түскені, кемеліне

келтіргені күмән тудырмаса керек. Үйрену, үндесу шақтары қай қаламгердің болмасын көркемдік әлемін байытып отырады даусыз.

С. Мұқанов кейіпкерлердің бір-біріне деген түрліше көзқарасын айқындауда кейде жалаң пайымдаудан гөрі оны басқа кейіпкердің сөзі, ойы арқылы беру тәсілін де жиі қолданады. Себебі, «тіл – адамдық мінез-құлықтың бір түрі, ал адамдық мінез-құлық – психологиялық және әлеуметтік факт болып табылады» [5, 17-58 бб] емес пе!

«Асқар «заттар табылды» деп сүйінші сұраудан бұрын Шербанидзе бұндай сұрау берсе, Итбай жамандай жөнелген болар еді; сүйінші қуанып сұраған сияктанған Асқарды жамандауға қимай:

– Жаман жігіт емес, - деді ол.

– Ә, солай ма? Бірақ өзін байларды жек көреді, кедейді жақсы көреді дейді ғой.

– Ондайы бар, - деді Итбай, Шербанидzenің ол сөзіне мән бермей» [6, 182 б].

Романдағы осындай қосымша мәлімет беретін кейіпкерлердің шағын тілдесулерін Ғ. Мүсірепов шығармаларында кездесетін диалогтарға ұқсатып, біз Итбай мен Шербанидzenің шағын диалогын *диалог-деталь* деп атадық.

Бір жағынан, Асқар мен Итбай ешқашан ашықтан-ашық сөзге тіреліп қасарыспағандықтан, екінші жағынан, Асқар әзірше өзіне керек адам болғандықтан, олардың таптық мүдделері екі басқа болғанына қарамастан, іштей Итбай оны сыйлайтын. Бірақ олардың ойлары, дүниетаным-көзқарастары алшақ, бір нүктеден шықпайтындықтан, Асқар мен Итбайды тіпті келіспейтін екі антипод деуге болады. Асқардың сенетіні мемлекеттік заң, ұждандық әділет болса, Итбайдың сенетіні - заң ұстаушылардың арам құлқыны, шығу тегінің «биіктігі», қалың қалтасы.

С. Мұқанов қаһарман бейнесін ашуда кейіпкер тіліне үлкен мән береді. Б. Майтанов: «Кейіпкер әрекеті мен сөзінде тамырластық болуы шарт. Еркек – әйелше, әйел – еркекше сөйлемей керек немесе ғалым – шопанша, шопан – ғалымша сөйлемей керек» [7, 262 б], - деген. Жазушы осындай талапты қатаң сақтаған. Мәселен, Итбай образын сомдауда автор кейіпкердің бір ауыз сөзінен-ақ оның дүниетаным ерекшелігін анық байқатады. Себебі, Итбайша Итбайдан басқа еш кейіпкер сөйлей алмас.

Жоғарыда келтірілген диалог үлгілері - Ғ.Мүсірепов шығармаларында кездесетін қысқа диалогтармен сарындас келген. Кейіпкерлердің бір сәттегі, яғни кездейсоқ ситуациялық жағдайдағы образын беруде жазушы қысқа түрде келген диалогтарға мол жүк артады. Айталық, Итбай мен Шербанидzenің, Асқар мен Итбай арасындағы әңгіме диалог-деталь секілді қысқа түрде қайырылып қана қоймай, Мүсірепов шығармаларында кездесетін диалогтардай еріксіз

күлкіге әкеледі. Үнемі қол астындағы адамдарды билігінің күшімен қорқытып, бағындырып отырған Итбай болыстың Асқардың өзіне жау екенін ескермей, бір сәттегі қуанышын бірге бөліскенін көрсеткен осы бір диалог үлгісі бір қарағанда Итбайдың дүние, мүлік дегенде ішер асын жерге қояр, өзгеріп сала берер екінші бір характері ашылады. Кейіпкердің бір сәттегі характерін таныту арқылы жазушы шығармадағы негізгі кейіпкерлердің образын сомдауға тырысады. Енді осындай кейіпкерлер арасындағы әңгімені астарлы суреттеу арқылы берілген диалогтарды Ғ. Мүсіреповтің өз шығармаларынан келтірейік:

« – Жеңеше-жан, шыныңызды айтыңызшы, көзім не жайда? - дегенмін.

– Қарағым-ау, оның несін сұрайсың... Көзің жайнап тұр! - деді мүдірместен.

– Соқыр болып қалған жоқпын ба, әйтеуір?

– Жоқ, жоқ!... Көрмей қалғаның рас. Ұзамай көретін боласың...

– Бет-аузым не жайда?

– О, бет-аузыңда елеулі еш нәрсе де жоқ. Ақ мрамордай бұрынғы қалпыңда...

– Шашым ше?...

– Шашыңды алдырып тастауға тура келді. Оп-оңай өсіп кететін шашты қойшы, тәңірі...» [8, 268 б].

Бұл келтірген диалог үлгісі Ғ.Мүсіреповтің «Жапон балладасындағы» «Көздің әңгімесінен». Екі кейіпкер арасындағы диалогтан дәрігер мен сырқат адам арасындағы күлкілі жағдай көзге түседі. Осындай астарлы күлкі арқылы жазушы көп жағдайда тұтас кейіпкерлер бейнесін көз алдымызға алып келеді. Бір-біріне деген ешқандай жауластығы жоқ, тірліктегі аңғал адамдардың кейпін танытуда жазушы диалогтық әдісті тиімді қолданған. Мұндағы жағдай Итбай мен Асқар арасындағы әңгімеден тіпті бөлек. Бір-біріне жау адамдарды бір диалог үстінде бір сәтке түсіністікке алып келіп, кейіпкер характерінің бір қыры ашылып жатса, бұл С. Мұқановтың диалогты қолданудағы жазушылық шеберлігін көрсетеді. Бір құрылымдағы диалог болғанымен, бір мақсаттағы, яғни характер танытуда екі қаламгердің диалогты қолдану әдісінің әрқилы келетіндігін жоғарыда келтірген диалог үлгілері дәлелдейді. Бұдан әр қаламгердің көркемдік тәсіл – диалогты қолдану ерекшелігі жазушылық шеберлігіне байланысты болатындығы шығады.

Диалог кейіпкерлердің мінез-құлқындағы ерекшеліктерін аша тұра, жан дүниесіне терең бойлап, сезім пернелерінің нәзік құрылысын зерттеуге де мол мүмкіндік береді. Мысалы, Петербур қаласына аттанар алдындағы Асқар мен Сағит әңгімелесуінде (диалогында) екі кейіпкердің де қоштасар кезде бір-біріне айта алмай, тұрып қалған сәтінен олардың жан дүниелерін кернеп алған қимастық сезімнің

ұшқындары байқалады.

« – Бірдеме айтайын деп пе едің? - деді Асқар.

Сағиттің бетіне қараса, көзінде жас іркіліп тұр екен.

– Біреу тиді ме?

Сағит солқылдап жылады.

– Неге жылайсың, айт маған?

Сағиттің даусы дірілдеп, айтайын деген сөзіне аузы келмеді.

– Сен сондай осал ма едің? - деді Асқар, балаға қайрат бергісі кеп,
– мен сені мықты деп жүрсем! Мынауың не, жаман, жасық балаша жылап тұрғаның! Ер жігіт болатын бала жыламайды. Жылама, жаман балаға ұқсап!» [6, 139 б].

Кейде бірден көзге ілінбейтін, функционалдық жүгі аса ауыр емес ұсақ *диалог-детальдардың* өзі кейіпкер мінезін ашуда, психологиялық жай-күйін суреттеуде елеулі рөл атқаратынын байқай аламыз. Сағит қобалжып қалған сәтінде мұғалім-ағасына «кетпеңізші» не «мен сізді сағынамын» деп айта алмаған шығар... Жазушы осы туралы ойлануды оқырманның өзіне тапсырады. Диалогта Асқардың сұраулы сөйлем түрінде келетін репликаларының астарында баланың тағдыры үшін шынайы уайымға толы ой-толғаулары жатса, лепті сөйлемдермен ол Сағитті жігерлендіріп, балаға қуат беріп, шәкірт болашағына зор сенім білдіреді. Ұстаз тек білім беруші, үйретуші, тәрбиелеуші ғана емес, ол әр шәкіртінің жан дүниесінде болып жатқан өзгерістерді бір көзқарастан сезе алатын психолог болуы қажет. Асқар болмысынан мұғалім болу үшін жаралған адам сияқты, себебі оның бойында ұстазға лайық қасиеттердің бәрі бар. Осы диалогтан Асқар мінезіндегі кең пейілділігі, мейірімділігі, шыншылдығы, дарқандылығы анық көрінеді. Жазушы жақсы қасиеттерді негізгі кейіпкер тұлғасына дарыту арқылы Асқар бейнесін оқырманына тартымды етеді.

Сөз басында диалог - деталь туралы айтқанда бұл түрдің Ғ. Мүсірепов шығармаларында көптеп кездесетіндігі, диалогтардың негізгі бөлігін осы түрі алатындығы айтылған. Диалог – детальдің қысқа құрылымда келетіні белгілі. Ал жазушы Ғ. Мүсірепов - қысқа жазудың қас шебері. Мүсіреповке тән диалогтың осы түрін қаламгердің өз шығармасынан іздеп көрелік.

« – Менің шешем бар еді, қарындасым бар еді... Солармен хабарласуға болар ма екен?

– Фамилияң кім?... Қай көшеде тұрушы едіңдер?

– «Жазғы таң» кварталында...

– Ол квартал қазір жоқ, күнім...

– Шешем орталық бақшада қызмет ететін еді...

– Орталық бақшаның орны ғана бар, күнім... Ал, енді демал, үн шығарма...

Доктор дұрыс айтыпты, үн шығармау керек екен... Қорланған ел

аяншақтап, қайғы сарынын корек етіп отыра берсе, сары ауру болудан басқа не шығады дейсің!... » [8, 265 б].

Бұл келтірілген диалог үлгісі - Ғ. Мүсіреповтің «Жапон балладасындағы» «Арқаның әңгімесінен». Автор осы әңгімеде екі кейіпкерді сөйлестіру арқылы жалпы заман шындығынан хабар береді. Бір қарағанда дәрігер (доктор) мен ауру адам арасындағы күнделікті кездесуде айтылатын жай сұрастыру әңгімелер секілді. Бірақ сөйлем соңында көп нүктенің қойылуы осы әңгімені басқа жағынан аңғартады. Дәрігер мен сырқат адам арасындағы осы шағын диалогтан сұрастыру әңгімелерінің ар жағында үлкен бір ойдың ұшқыны жатқаны сезіледі. Жазушы оны дәрігердің соңғы сөзі арқылы көрсеткендей және онымен шектелмей, айтар ойының қорытындысын авторлық баяндау арқылы берген. Міне, шағын ғана диалог-детальдың да айтары көп, өмір шындығын танытуда атқаратын қызметі де ұшан-теңіз екенін Ғ.Мүсіреповтің диалог-деталі дәлелдеп бергендей. Бұл - Мүсіреповтің өз шығармасында көрініс тапқан диалог үлгісі. Біз жоғарыда осы *диалог-детальдің* С. Мұқановтың «Ботагөз» романында кездескен үлгісін көрсеткенбіз. Қос жазушының осы бір диалог үлгісін әр түрлі мақсатта қолданғандары, жазушылық шеберлігіне қарай құбылта, құлпырта суреттегендерін жоғарыда келтірілген екі диалог үлгісінен айқын аңғарамыз.

Диалогта кейіпкердің шынайы ойы, алған бетбұрысы айқын көрініп, оның жан дүниесіндегі болып жатқан құбылыстардан сыр түюге мүмкіндік береді.

Жазушы туындыларында қолданыс тапқан диалог-деталь үлгілері өзіндік қолданыс ерекшелігімен дараланады. Әр жазушы өзіндік жазушылық шеберлігіне қарай құбылтып қолданатын диалог үлгілерінің қай түрін алсақ та, талданған диалог үлгілері С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің диалог-детальды қолдану арналарының кеңдігін, өзіндік дара жазушылық стилі ерекшеліктерін танытады. Қысқа формада құрылып, шығармада күрделі де маңызды қызмет атқаратын диалог-деталь құру асқан шеберлікті қажет етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна, 2005. – 576 б.
2. Hess – Luttich E. *Per Literarische Dialog als Gegenstand empirischer text – wissenschaft.* // *Literatur und Konversation.* Wiesbaden, 1980. S 5-22.
3. Ахметов З. Роман-эпопея Мухтара Ауезова. – Алматы: Санат, 1997. – 288 с.
4. Наурызбаев Б. Қазақ прозасындағы Б. Майлин дәстүрі. – Алматы: Ғылым, 1979. – 180 б.
5. Лизунова Е. Мастерство М. Ауезова. – Алматы: Жазушы, 1968. – 286 с.
6. Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: Жазушы, 1989. – 480 б.

7. Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. Зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.

8. Мүсірепов Ғ. Көп томдық шығармалар жинағы. Бірінші том. Әңгімелер. Құрастырған: Нарымбетов Ә. – Алматы: Жазушы, 2002. – 288 б.

В статье рассматривается диалог-деталь как художественный способ раскрытия характеров персонажей в романах С. Муканова и Г.Мусрепова.

In this article are considered dialogue-detale in the novels S.Mukanov and G.Musrepov in discovering the image of a character.

ӘОЖ 811.512.122' 42

*Касенов Е.С.- ф.ғ.к., оқытушы,
Абай атындағы ҚазҰПУ*

І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТІЛІК ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚАТЫСЫМДЫҚ МӘНІ

Тіл - қоғам өмірінің барлық саласына қызмет ететін болғандықтан, қоғам өміріндегі өзгерістер тілге де әсерін тигізеді, белгілі мөлшерде ізін, таңбасын қалдырады. Ал белгілі бір кезеңде өмір сүрген қаламгер тіліндегі тілдік бірліктерде бүтін бір этносқа тән тілдік ерекшеліктердің таңбасы сақталады және олардың мән-мағынасын айқындауға мүмкіндік береді. Этностың көрсеткіші болып табылатын тілдің жалпыхалықтық әдеби тіл құрамына енбеген жергілікті сипаттағы сөздері болатыны белгілі. Әдеби тілімізде ұшыраса бермейтін мұндай сөздер тіл білімінде диалектілік лексика ретінде танылады әрі әдеби тіл үшін де, әдебиет тілі үшін де құнды қазына болып табылады.

Белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік өзгешеліктері көркем туындылардың стильдік ерекшелігіне орай еркін қолданылады. Сол себепті де көркем шығармаларда әдеби нормамен қатар ауызекі тіл элементтері де, диалектизмдер мен архаизмдер де кездесуі заңды құбылыс. Көркем туынды тілінде ұлттық тілдің өзге де элементтері (жаргон, дөрекі сөздер) кездеседі, ал онда диалектілік сөздердің орын алуы әдеби тілдің даму үдерісіне елеулі үлес қосады. Бұған ғалым Ш.Сарыбаевтың пікірі дәлел: «Жергілікті ерекшелік – әдеби тілді байытудың көзі, әдеби тілге әр кезде азды-көпті еніп отырады, әдеби қолданысқа түскеннен кейін ол диалект болудан қалады. Егер жергілікті ерекшелік (диалект сөз) көркем шығармада арнайы стильдік

мақсатта қолданылса, оны «диалектизм» деп атауға болады» [1, 37 б.]. «Әсіресе, қазіргі кездегі әдеби тілдің даму процестерін тереңірек зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған кезде, әдеби тіл мен диалектінің қарым-қатынасына зер салмай тиісті қорытынды шығару мүмкін емес» – деген диалектолог-ғалым О.Нақысбековтің пікірін ескере келе, белгілі бір аймақтағы жекелеген сөздердің поэзиялық туындыларда қолданылуын зерделеу жергілікті тілдік өзгешеліктерді әдеби тілмен сабақтастыра зерттеудің маңыздылығын арттырады [2, 10 б.].

Әдеби тіл дамуында оң ықпал ететін белгілі бір қаламгер туындыларында жергілікті тілдік ерекшеліктердің ұшырасуы ең алдымен, әр алуан көркемдік мақсат қажеттілігінен туындаған; екіншіден, сол қаламгердің туып-өскен аймағындағы халықтың тарихы, тұрмыс-тіршілігінен мағлұмат береді. «Диалектология ғылымының мүддесі, міндеті тұрғысынан алғанда әдеби шығармалар тексіндегі диалектизмдерді анықтау, құрамына қарай топтап, сипаттау қай жердегі халық тіліне тән екендігін көрсету мақсаты көзделеді» [3, 18 б.]. Осыған орай, І.Жансүгіров поэзиясында белгілі бір аймақта ғана қолданыс тапқан жергілікті сөздер мол екені байқалады. Академик Р.Сыздық: «жергілікті сөз, көне сөз, сирек сөз, жасанды сөз, т.б. сияқты қалың оқушыға бейтаныс сөздерді көркем әдебиетте қолдану – барлық әдеби тілге тән құбылыс. Бірақ олар белгілі бір мақсат көздеп қана жұмсалуға, мотивсіз қолданыстары болмауға тиіс және қайткен күнде де олардың түсінікті болуы көзделуі қажет», – дейді [4, 92 б.]. Осы пікірге сүйене айтсақ, диалектілік сөздерді шамадан орынсыз қолдану шығарманың тілін шұбарландырып, түсінбеушілікке әкеледі. Ақын шығармаларында көрініс тапқан диалектизмдерді қарастыруда негізінен екі мәселені ескеруді жөн көрдік. Ең алдымен, ақын туындыларындағы диалектизмдердің қатысымдық мәні мен ақпараттық сипаты; екіншіден, ақын қолданысындағы диалектизмдердің мағыналық өзгеріске түсу-түспеуі. Алайда ақын шығармаларындағы диалектілік бірліктер талғамға сай пайдаланылған тілдік-стильдік элементтер болып табылады. Мысалы:

Бата қып батқан күнге, туған айға,

Бейшара жүре берсін Бурабайда.

Серіні «пері» деген қалың қауым

Не ғылсын, бір мақсымды қудалай ма? – («Құлагер» поэмасынан)

деген шумақтағы «мақсым» сөзі «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде» «дін оқуындағы шәкірт» мағынасында берілген [5, 230 б.]. Ақын қолданысында бұл сөз сөздіктегі мағынаға жуық. Бірақ, мұнда «дін жолына түсу» мағынасындағы реңктік бояу басым. Жеке тұрғанда мұндай тілдік бірліктердің мағынасы түсініксіздеу болғандықтан ақпараттық мазмұнын сипаттау әлбетте қиындық туғызады. Бірақ

оларды мәнмәтінде түсіну, мағынасын ұғу аса қиын емес. Қашанда диалект сөздердің мағынасын өзге аймақтың тұрғындары тек мәтін құрамында, мәнмәтінде келгенде жақсырақ түсінері, олардың мағынасындағы ақпаратты алу мүмкіндігіне ие болары дәлелдеуді қажет етпейді.

Ақын өлең өлшемінің заңдылығын сақтау әрі көркемдік құндылығын арттыру мақсатында әдеби баламасы бола тұрса да, жергілікті тіл ерекшелігін пайдаланған. Бұл сөзімізге ақын поэзиясынан мынадай мысалдар келтіруге болады:

Шілденің шілгер ыстық мынау күні,

Желбіреп жер бетінің жеміс гүлі («Ғазизаның аузынан» өлеңінен).

Осындағы *шілгер* – мағыналық жағынан өзгеріске түспей, тек дыбыстық құрамы өзгеріске түскен диалектілік сөз. Бұл сөздің диалектологиялық сөздікте «*шілінгер ыстық*» деген нұсқасы берілген [5, 410 б.]. Оның «тым ыстық» деген мағынаны беретіндігі аталған. Ақын бұл жолдарда өлеңдегі буын санын сақтау мақсатында оларды ықшамдап алды деуге болады, бірақ ол жергілікті ерекшелікті шебер қолданылған. Сондай-ақ,

Келгін алды өлермен,

Қазақ бақты көкпекті – («*Аяныш*» өлеңінен) дегендегі «келгіннің» баламасы келімсек. Ақын шығармаларындағы бұл сөздер белгілі аймақтағы тұрғындар тілін зерделеуге, мол мағлұмат алуға септігін тигізеді.

«Көркем сөз шеберлері өзіне керекті материалды халық өмірінен, халық тілінен алатыны, оны өздерінің творчестволық елегінен өткізе отырып пайдаланатыны белгілі. Халық тілінің табиғи мүмкіншілігін ежелден қалыптасқан тілдік дәстүр негізінде меңгерген ақын-жазушылар ғана оны бұрынғысынан әрі дамыта, жаңарта, қолдану аясын кеңейте алады. Мұның өзі тілдің сымбаттылық қасиетін, икемділігін арттырумен бірге, даму процесін жетілдіруге мүмкіндік береді» [6, 31 б.]. Ақын поэзиясындағы жергілікті тіл ерекшеліктерінің эстетикалық мәні контекстегі қолданысы негізінде айқындалады және олар көп жағдайда авторлық ремаркада мол ұшырасады. Мысалы:

Жіберді ашуды ақыл шайқап-шайқап,

Монтаңдап ашу жасып берді тайқақ («*Күй*» поэмасынан).

Осындағы «монтаңдап» диалектологиялық сөздікте «монтаны болу» беріліп, «білсе де білмей тұру» деп түсіндіріледі [5, 242 б.]. Тілімізде үндемеу мағынасында жұмсала беретін «монтию» лексемасы бар. Ақын «монтаңдап» деп кейіпкер бейнесін сомдау мен ойдың әсерлі көрінісін беру үшін қолданылған. Олардың қатарында мынадай диалектілік лексемаларды атауға болады: *қау, жарналас, қобыс, сірі*.

*Зәулім-зәулім заңғар тау
Шығыс-батыс шегінде,
Лапылдақ жалын, іші қау,
От ойнақшыл тегінде («Жанар тау» өлеңінен).*

Осы өлеңдегі «қау» лексемасының диалектологиялық сөздікте төрт түрлі мағынасы түсіндіріліп берілген. Ең алдымен, қау – қоршау; екіншіден, қау – қақпа; үшіншіден – сел, су тасқыны орып кеткен жер, су арнасы: төртіншіден, қау – көп, қалың мағынасында түсіндіріледі [5, 199 б.]. Ақын қолданысындағы қау сөздіктегі «көп, қалың» мағынасымен сәйкеседі.

Жастыққа жақсы жармен жарналас бол!

Қызық сол, жарқындарым, жалғандағы («Қарындастарыма» өлеңінен). Осы жолдағы «жарналас» диалектологиялық сөздікте «жарналау» деп беріліп, оның мағынасы «бөлісу» деп түсіндірілген. [5, 113 б.].

*Жамылған жанат ішік қыз отауда,
Жұп-жуас, ілініп тұр алдаспан да.
Жалыны жанба отынның лау-лау жанып,
Мажырап үйдің ішін нұр басқанда.*

Осындағы «мажыра» сөзі «қалып, жай» мағынасында түсіндіріліп, оның таралу аймағы Қызылорда облысының Арал ауданы көрсетілген [5, 229 б.]. Бұл сөздің ақын поэзиясынан орын алуы оның өзге аймақтардағы қатынастарының нәтижесі деп қарау керек. Бұл – жергілікті ерекшеліктердің ақын тіліндегі таңбасы. «Күйші» поэмасының:

Кенеге ірге болып жатыр Дулат,

Қаройдың көңірсіген қобысында – («Күйші» поэмасынан) деп келетін жолындағы «қобыс» сөзі сөздікте «екі жағы биіктеу келген, ортасы қуыс өзек жер» деп түсіндірілген [5, 202 б.]. Ақын поэмасында «қобыс» сөздіктегі мағынадан алшақ кетпей, «сайлы мекен, жер» мағынасындағы қолданыста тұр.

Қылыштар қынға кірді еткен жалақ,

Ілінді керегеге сірі садақ («Күйші» поэмасынан).

Бұл сөз диалектологиялық сөздікте «құрт тоқитын төрт тесікті тақтайша ағаш» деп түсіндірілсе [5, 311 б.], «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: Сірі зат. 1. *Етіктің өкшесіне қойылатын қатты қалың көн.* 2. *Сын.м. ауыс. Жаны сірі.* Мықты берік, көнбіс мағыналарында түсіндірілген [7, 517-518 б.]. Бірақ осы өлең жолындағы қолданыста сірі «сірі садақ» тіркесі құрамында келіп «берік», «мықты» мағыналарында жұмсалса,

Лаба жалын жандырды,

Тас, қоқыр, тікен, сіріні, – деген жолда мүлде бөлек мағынада жұмсалған. Мұнда ұзақ уақыттар бойы жер бетінде жиналған,

қабатталған жыныс мағынасында қолданылған.

Халықтың болмысына оның өмір сүру ортасы әсер етеді. Ол этностың мәдениетінде, тұрмысында, күнделікті өмірінде көрініс табады, бұл көрініс қоршаған ортаның жағдайына қарай тілде түрліше таңбаланады. Сол аймақтағы халықтың белгілі бір зат пен құбылысқа берген тың атауы ақын өлеңдеріндегі диалектілік ерекшелік ретінде танылады. Олардың «белгілі таралу шегі, қолданылатын аймақтағы, айқын изоглассасы бар ерекшеліктерімен қатар, әр түрлі аймақтағы қазақ тілі говорларында қайталанып кездесетіндері де толып жатыр» [2, 6 б.]. Бұған ақын поэзиясында тұрмыс-тіршілікке, шаруашылыққа байланысты *мойынтұрық, самиян, тоған* тәрізді жергілікті ерекшеліктердің кездесуі дәлел.

Егіншілер сайлады

Мойынтұрық, самиян,

Ат,атан, өгіз – көлігін («Жаз құдаша» өлеңінен).

Бұл жолдағы «мойынтұрық» сөздікте «мойындырық» болып көрсетіліп, оның ақын тілінде аз-кем фонетикалық өзгерісте қолданылғанын аңғартады. Бірақ бұл сөздің мағынасы «өгіз қамыт» екені түсіндірілген. Сібір татарларының тілінде «мойдырыкъ», М.Қашқари сөздігінде «бозундурук» болып тіркеліп, салыстырмалы түрде көрсетілсе, «Самиян» сөзі диалектологиялық сөздікте «кең дала» мағынасында түсіндірілген [5, 283 б.]. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Самиян. 1) Өгіз жеккенде мойынтұрықты бекітіп қоятын жұмыр темір; 2) Жанға жайлы, салқын қоңыржай (жел, самал); 3) Ұшы-қиыры жоқ, елсіз, сусыз, кең дала» деп үш мағынасы берілген. Демек, ақын өлеңінде «өгіз жеккенде мойынтұрықты бекітіп қоятын жұмыр темір» мағынасында екендігі байқалады [7,143-144б.]. Ақынның «Жетісу суреттері» өлеңінің:

Ақырып айғай салған Көксу алып,

Жазыққа шыға келсе іркіп ағып,

Егінші ылғи дихан жалайырлар

Үлесед үй басына тоған алып – («Жетісу суреттері» өлеңінен)

деп келетін жолдарындағы «тоған» сөзі тілімізде екі түрлі мағынада жұмсалады: 1) су жинап алатын бөгет, тоспа; 2) егістік жерге су жіберетін арық. Жергілікті жерден жиналған диалектологиялық материалдарда да: 1) суға салынған кедергі, тосқауыл; 2) кеңдігі 2-3 метрдей су жіберетін үлкен арық мағынасында қолданылады [8, 69 б.].

Поэзия тіліндегі диалектілік сөздердің қолданылу сипатын сөз ету барысында, олардың мақсатты-мақсатсыз, уәжді-уәжсіз қолданылуына, өлең тақырыбына қатысы мен ақын тілінде берілу ерекшеліктеріне мән берген дұрыс. Ақын шығармаларында кездесетін *мапа (жұмсақ), мият (сүйеніш), шүйке (түтілген жүн), сірі (мықты, берік), шыралжын (өсімдік атауы), жүлгелей (жағалау, бойлау), сапыраң*

(дүрбелең), шүлен (жомарт), бадалғыр (құрғыр), мүйізгек (қатты қабыршақ, мүйізденген түйін) тәрізді сөздер сәйкесті диалектизмдер тобын құраса, *арбыз, жайнақ, көнек, төлежіп, ділгер, шілдіпірім, үйлету, қамырық, сақар, күйірке, қойқап, сирегейтін*, т.б. сөздердің әдеби тілде, басқа сөйленісте баламасы жоқ. Жеке тұрғанда олардың мағынасын түсіндіру қиындық туғызады. Бұл диалектизмдер арқылы сол аймаққа тән ақпарат беріледі және олардың мағынасындағы ақпараттың таралу шектеулілігі аумақтық ерекшеліктерге байланысты болады. Бұл сөздер сөйлем ішінде белгілі бір мағынаға ие болып тұрғанымен (фразеологиялық, диалектологиялық, этимологиялық, түсіндірме) сөздіктерге енбеген. Бұл сөздердің мағынасы тек мәтінде анықталады. Мұндай сөздер елдің өзге аумағында тұратын көпшілік қауымға түсініксіз болғандықтан, мағынасын білмегендіктен олар үшін ақпарат алмасу құралы да бола алмайды. Олай болса, диалект сөз арқылы берілетін ақпараттың таралу ауқымы да шектеулі болады. Бұл диалект сөздердің ақпарат тарату мүмкіндігінің шектеулілігін де көрсетеді. Ілияс Жансүгіров шығармаларындағы «баламасы жоқ лексемалардың семантикасында тіл мен мәдениет жақын тоғысады», сондықтан олар ұлттық мәдениеттің бір бөлшегін, яғни белгілі бір тарихи кезеңде қалыптасқан ұғымдарды бүгінге жеткізуші ретінде кумулятивтік қызметті де атқарып тұр [9, 21 б.]. Ақын тілінде осы күнгі нормамен салыстырғанда да, өткен ғасыр нормасымен алғанда да белгілі бір аймақта қолданылған сөздер ұшырасады. Ақын поэзиясында тілімізде бұрын-соңды көп кездеспеген элементтердің ұшырасуы – диалектілік ерекшеліктердің ауызекі сөйлеу тілінде ғана емес, көркем әдебиет, әсіресе поэзия тілінде де ақын шеберлігіне орай еркін қолданылатынын дәлелдейді.

Сонымен, ақын тіліндегі түрлі диалектілік сөздер қатысымдық мақсатта қолданылған және олар тіл дамуының белгілі бір кезеңінен мағлұмат береді. Ақын поэзиясында көрініс тапқан диалектілік лексиканың мағынасындағы ақпараттың таралу аумағының шектеулілігі байқалады және тілді тұтынушылардың белгілі бір бөлігінің ғана ақпарат алмасу құралы ретінде қызмет ететін қатысымдық бірлік болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2000. – 621б.
2. Нақысбеков О. Қазақ тілінің ауыспалы говоры. - Алматы: Ғылым, 1972. – 176 б.
3. Кәрімов Х. Қазақ диалектологиясы. - Алматы, 1980. – 56 б.
4. Сыздықова Р. Бүгінгі көркем проза тілі және әдеби норма // Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. - Алматы, 1986. – 205 б.
5. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1969. - 426 б.

6. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. - Алматы: Ғылым, 2002. – 200 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. - Алматы: Ғылым, 1985. - 8 т. – 591 б.
8. Есимболова М. Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2001. - 158 б.
9. Атабаева М. Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. - Алматы: Білім, 2006. - 288 б.

В данной статье рассматриваются коммуникативные особенности диалектной лексики в поэзии И.Жансугурова.

In this article considered communicative particularities dialect lexic in I.Zhansugurov's poetry.

ӘОЖ 81

Жиренов С.А. – ф. ғ.к.,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің доценті м.а.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРГЕ ҚАТЫСЫ

Қазіргі таңда терминологиялық бірліктерге қойылатын принциптердің ерекшелігі ғылыми коммуникация аспектісінде тіл білімінің өзекті мәселелерінің біріне айналды. Атап айтқанда, терминдік бірліктерге қойылатын принциптер мәселесі жалпы тіл білімі (ағылшын, неміс, француз, орыс, т.б. тілдерінің) материалдары бойынша қарастырылып, оған көптеген арнайы зерттеу еңбектері жазылды. Бұл мәселе философия, логика, текстология, тіл білімі, терминтаным, лексикография, семасиология сияқты түрлі ғылымдар негізінде зерттелінді.

Академик Ө. Айтбайұлы «Қазақ сөзі» еңбегінде: «Жалпы, термин жасау дағдысында Ахмет Байтұрсынұлы ұстанған ең басты принципті анық аңғарамыз. Оның бірі және ең негізгісі – термин жасауда қазақ сөзінің өз мүмкіндігін сарқа пайдалану. Термин жасау принципінде ана тілдің ішкі сырын жете пайдаланды дегенде де, біз А.Байтұрсынұлының өзге озық ел тілдерінің грамматикалық категориялар түзудегі тәжірибесін терең меңгергенін байқамай тұра алмаймыз», - дейді [1, 29 б.]. А.Байтұрсынұлының терминологиялық мұрасының қазақ тіл білімі ғылымының сөзжасам мүмкіншіліктерінің кең және терең көрсеткіші екенін көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының тарихында тіл білімі мәселелерін шешіп қана қоймай, нақты ғылыми, ғылыми-әдістемелік ұғымдар мен

терминдерді алып келген, солардың көпшілігін бірінші болып өзі атап, содан соң ғана ғылыми өндіріске жіберген. А.Байтұрсынұлы жасаған ғылыми терминдер қазіргі тіл білімінің талаптарына толық жауап береді, әрі терминология теориясына сәйкес жасалған деп айтуға негіз бар. Мәселен, А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер қарапайым халыққа түсінікті, сол кездегі қазақ халқының менталитеті мен дүниетанымдық әлеміне сәйкес жасалған. Жоғарыда келтірілген тұжырымдар мен мысалдардан А.Байтұрсынұлы терминжасамда бірнеше принциптерді басшылыққа алғандығын байқау қиын емес:

1. терминдер ұлт тілінің негізінде жасалып, ұлттық танымдық құбылыстармен сәйкес келуі;

2. терминдер оқырманға түсінікті және пәннің ғылыми категориясы мүмкіндігін көтеруі;

3. шет тілдерінен енген терминдерді ұлт тіліндегі баламасы табылмаған жағдайда сол қалпында қолдану және шетел терминдерін қолдану үстінде барынша анықтамалар арқылы түсіндіру;

4. терминжасамдағы бірізділіктің сақталуы, т.б.

Жалпы алғанда, А.Байтұрсынұлы - XX ғ. басындағы қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамытудың бағыт-бағдарын айқындаушы, яғни, қазақ терминологиясының тұңғыш ғылыми терминологиясының қағидаттарын жасаушылардың бірі. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін салумен қатар, сөзсіз қазақ тіл білімінің терминологиясын қалыптастырды. Оның жасаған терминдері тіл білімінің барлық салаларында қолданыс тапқан. Ғалымның ғылыми өндіріске енгізген терминдерінің осы уақытқа дейін құндылығын жоймай, қолданыста болуының бір себебі - ғалым жасаған терминдердің тілтаным сұранысына толықтай жауап бере алатындығында. Оның ғылыми еңбектері тек тілтаным саласын ғана емес ғылымның басқа да педагогика, әдебиет, философия, медицина, информатика секілді салаларында да қамтитындығы белгілі.

Сонымен қатар тіл білімі теориясын зерттеуде Н.Т.Сауранбаев еңбектерін ерекше атап өту қажет. Ғалым өз еңбегінде қазақ тілінде терминжасамның өнімді жолдары ретінде екі тәсілді көрсетеді: «біріншісі – сөзбе-сөз аудару, екіншісі – сөздің, иә сөз тіркесінің мазмұнын ғана қазақшалау» [2, 66 б.].

Термин түзуге қатысты академик Ә.Т.Қайдаров термин түзудің 11 принципін көрсетеді. Жалпы терминжасам принциптерінің ескерілуі – замана талабы, уақыт сұранысына тікелей байланысты. Академик А.Қайдаров «Қазақ тілі терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде термин түзудегі аталған принциптерді былайша санамалап көрсетеді:

1-принцип: Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің

(атрибууттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2-принцип: Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3-принцип: Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4-принцип (қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт): Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибиелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5-принцип (бұрынғы принциптің жаңаша баяндалуы): Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6-принцип: Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7-принцип (қысқартылған терминдер мен атаулар жайында): Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырып та) кеңестік интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8-принцип: Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9-принцип: Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10-принцип: Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11-принцип: Терминдер мен атауларының емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу қажет деп санамалап көрсетіп береді [3]. Ғалымның аталған принциптерін Ө.Айтбаев құптай келе, олардың

ішіндегі негізгілері деп үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, он бірінші принциптерді айтуға болатын сияқты. Басқалары - күнделікті қажеттілікке орай қатар жүргізіліп отыруға тиісті шаралар. Солардың ішінде үнемі күнделікті назарда тұратыны – өз байлығымызды сарқа пайдалану, түркі тілдерінің тәжірибесін ескеру, интертерминдерді тіл заңдылығына сәйкестендіріп қабылдау, дәстүр мен шарттылықты мойындау, атауларды қысқартып алу жайы, жазу дәстүрімізді сақтау тәрізділері. Терминжасам процесінде болып жататын ала-құлалықтардың көбі осы шарттардың ескерілмеуінен, тіл заңдылығының аяқасты етілуінен деп білеміз. Заман талабы ескерілген бұл принциптер, сөз жоқ, қазақ тілінде термин реттеуге себі тиер игі үлгі. Мұндай жаңа үрдіс қазақ тілінің қайта жасалуға тиісті емле ережелеріне енгізген жөн деп санайды [4, 60 б.].

Сонымен қатар, профессор Ө.Айтбайұлы қазақ тілінде термин жасаудың басты қағидаттарына жеті принципті ұсынады:

1. ... бірінші және ең негізгі принцип ретінде біз қазақ тілі сөз байлығын барынша сарқа пайдалану деп білеміз. Бұл үнемі айтылып келгенмен, осы принципке әлі күнге жете мән берілмей келгенін несін жасырамыз. Мұны ұстану – басты парызымыз.

2. Терминжасамда тіл байлығын сарқа пайдалану принципі сарқылған кезде екінші бір қазынаның көзі ашылады. Ол – түп негізі бір түркі тілдерінің сөз байлығы. Біз күні бүгінге дейін бұл байлығымызды да ескермей келдік. Ендеше түркі тілдері сөз байлығын сарқа пайдалану принципін естен мүлде шығаруға болмайды.

3. Қазақ тілі арнайы лексикалық құрамын байыта түсуге тиісті үшінші бір принцип, ол интернационалдық терминдерге байланысты мәселеден туындайды. Өрескел қателіктер осы интертерминдер негізінде орын алып келгені мәлім. Мұны игерудің, тілге ендірудің, қабылдаудың, біздіңше, үш түрлі жолы бар сияқты. Интертерминдердің мағынасын дәл беретін балама табу, ... сөзбе-сөз аудару, калькалау, ... қазақ тілінің заңдылығына бағындыра қабылдау.

4. Қысқарған термин жасау принципі.

5. Академик Ө.Қайдаров арнайы атап көрсетіп отырған шарттылық принципі. Термин негізінде белгілі бір қалыпқа түсіп, соны қатып ұстайтын арнайы лексикалық қабатты құрайтын болғандықтан да шарттылық болмай тұрмайды, – дей келе Ө.Айтбайұлы екі мәселені әлі принцип ретінде айқындала қоймағандығына назар аудартады:

6. Терминдер, сондай-ақ жазу принциптеріне қарай бейімделетін болғандықтан, олардың тағдыры емле ережелеріне де байланысты.

7. Бұл шараның бәріне де мемлекет тарапынан үздіксіз

қамқорлық қажет-ақ... негізгі принциптер қатарына қосса да қоспаса да болады деп есептейміз, – дегенді айтады [5, 121 б.].

Соңғы кезде қолданысқа енгізіліп, жалпы халыққа ұсынылып жүрген терминдерде біраз кемшіліктер мен олқылықтар бола тұра, жалпы терминжасамда Ш.Құрманбайұлы ұсынған: терминдерді барынша өз тілімізден алу, бірізділік, бірмағыналылық, жүйелілік, стандарттау, т.б. қағидаттарды ұстануға деген талап бірден байқалады. Қазіргі қазақ тілі терминологиясы жылдан-жылға дамуының нәтижесінде күрделене түскенінін байқаймыз. Дегенмен, ғалымдар арасында екі түрлі пікір қалыптасқан. Бірі – термин атаулының бәрін ұлт тіліне аудару қажет десе, екіншісі – халықаралық терминдерді аудармай, сол қалпында қабылдауды ұсынады. 2000 жылы ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекітуімен ғылымның барлық салаларын қамтитын «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктегі» (31 томдық) әр терминге ұлт тілінің негізінде терезесі тең балама табу, қиюы келмейтін реттерде халықаралық қолданыстағы атауларды ұлт тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіріп алуды негіздейді. Терминология ғылымының барлық салаларында да зерттеу жұмыстары жүргізіліп, сөздіктер жасалып, терминдер әртүрлі жолдармен жасалынууда. Соның ішінде лингвистикалық терминдердің дамуы жүйеленіп, талданып тұрақтана бастағанын байқауға болады [6].

Терминологтердің қазіргі терминологияда қолданатын ұстанымдары жоғарыда айтылған мәселелерге сәйкес келеді. Ал ондағы көрсетілген шарттарға сүйене отырып, қандай да болмасын терминнің қолданысы мен болмысына қойылатын талаптар жай сөздерге қарағанда қатаңырақ болатындығын байқауға болады.

Ш.Құрманбайұлы термин табиғатына көптеген қойылатын талаптардың ішінен негізгілері деп төмендегі жеті белгісін көрсетеді:

1. терминнің бір мағыналылығы;
2. термин мағынасының дәлдігі;
3. терминнің қысқалығы мен ықшамдылығы;
4. терминнің тілдегі сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі;
5. терминнің туынды сөз жасауға қолайлы болуы;
6. терминде эмоционалдылық пен экспрессиялықтың болмауы;
7. эстетикалық талаптарға сай келуі (құлаққа жағымды болуы, жаргон, арго сөздерінің термин ретінде таңдалмағаны жөн) [7, 58-62 бб.].

Ал аталған талаптар жалпы терминдік бірліктермен қатар, лингвистикалық терминжасамдағы терминдердің де осы талаптарға сай жасалуы қарастырылууда. Лингвистикалық терминдерге келер болсақ бұндай талаптарға грек, латын, француз, орыс тілдері негізінде жасалған терминдер мен терминдік белгілерді үлгі ретінде қабылдау

әлдеқашан басшылыққа алынып лингвистикалық терминдер қалыптасып орнығып қалғандығын байқау қиын емес.

Жалпы термин тілдік қолданысқа еніп, ғылыми кеңістіктен орын табу үшін бірнеше процестерден өтіп барып терминологиялық өріске енеді. Термин деп танылған бірлік тілдік қолданысқа терминологиялық сөздіктер, оқулықтар, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б арқылы көпшілікке ұсынылады, яғни терминологиялық өріс айналымына түседі. Осы кезде терминнің қолданысқа кеңінен енуі немесе енбеуі анықталады. Ондағы терминді тану мен анықтау мәселесі көпшіліктің құзырында болады. Яғни, термин – терминжасамның өріс айналымынан орын тапса ғана термин деп танылып, қалыптасып кетеді.

Терминологиядағы термин жасаудың бірден-бір көзі – аударма. Терминологиядағы термин жасау - өте күрделі мәселе. Ол негізінен тілдегі сөзжасам процесінің аясына енеді. Сөзжасам процесінде, оның ішінде терминжасам барысындағы негізгі тірек, басты материал – ұлт тілінің сөз байлығы. Өзге тілден енген терминдердің баламасы табылмаған жағдайда аударма ісі арқылы ұлт тілінің материалдарынан балама іздеу қажет болады. Ұлт тілінің материалдары негізінде аударма процесін пайдаланып, терминжасау мүмкіншілігін пайдалану қажет. Аударманың осындай ішкі өз мүмкіндігі терминжасам процесіне тікелей қатысты болады. Ш.Біләлов терминді аударуға байланысты қойылатын бірнеше талаптарды атап көрсеткен.

1. тілдер арасында мәнді сәйкестік;
2. аудармада үндестік заңының сақталуы;
3. мағынасының дәл бейнеленуі;
4. жүйелі сөз құрылымы;
5. қисынды сөздік байланыстар;
6. ұлттық нақышта көрінген сөз өрнектер [8, 122 б.].

Қазақ тілінде терминдерді басқа тілдерден аудару кезінде көптеген қиыншылықтар кездесетіні белгілі. Терминжасамның ішкі лексикалық көздеріне грамматикалық және лексикалық сөздері арқылы жасалған терминдік қатарлар жатады және олардың өздері бірнеше топқа:

- 1.кәсіби сөздер;
- 2.көне (архаизм) сөздер;
- 3.диалект сөздер;

4. көнетүркілік сөздер болып бөлінеді, олардың морфологиялық қатары: етістік мәнді, заттық мәнді болып екі топқа бөлінеді [9, 46 б.].

Терминология ғылымындағы жоғарыда көрсетілген принциптерден лингвистикалық терминдердің жасалуы алшақ емес. Ұлттық тілдің негізіндегі жасалған лингвистикалық терминдерге сөйлем мүшелері: *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш*,

нысықтауыш, т.б. жатқызуға болады. Қазіргі уақытта қазақ тіл білімі жаңаша бағытта, ауқымды түрде дамып келеді. Осыған сәйкес тіл білімінің жаңа салалары жаңа терминдік бірліктерді өндіріске енгізіп, терминологиялық өрістің аясын кеңейтуде. Тіл біліміндегі жаңа бағыттар: лингвокогнитология, ономазиология, социоллингвистика, этнолингвистика, психоллингвистика, т.б. салалары жаңа терминдерді тудыруда. Мұндай терминдер қазақ тілінде жоғарыда аталған принциптер негізінде тілімізде қолданылып қалыптасуда. Терминология саласында жоғарыда көрсетілген принциптерді басшылыққа алудың маңызы зор. Ұлттық терминдерді мейлінше ұлт тілінің негізінде жатық әрі мәнді етіп қолдану үшін аталған принциптердің негізіне сүйену арқылы ғылым тілін ұлт тілінде жасауға болады. Терминдік жүйеде бұрыннан қалыптасып, тілде кең орын алған халықаралық терминдер саны лингвистикалық терминдер арасында да басым. Алайда олардың барлығын аударма тәсілі арқылы ұлт тіліне бейімдеудің өзінде шарттылықтың болғаны дұрыс. Себебі, халықаралық терминдік бірліктерді жаппай аудару біршама жағдайда қажет емес. Өйткені әлемдік лингвистиканың деңгейіне қазақ тіл білімін көтеретін болсақ, халықаралық терминдердің де қолданыста жүруін заңды деп тану қажет.

Ө.Айтбаев қазақ тілінде терминдік қорды жетілдірудің негізгі 3 бағыттағы жолын қарастырады: 1) өз сөздік құрамымыздың ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалана алатын ұлттық тіл жасау; 2) дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілін пайдалану; 3) дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін халықаралық терминдерді, орыс тілі немесе өзге тілдер арқылы енген кірме терминдерді пайдалану [10,153б.]. А.А.Реформатский терминдердің экспрессивті мағынасынан қашу үшін терминге қойылатын талаптарды сақтай отырып, терминдерді дәл тұлғасымен беріп, нақтылай түсу үшін мүмкіндігінше интернационалдық терминдер болып саналатын грек, латын тілдерінің материалдарын көбірек пайдаланып, термин ретінде қалыптастыру қолайлы деген тұжырым айтады [11, 46-54 бб].

Лингвистикалық терминдердің жасалуына қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың пікір-көзқарастарын қорытындылай келе, лингвистикалық терминдер табиғатына тән мынадай негізгі белгілерді атап, тұжырым жасауға болады. Сонымен лингвистикалық терминдер:

- тілдегі терминологиялық қордың бір бөлігі;
- лингвистика ғылымының әлеуетін көрсететін бірлік;
- құрамы түбір, туынды, күрделі (тіркесті) тұлғалар арқылы жасалады;
- тіл білімінің негізгі терминологиялық жүйесін құрайды;
- сан жағынан шектеулі;

- мағынасы сала мамандарымен қатар, көпшілікке түсінікті жалпыхалықтық сипатқа ие;
- қолданылу жиілігі жоғары;
- әмбебаптық сипатқа ие, қоғам өмірінің түрлі салаларында қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
2. Сауранбаев Н.Т. Қазақ тіл білімінің проблемалары. - Алматы: Ғылым. 1982. – 352 б.
3. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. –Алматы: Рауан, 1993. - 43 б.
4. Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2007. -624 б.
5. Қайдаров Ә., Айтбаев Ө. Тіл майданы, мақалалар. толғаулар, сұхбаттар. Алматы, Арыс, 2000, 318 б.
6. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік: Әдебиет және лингвистика. - Алматы: Рауан, 2000. 27том. – 288 б.
7. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Алматы: Атлас, 2006. – 244 б.
8. Біләлов Ш.А. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. - Алматы, Теориялық және қолданбалы математика институты. 1996. – 426 б.
9. Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе.- Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
10. Айтбайұлы Ө.А. Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы, 1988.- 208 б.
11. Реформатский А.А. Что такое термин и терминология?// Вопросы терминологии. – М.: Наука, 1961. С. 46-54.

В статье всесторонне рассматриваются вопросы об отношении лингвистических терминов к терминологическим принципам, а также говорится о том, что особенности принципов, предъявляемых к терминологическим единицам в настоящее время являются также актуальной проблемой в языкознании в аспекте научной коммуникации.

In article questions on the relation of linguistic terms to terminological principles are comprehensively considered, and also is said that features of the principles shown to terminological units now are also an actual problem in linguistics in aspect of scientific communications.

ӘОЖ 811.512.122'373.62

*Ахметова А.А.- аға оқытушы,
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана қ.*

ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ РАДИОТЕХНИКА САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ

Тіліміздегі жаратылыстану ғылымдарының ішінде энергетика және радиоэлектроника салалары әлі күнге дейін қалыптасу кезеңін бастан өткізіп, даму үстінде. «Энергетика» энергияның әр алуан түрлерін өндіру, пайдалану, түрлендіру, тасымалдау мәселелерін зерттейтін ғылым болса, «радиоэлектроника» - хабар беру және қабылдау үшін электромагниттік өріс энергиясын пайдалану мәселелерін қарастыратын ғылым мен техниканың саласы. Бұл екі ғылым бір-бірімен тығыз байланысты.

Кез келген ғылым саласындағы аударма терминдеріндегі кемшілік – бастапқы балама терминдердің дұрыс алынбауы, термин жасауда белгілі бір ұстанымдардың болмауы. Бұл кемшіліктер қазіргі кезде қазақ тіліндегі осы энергетика мен радиоэлектроника салаларына қатысты терминдерге толық талдау жасап, оның тілімізге енуі, қолданыла бастау кезеңдері мен тілімізде қалыптасуы, дамуы сияқты жеке мәселелерге жан-жақты тоқталып алуды қажет етеді. Осы бағыттағы қажетті шаралардың бірі – аталған салаларды қамтитын терминдерді саралап, ғылым талабына сай жетілдіру.

Ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30 жылдары жарық көргені белгілі. Н. Қаратышқанұлының «Пән сөздері» бірнеше арнаулы салалардың терминдерін қамтыған бірінші терминологиялық сөздік ретінде көрсетіліп жүр. Сөздікте «Қазағыстан оқу кемесеретінің білім ордасы қабылдаған пән сөздері» қамтылып, 10 000 дана таралыммен 1927 жылы Қызылордада басылып шыққан. Көлемі - 128 бет. Бұл сөздік кейінгі жылдары (2004 ж.) қайта жарық көрді. Яғни, сөздікті араб графикасынан қазіргі әліпбиге түсіріп, қайта басып шығарушылар Ш.Құрманбайұлы және О.Жұбаева болды. Бұл сөздік өз уақытының талабына, терминологияның даму үрдісіне сай жасалған. Сөздіктің ең басты ерекшеліктерінің бірі – оның ғылымның бір ғана саласына арналып жасалмағандығы. Онда 20-жылдардағы ғылымның сан түрлі салаларына қатысты терминдер кездесіп отырады. Бірақ олар жеке-жеке (мысалы, физика, математика терминдері, т.б.) көрсетілмей, тек алфавит түрінде берілген.

«Пән сөздерінде» қамтылған терминдердің басым көпшілігінің ұлт тілінде жасалғандығы назар аудартады. Онда қамтылған терминдердің басым көпшілігі, нақтырақ айтқанда 98 пайызға

жуығы, ұлт тілінде қолданыс тапқан. Сөздікте қамтылған көптеген атаулар сол кезден бастап тілдік қолданысымызға еніп, ұлт тілінде жасалған терминқорымызды байытты. Мысалы, алқа (коллегия), қаулы (постановление), тергеуші (следователь), нұсқау (инструкция), көшірме (выписка), т.б. Бұл терминдер сәтті жасалған терминдер ретінде қазіргі кезде де қолданылып жүр. Және сөздікте табтау (классификация), кенеге (журнал), нобай (конспект) сияқты сәтті жасала қоймаған терминдер де кездеседі.

Сөздікте өзге тілдерден (негізінен Еуропа халықтарының тілдерінен) қабылданған терминдер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп алынған. Мысалы, канал (канал), карантин (карантин), әкті (акт), депозет (депозит), пыланет (планета), ұстап (устав), қарауыл (караул), иот (иод), понтан (фонтан), т.б.

Н. Қаратышқанұлының сөздігінде берілген кеңсе (канцелярия), әдіс (метод), бәсеке (конкуренция), несие (кредит) сияқты атаулар қазір еш өзгеріссіз қолданылып келсе, қостабан (трапедия), қашақ (дезертир), желдік (парус) сияқты терминдер 30-жылдардан бастап мүлдем қолданылмай кеткен.

«Пән сөздеріндегі» терминдерге талдау жасай келе, сөздіктегі сол кезеңде қабылданған біздің зерттеп отырған салаларымызға қатысты терминдерге тоқталып өтейік.

Басқа тілдің сөздерін қазақ тілінің дыбыстау заңдылықтарына сәйкестендіріп айтып, жазып қабылдаған терминдер: *ампер–ампір, амперметр–ампір метір, атом –атым, барометр–барометір, вольт–бөлт, вольтметр–бөлт метір, газ – газ, инженер–енженер, катод–катот, манометр–манометір, гальвонометр–галбанметр*, т.б.

Сөздіктегі қазір тілімізде еш өзгеріссіз сол қалпында қолданылатын терминдер: *величина – шама, проводник – өткізгіш, сила – күш, упругость – серпімділік, движение – қозғалыс, свет – жарық, скорость – жылдамдық*, т.б.

Сөздікте кездескен кейбір терминдер *қысу (давление) қазір қысым, сыйым (емкость) сыйымдылық, тербелу (колебание) тербеліс, үйкеу (трение) үйкеліс* терминдерінің баламасы ретінде мағыналық, тұлғалық өзгерістерімен терминқорымызға қосылды.

Бірқатар терминдер *вентиляция – желдету (сөздікте дем тартар), авария – апат (зиян), атмосфера – атмосфера (ауа), воздух – ауа (әуе), изолятор – оқшаулатқыш (қоршау), ток – ток (ағын), катушка – орауыш (ұриық), конденсатор – конденсатор (қорландырғыш), сопротивление – кедергі (қарсылық)* тәрізді баламалармен алмастырылып, қазір тілімізде қолданылып келеді.

Н. Қаратышқанұлының сөздігінде біздің саламызға да қатысты сәтсіз шыққан терминдер бар. Мысалы, *внутреннее сопротивление – элементтің өз тұтқырлығы, бегущие волны – жылжыма толқын*,

изолированный проводник – қорытпа, длина волны – толқын тұрығы, свободное электричество – тартпалы электір, твердое тело – қатты зат, т.б.

Бұл жөнінде ғалым Ш.Құрманбайұлы былай дейді: «Н. Қаратышқанұлы түзген сөздікті мүлде кемшіліксіз деуден де аулақпыз. Онда терминге дәл балама тауып, ықшам сөз жасаудан гөрі *растрата – жұмсаб жоқ қылу, бомбардировка – зеңбірек астына алу, гаубица – келте зеңбірек, гейзер – ыстық бұлақ, место – кен шығатұн жер, отвертка – бетін ашқыш, бұранда кілт түрінде оның мағынасын түсіндіріп, сипаттап аудару немесе аэронавтика – қалықтама, музыка – күй, оригинал – өзі, спорт - ермек сияқты аса сәтті жасала қоймаған терминдер де ұшырасады. Мұндай кемшіліктерді сөздік түзген авторға телудің негізі жоқ, өйткені ол оқу комиссариатының білім ордасы қабылдаған атауларды жинақтап, әліпбилік тәртіпке келтіріп жүйелеуші, құрастырушы болып табылатын-ды» [1, 176].*

Сөздікте қазір тілімізде қолданылмай жүрген терминдердің ішінен іріктеп алып, қажетімізге жаратуға болатындары жоқ емес. Мысалы, радиоэлектроника саласындағы «интерференция» сөзін қазір тілімізде аудармай сол қалпында қолданып жүрміз. Бұл сөздің мағынасы түсіндірме сөздікте «сәуле, дыбыс, т.б. толқындардың түйіскенде өзара әсер ету құбылысы» деп берілген. «Пән сөздерінде» «интерференция» сөзін *толқын түйісі* деп аударған. Бұл сөз толқындардың түйіскендегі құбылысын білдірсе, оның аудармасын *толқын түйісі* деп қолдануға болады.

О. Жұбаева өз мақаласында: «XX ғасырдың басындағы сөздіктер мен бүгінгі таңдағы сөздіктерді өзара салыстыру барысында кейбір атаулардың баламасы сол кезде нақтырақ берілгенін байқауға болады. Мәселен, бүгінгі таңда *ток* күйінде беріліп жүрген сөздің баламасы «Пән сөздері» мен «Атаулар сөздігінде» *ағын* деп беріліпті. Ал орыс тілінің түсіндірме сөздігінде *ток* сөзінің мағынасы былайша сипатталған: Ток - а, (-у) 1. Течение, перемещение какой – л. жидкости, воздушной струи. Токи питательных веществ в стеблях и листьях. 2. Текущая, струящаяся жидкость или воздушная струя; поток. Кровь струится током. 3. Упорядоченное перемещение электрических зарядов в телах или в вакууме. Переменный, постоянный ток. Гальванический, электрический ток. Бить, ударить током. // электрическая энергия; электричество как источник питания промышленного или бытового объекта. Дать, отключить ток. 4. обычно мн. токи, -ов. О нервной энергии, нервном напряжении человека, воспринимаемом другими людьми. Испускать невидимые токи. Ендеше, *ток* сөзінің баламасы ретінде *ағын* сөзін алуға болады», - деп, орынды ұсыныс айтады [2, 82].

Н. Қаратышқанұлының «Пән сөздері» - ұлттық сипатта, ұлттық негізде жасалғандығымен құнды.

Одан кейінгі ғылыми құндылығын жоймаған сөздіктің бірі - 1931 жылы шыққан «Атаулар сөздігі». Бұл сөздікті 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атаулар қамтылған. Бұл сөздіктерді жасау барысында Алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдары негізге алынған.

Сөздікте кең тараған (*полигон*) терминдер енбей қалып, керісінше, өте сирек қолданылатын (*гексагон, энзим, автаркия*) терминдер енгізілген. Және де терминологияға қатысы жоқ жалпы қолданыстағы *бревно, близнецы, благо, вкус, желание, младенец, раз, удивление, меньше* сынды сөздер берілген.

Иммигрант, попугай, помещик, панихида сияқты терминологияға қатысы жоқ қажетсіз сөздер де берілген.

Дискуссия, прение, диспут, состязание сөздері, *айтыс, финансы, деньги* сөздері, *ақша, атмосфера, воздух* – *ауа түрінде*, яғни осындай түрлі ұғым атауларын бір ғана сөзбен аударған.

Бұл сөздікте де энергетика және радиоэлектроника салаларына қатысты терминдер аударуға келмейтін немесе баламасы табылмаған жағдайда «Пән сөздеріндегідей» тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендіріп алынған. Мысалы, *кинетика* – *кинетике, кабель* – *кәбіл, катод* – *кәтөд, электрометр* – *електірметр, электролиз* – *електірлиз*.

«Пән сөздерінде» терминдердің тек аудармасы көрсетілген. Ал «Атаулар сөздігінде» көпшілік терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасы қалыптаспаса да, оларды жақша ішінде көрсету арқылы аудармасымен беріп отыруға тырысқан. Мысалы, *гальванометр* – *галбанметр* (електр ағынын өлшеуіш), *амперметр* – *әмпірметр* (електр ағынының күшін көрсететін аспап), *детектор* – *детектір* (електр толқынын айыратын аспап), *барометр* – *бараметр* (ауа қысымын өлшеуіш), *гальваноскоп* – *галбаніскөп* (електр ағынының бар-жоғын айырғыш), *кабель* – *кәбіл* (електр өткізгіш).

Сөздікте кездесетін *мощность* - *әлі, мощный* - *әлді, энергия* - *қуат, масса* - *маңыз* сияқты терминдердің аудармалары сәтсіз жасалып, қазіргі аудармаларынан мүлдем алшақ. Керісінше, «Пән сөзіндегі» *вентиляция* термині *дем тартар* деп аударылып, қазіргі аудармадан мүлдем алшақ болса, «Атаулар сөздігінде» бұл термин *желдеткіш* деп аударылған. Яғни қазіргі аудармаға жақын келеді.

Бұл екі сөздікте кездесетін кейбір бірдей терминдер әртүрлі аударылған немесе аудармаларында дыбыстық өзгерістер мен жазылуында ерекшеліктер кездеседі.

Орысша нұсқасы	«Пән сөздері»	«Атаулар сөздігі»
авария	зиян	абарие (науыт)
ампер	эмпір	эмпір
амперметр	эмпір метір	эмпірметр
анод	анод	анот
атом	атым	атым
барометр	барометір	бараметр
воздух	әуе	ауа
вольтметр	бөлт метр	бөлтметр
гальвонометр	галбанметр	гәлбанметр
вентиляция	дем тартар	желдеткіш
гальваноскоп	галбаніскоб	гәлбаніскоп
катод	катот	кәтөд

«Атаулар сөздігі» алғашқы сөздіктердің біріне жататындығына қарамастан терминологиялық сөздіктердің қызметін атқара алған. Сол кезеңдегі ғылым мен техника салаларына тән қалыптасқан терминдерді барынша қамтуға ұмтылған.

Қазақ тілінде аталған салаларға қатысты оқулықтар да осы жылдары жарық көрген деп есептейміз. 1932 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген 28 беттен тұратын «Отсыз жарық» еңбегі мен 1934 жылы осы қалада жарық көрген 88 беттен тұратын «Электрді шала білетіндерге көмекші» еңбектерін энергетика және радиоэлектроника салаларына қатысты жазылған алғашқы ғылыми әдебиеттердің бірі деуге болады.

«Отсыз жарық» кітабы электр жарығының қалай, қайдан шыққаны туралы жазылған. Тілі - жеңіл әрі жатық. Авторы – В.Житков. Еңбекте *сәуле, жарық, сым, өткізгіш, түтік, күш, білік* сияқты төл тіліміздің терминдерімен қатар, *генератор, мәгінет, электір, ось, рубильник, лампы, барабан, төк*, т.б. өзге тілдің терминдері де кездеседі. Сонымен қатар, *електірлену, қосу, орнату, өткізу, мәгінеттену, жалғастыру* сияқты етістіктер де қолданылады.

«Электрді шала білетіндерге көмекші» атты еңбектің авторы Д.И.Сахаров, аударған Талжанова деп көрсетілген. Еңбектегі терминдерді шартты түрде төмендегідей топқа бөлуге болады:

1. төл сөздерімізбен жазылған дербес терминдер: *күш (сила), қуат (напряжение), тегеурін (мощность), желі (система, цепь), оңашалау (изоляция), үйкелу (трение), тұтқырлық (сопротивление), жұмырша (катушка), ықпал (индукция), жаниу (давление).*

2. орыс тілінен алынған дара терминдер: *насос, уат (ват), киловат, бөлпірем, мөгнит, мәлекүл, әккүмүләтір, газ, генератор,*

потинник, статыр, ротыр, асинқыран, электроскоп, электірон, пөліс, кәбіл, тыраныспаматыр.

3. қазақ тілінің қосымшасын қабылдаған орыс тілді дара терминдер: *бөлттік (вольтаж), синқырандос (синхронно).*

4. төл сөздер мен кірме сөздердің тіркесуінен жасалған күрделі терминдер: *електір ағыны (ток), мәгніттік сыпат (магнетизм), Галбан өлшеуіш (гальванометр), кәбіл желісі (кабельная сеть), электір ағын қуаты (напряжение тока), ауыспалы электір ағыны (переменный ток), бөлт өлшеуіші (вольтметр).*

6. төл сөздердің тіркесуі арқылы жасалған күрделі терминдер: *өткізгіш сым (провод), қозғалу қуаты (кинетическая энергия), бәсеке тұтқырлық (удельное сопротивление), шорт жалғастыру (короткое замыкание).*

7. кірме сөздердің тіркесіп келуінен жасалған күрделі терминдер: *електір мотор, электр техникесі, кәсіпесір мәшинесі.*

Бұл аталған еңбектер XX ғасырдың басында жазылып, алғашқы аудармалардың бірі болғандықтан, терминдердің басым көпшілігі тілімізге таныс емес. Дегенмен аталған еңбектерде *кездесетін сәуле, жарық, сым, күш, желі* сияқты терминдер тілімізде сол қалпында қолданылып келеді. Сол кездің өзінде-ақ көптеген тың терминдер мен жаңа сөз тіркестері жасалды. Әрине, ол кезде қазақ тілінде термин жасаудың жүйеге келген, нақты ұстанымы қалыптаса қойған жоқ еді. Термин жасауда оның қарапайым халыққа түсінікті болу жағы басшылыққа алынғаны байқалады. Және де сол кезеңге дейін қалыптасқан сөздердің тұрақталуын сақтауға тырысқан. Осы ұстаным негізінде орыс тіліндегі және интернационалдық терминдерді аударуға талпыныс жасалғандығы байқалады.

Қорыта айтсақ, белгілі бір салаға қатысты терминдердің қалыптасып, тілімізге сіңісіп кетуіне уақыт керек. Терминология тарихындағы «Пән сөздері», «Атаулар сөздігі» сияқты сөздіктер мен алғашқы ғылыми еңбектерді бағалай отырып, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді салалық терминологиялық сөздіктер жасау ісінде ескеруіміз қажет. Ондағы мәліметтерді пайдаланып, айқындалған кемшіліктерді негізге ала отырып, қазақ терминологиясына қажеттісін алуымыз қажет. Қалыптасқан терминдердің мәнін ашып, тілімізде пайдалану үшін, бұл еңбектер аса маңызды. Ендігі негізгі мақсат - энергетика және радиоэлектроника салаларына қатысты шығарылған сөздіктерді жүйелеп, бір қалыпқа келтіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ш. Құрманбайұлы. *Алаш және терминтану.* - Алматы, 2008 ж.
2. Қазақ терминографиясының өзекті мәселелері // О.Жұбаева «XX ғасырдың басындағы терминологиялық сөздіктер және ондағы негізгі ұстанымдар». - Астана, 2004 ж.

3. Н. Қаратышқанов. Пән сөздері. Терминологиялық сөздік. - Алматы, 2004ж.(араб графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті баспаға дайындағандар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева).
4. Атаулар сөздігі. - Алматы, 2004 ж. (латын графикасынан кириллицаға көшіріп, сөздікті баспаға дайындағандар: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева).
5. Отсыз жарық. - Қызылорда. Қазақстан баспасы, 1932 ж.
6. Сахаров Д.И. Электрді шала білетіндерге көмекші. - Қызылорда. Қазақстан баспасы, 1934 ж.

В данной статье автор говорит об эпохе формирования терминов энергетики. Также автор ведет речь о первых учебниках и терминологических словарях «Пән сөздері» Н.Каратышканова и «Атаулар сөздігі», составленных в 20-30 г. прошлого века. Вместе с тем, автор в своей работе дает анализ терминам энергетики, использованным в этих учебниках.

The forming of the energy terms is examined in the article. The first Kazakh terminological dictionaries as «The Subject Words», so «The denomination dictionary» by N. Karatyshkanuly and also the first textbooks of the 20 th and 30 th years of the former century concerning energy sphere are spoken and analyzed in it.

ҒЫЛЫМИ ӨМІР

НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ

АҚПАРАТ

2011 жылдың 27 қыркүйек күні жаратылыстану-математикалық факультетінде биология және экология кафедрасының ұйымдастыруымен «**Иванов оқулары**» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Пленарлық мәжіліс отырысын М. Өтемісов атындағы БҚМУ ректоры, п.ғ.д., профессор А.С. Иманғалиев құттықтау сөз сөйлеп ашты. Пленарлық мәжілісте Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, м.ғ.к. Темиркулова Р.С., б.ғ.к., профессор М.М. Фартушина, б.ғ.д., профессор Дарбаева Т.Е., б.ғ.к., биология және экология кафедрасының меңгерушісі Кайсағалиева Г.С. баяндамалар жасады. Конференция барысында б.ғ.д., профессор В.В. Ивановтың өмірі мен еңбек жолы туралы сөз қозғалып, естеліктер айтылды. Сондай-ақ профессор В.В. Ивановтың өмірден ерте кеткен шәкірттері б.ғ.д., профессор Е.А. Ағелеуов, б.ғ.к., профессор А.З. Петренко, б.ғ.к., доцент А.Ю. Богданов туралы да естеліктер айтылды. Конференция жұмысы «Қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселелері» және «Солтүстік Каспий маңының биоалуантүрлілігі және жаратылыстану-ғылыми пәндердің оқыту әдістемесінің мәселелері» атты секциялық мәжіліс отырыстарында өз жалғасын тапты. Конференция қорытындысы бойынша осындай ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жылда өткізу және мұндай шараларға оқушыларды, студенттер мен магистранттарды көптеп тарту, конференцияның географиялық аумағын кеңейту, конференция жұмысына еліміздің батыс өңірінің оқу орындарынан студенттер мен ғалымдарды тарту туралы қаулы қабылданды.

2011 жылдың 28-29 қыркүйегінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Карлов университеті (Прага), Батыс Қазақстан облыстық ішкі саясат басқармасы, «Ақжол» ғылым және білім қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «**Қазақстандағы демографиялық ахуал: жағдайы мен келешегі**» халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Аталмыш шараға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.К.Сүлеймен, «Ақжол» ғылым және білім қоғамдық қорының президенті, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сдыков қатысты. Ал арнайы шақырылған қонақтар қатарында Карлов университетінің профессоры Т.Кучера (Прага), Карлов университетінің докторанты Ф.Төлеш (Прага), география

ғылымдарының кандидаты, М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің доценті А.Г.Махрова (Мәскеу), география ғылымдарының кандидаты, Орынбор мемлекеттік университетінің доценті Е.А.Семенов (Орынбор), география ғылымдарының кандидаты, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті С.В.Пашков болды. Конференция барысында ғалымдардың баяндамалары тыңдалып, елдегі демографиялық ахуал талқыға салынды.

2011 жылдың 19 қазаны күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Батыс Қазақстан облысының жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының ұлттық бірлікті нығайтудағы рөлі» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткізді.

Конференцияның негізгі бағыттарына Қазақстанды мекендеуші түрлі этностар тілдерінің дамуы; тіл саясаты және оны жүзеге асыру жолдары; мемлекеттік тіл және көрнекі жарнама; қазіргі қазақ терминологиясы; ономастика мәселері; ұлт және өзге ұлт мектептерінде қазақ тілін оқытудың инновациялық технологиялары; ересек аудиториялардағы қазақ тілін оқыту әдістемесі; тіл мәдениеті және қазақ тілі стилистикасы мәселелері; мемлекеттік тілде іс жүргізу және аударма мәселелері жатты. Ал конференцияның негізгі мақсаты Елбасының тапсырмасымен қолға алынған тілдің үш тұғырлығы саясаты мен мемлекеттік тіл және оның қолданыс аясын кеңейту болатын.

Конференцияға Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары С.Сүлеймен, Астана қаласынан Е.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Н.Ж.Құрман, Ақтөбе қаласынан Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы А.А.Мұсаев пен осы университеттің доценті, филология ғылымдарының кандидаты Б.Ш.Баймұқанов, Орал қаласынан Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы Т.Х.Рысқалиев, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы М.Б.Сабыр, Батыс Қазақстан облысы ішкі саясат басқармасының бөлім бастығы Ж.С.Ихсанова, Батыс Қазақстан облысы тілдерді дамыту басқармасының бөлім бастығы Ж.Ж.Ерназаров, «Ағартушы» мемлекеттік тілді оқыту орталығының директоры Б.Ө.Жексенғалиев, сонымен қатар облыс көлеміндегі жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, арнаулы орта және жалпы білім

беретін орта мектеп мұғалімдері мен студенттер қауымы, жалпы тіл жанашырлары қатысты.

Конференция төмендегі секциялар бойынша жұмыс жасады:

1.Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – тіл саясатының басты бағыты.

2.Тіл саясаты және қазақ тілі мен әдебиетінің теориялық мәселелері.

3.Қазақстандағы тілдерді оқытудың тиімді әдістемелері мен инновациялық технологиялары.

2011 жылдың 28 қазанында Батыс Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы мен М.Өтемісов атындағы БҚМУ қолдауымен «БҚО жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігі және «Технопарк «Алгоритм» ЖШС-ның ұйымдастыруымен **«Жас ғалым - 2011»** облыстық инновациялық жобалар конкурсы өтті. Дарынды және ынталы жас ғалымдарды инновацияның дамуына өз үлестерін қосуға жұмылдырып, олар ұсынған жаңа жобалардың жүзеге асуына мүмкіндіктер жасау, сондай-ақ оқушылар, студенттер арасында инновациялық ойдың жетілуіне жағдай туғызу аталмыш конкурстың мақсаттары болып саналды.

Облысымызда 2011 жылдың ақпан айында жарияланған оқушылардың, студенттердің, жас ғалымдардың арасында облыстық «Жас ғалым - 2011» инновациялық жобалар конкурсына 108 жоба тапсырылды, олардың 80-і іріктеу кезеңінен өтіп, сәйкес сертификат алып, өз жобаларын конкурс комиссиясының алдында қорғауға мүмкіндік алды. Конкурс:

1. IT технологиялар және инженерлік-конструкторлық жобалар.

2. Экология және биотехнология жобасы.

3. Әлеуметтік маңызды инновациялық жоба бағыттары бойынша өтті.

«Жас ғалым - 2011» байқауына М.Өтемісов атындағы БҚМУ, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж, Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясы, №8, 11, 22, 33 мектептер, қазақ-түрік лицейі және өзге білім ошақтарының жас ғалымдары белсене қатысты. Нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Болашақта осы жас ғалымдардың идеяларын тәжірибеге енгізу мүмкіндіктері де қарастырылатын болады.

БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

Тарих ғылымдарының кандидаты
Қожабергенова Хамида Ихсанқызы



Қымбатты Хамида Ихсанқызы!

Сізді М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы асқаралы 65 жас мерекелі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Батыс өңіріндегі Тасқала өңірі топырағынан қанат байлап ұшып, 1969-1974 жылдар аралығында іргелі оқу орындарының бірі – А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институтта білім алған Сіз ел игілігі үшін жасаған еселі еңбегіңізбен үлкен абыройға

жеткен тұлғасыз.

Еңбек жолыңызды педагогикалық институтта оқытушы болып бастап, одан кейін 1988 жылы кандидаттық диссертация қорғап, 1990 жылы жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі, 1993-1996 жылдары факультет деканы, 1996-2007 жылдар аралығында жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі, бүгінде дүниежүзі тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті қызметімен ұштастырған Сіздің ұстаздық өмір жолыңыз кейінгі толқын жастарымыздың алдында тағзым мен дәріпке ие.

Сіздің асқақ абыройыңыз бен бүгінгі таңдағы егемен еліміздің білімі мен ғылымы саласындағы жемісті еңбегіңізді қажырлы қайрат пен шебер іскерлігіңіздің заңды нәтижесі деп білеміз.

Тәуелсіз еліміздің жоғары білімін дамытуда, өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде сарқылмас жігер танытып, ғылым жолын жалғастыратын шәкірттеріңіздің көбейе беруіне тілекшіміз. Қадірлі Хамида Ихсанқызы! Сізге зор денсаулық, күш-қуат, ұзақ ғұмыр, отбасы амандығын тілейміз. Көп жылдық қажырлы еңбегіңіздің жемісін көріп, еселі еңбегіңізбен сүбелі жетістіктерге жете беріңіз.

Ізгі тілекпен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Түймеш Малбағарқызы Дәрішева



1985 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтын бітірген.

1994 жылы «орыс тілін оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша «Преемственность обучения русскому языку в 5-9 классах казахской школы (на материалах сложного предложения)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғаған. «Принцип преемственности в обучении синтаксису сложного предложения: теория и практика обучения. 5-9 классы» (2009); «Молодежная политика: системный подход» (2010) атты ғылыми еңбектері жарыққа шыққан.

1998 жылдан бері М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің жастар саясаты және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры. Түймеш Малбағарқызы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет

грамотасымен (2002ж.) және Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен (2007ж.) марапатталған.

Қымбатты Түймеш Малбағарқызы !

Сізді 50 жасқа толған мерейлі жасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз.

Қарапайым орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қадамынан басталған еңбек жолыңыз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, аға оқытушы, деканның орынбасары, проректор қызметтерімен жалғасып, бүгінгі таңда республика көлемінде ұлт болашағын тәрбиелеу мүддесіндегі ұлы істерге ұласты.

Сіз батыс өлкесіндегі әдістеме ғылымының білгір маманына айналдыңыз. Орыс тілін қазақ аудиториясында оқыту жолындағы ғылым теңізінде өз жолыңызды салдыңыз.

Сіз - көп уақыттар бойы жастар тәрбиесіне, мемлекеттік тіліміздің дамуына зор үлес қосқан өлкеміздегі айтулы тұлғалардың бірісіз.

Келер ұрпақ болашағы тек ұлтжанды азаматтарды ғана толғандыратынын ескерсек, Сіздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор қызметін адал абыроймен атқарып, жастардың құрметіне бөленіп, алғысын алуыңыз ұлт жанашыры екендігіңізді арттырып биіктете түседі деп есептейміз.

Университет ұжымы Сіздің еңбегіңізге толағай табыс, шығармашылығыңызға шырқау шабыт, отбасыңызға берекелі бақыт тілейді.

Ізгі тілекпен, М.Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы



МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

ТАРИХ - ИСТОРИЯ

Тасмагамбетов А.С.

ИЗ ИСТОРИИ РАЗВИТИЯ ПАЛОМНИЧЕСТВА МУСУЛЬМАН
КАЗАХСТАНА В МЕККУ В XIX- НАЧАЛЕ XX ВЕКОВ.....3

Ахметова Ұ.Т.

ҒАЛЫМ ХАКІМ АХМЕТЖАНҰЛЫ АХМЕТЖАНОВТЫҢ ӨМІРІ
МЕН ҚЫЗМЕТІ.....8

Нурғалиева А.М.

КОНФЕССИОНАЛЬНАЯ ПОЛИТИКА ПРАВИТЕЛЬСТВА
РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В КАЗАХСТАНЕ:
ВЫБОР МЕЖДУ ИСЛАМОМ И ХРИСТИАНСТВОМ.....14

Сүлейменова Д.Д.

АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ ҰЛДАРЫНЫҢ БІРІ –
ИСА КАШҚЫНБАЕВ.....22

Ахмет А.Қ.

РЕСПУБЛИКАДАҒЫ МҰРАҒАТТАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ-
ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ ТУРАЛЫ.....27

Исенов Ө.И.

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ «ТАРХАН» АТАУЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ.....35

Шайхиев Т.Т.

ДІНИ ТӨЗІМДІЛІК – МЕМЛЕКЕТ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ....42

Нурғалиева Ж.К.

ПРОБЛЕМЫ КОНСТРУИРОВАНИЯ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАЦИИ В
РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН.....48

Деев В.А.

НОВЫЕ ДАННЫЕ О ИСТОРИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ЛИЦЕЯ
№ 1 г. УРАЛЬСКА.....57

ПЕДАГОГИКА

Қыдыршаев А.С.

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
РИТОРИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МӘНІ.....61

Амельченко В.И., Марков П.В.

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ СПЕЦИАЛЬНЫХ
КОМПЕТЕНТНОСТЕЙ БАКАЛАВРА ГЕОГРАФИИ ПРИ ИЗУЧЕНИИ
КУРСОВ «ЭКОНОМИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ ГЕОГРАФИЯ
КАЗАХСТАНА» И «МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ГЕОГРАФИИ».....69

Бектұрғанова Ж.М.

СТИЛИСТИКАЛЫҚ ЖАТТЫҒУ:
ӨДІСТЕМЕСІ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕСІ.....79

Мұханбетқалиев Ә.С. СӨЙЛЕУ ТАБИҒАТЫ ТУРАЛЫ ТЕРЕҢ БІЛІМ – МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕШЕНДІК ШЕБЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АЛҒЫШАРТТАРЫНЫҢ БІРІ.....	86
Мұлдағалиев Б.А., Қажимова К.Р., Жангужиев М.С. ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОЛИТИКА ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА В ЭТНОКОНФЕССИОНАЛЬНОМ ВОПРОСЕ.....	92
Евстратов А. Н. «ОСТРОВ САХАЛИН» А. П. ЧЕХОВА КАК СИНТЕЗ ХУДОЖЕСТВЕННОСТИ И ПУБЛИЦИСТИКИ.....	97
Мұхамбетова Ғ.Г., Жарылғапова Д.М. КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАР КӨМЕГІМЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	108
Нұрушева Т.И., Кадырғалиева С.И. О ВИДАХ И ФОРМАХ САМООЦЕНКИ ПИСЬМЕННОЙ РАБОТЫ.....	112
Сариева Р.Д., Маденова Л.М. САПАЛЫ БІЛІМ - САНАЛЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ.....	118
Қажиахметов С.А. «ТОПЫРАҚТАНУ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ-ДАЛАЛЫҚ САРАМАНЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	121
Рахметова А.А. МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ БИ ӨНЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ.....	126

ФИЛОЛОГИЯ

Сабыр М.Б. ҚҰТЫПТЫҢ «ХҰСРАУ МЕН ШЫРЫН» ПОЭМАСЫНЫҢ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАР.....	131
Абуханова А.Г. РЕКЛАМНЫЙ ТЕКСТ: ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ ИССЛЕДОВАНИЯ.....	136
Мүтиев З., Ақболатов А. ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ СЫНШЫ ӘБІРАШ ЖӘМІШЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ДАМУ СИПАТЫ.....	146
Мұхамбетқалиева Р.Қ. ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ СӨЗ ҚАУЫЗЫН ЖАРҒАН ШЫНДЫҚ.....	150
Опря О.В. КОНЦЕПТЫ ДОМ, МУЖ, ЖЕНА В СЛОВАРЕ В.И.ДАЛЯ	157

Сұлтанғалиева Р.Б. КЕЙІПКЕР ТІЛІН ДАРАЛАУДАҒЫ ДИАЛОГ-ДЕТАЛЬДЫҢ ҚОЛДАНЫС ЕРЕКШЕЛІГІ (С. Мұқанов пен Ғ. Мүсірепов туындылары негізінде).....	164
Касенов Е.С. І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТІЛІК ЛЕКСИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚАТЫСЫМДЫҚ МӘНІ.....	170
Жиренов С.А. ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРГЕ ҚАТЫСЫ.....	176
Ахметова А.А. ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ РАДИОТЕХНИКА САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕР ТУРАЛЫ.....	184
ҒЫЛЫМИ ӨМІР - НАУЧНАЯ ЖИЗНЬ.....	191
БІЗДІҢ МЕРЕЙТОЙ - НАШИ ЮБИЛЯРЫ.....	194

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, білім мәселелері, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 бет) USB-жинағышы, CD-R дискімен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,0 интервалымен, 11 шрифтсінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканерленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, тел.), ƏОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек), түйін (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға expertтік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің expertтік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дисках CD-R, USB-накопитель (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 11, 1,0 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисуночном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (ф.и.о. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами), резюме (статьи, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском и английском языках, статьи, публикуемой на других языках – на государственном, русском и английском языках), наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается expertтной комиссией научно-технического Совета актом expertтного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫМЕН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ
ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:

Р.Р. Құжалиева

Корректоры-Корректор:

С.А. Бекқужиева

**Материалдарды
компьютерде беттеген:
Верстка и изготовление
оригинал-макета:**

Е.Е. Панова, Д.М. Тулепова,

А.Е. Павленко, Ж. А. Сарсенғалиева

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті, 2011
090000, Орал, Сарайшық көшесі, 34*

Басуға 27.09. 2011 ж. қол қойылды.
Көлемі 25 б.т. Таралымы 550 дана.
Тапсырыс № 130

Подписано в печать 27. 09. 2011 г.
Объем 25 п.л. Тираж 550 экз.
Заказ № 130

*Западно-Казахстанский государственный
университет им. М.Утемисова, 2011
090000, Уральск, ул.Сарайшик, 34*